

**Еркебалаева В.З.
Қожабеков Е.А.
Бакиров Е.А.**

КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Оқу құралы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН ИНЖЕНЕРЛІ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ХАЛЫҚТАР
ДОСТЫҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Еркебалаева В.З.,
Қожабеков Е.А.,
Бакиров Е.А.

**КӘСШОРЫН
ЭКОНОМИКАСЫ**

Оқу құралы

Шымкент, 2017

«Сардария» университеті

КІТАПХАНА

Инв. № 60202

ӘОЖ 372.8:57/59

КБЖ 74.262.8

E68

Қазақстан Инженерлі-Педагогикалық Халықтар Достығы университетінің Ғылыми Кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған (Хаттама №7 23.02.2017 ж.)

Пікір берушілер:

Қыдырова Ж.Ш. – э.ғ.к., доцент

Демеубаева А.О. – э.ғ.к., д.м.а.

E68 Еркебалаева В.З., Қожабеков Е.А., Бакиров Е.А.
Кәсіпорын экономикасы, Оқу құралы – Шымкент,
«Әлем» баспасы, 2017. – 212 бет

ISBN 978-9965-898-09-9

Оқу құралында қазіргі кездегі кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің мазмұны, элементтері, олардың әртүрлі белгілері бойынша жіктелуі, кәсіпорын экономикасының құрылымы жөнінде толық мәлімет берілген.

«Кәсіпорын экономикасы» оқу құралы ЖОО-ның студенттеріне, магистранттарына, оқытушыларына, кәсіпкерлерге және жалпы оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 372.8:57/59

КБЖ 74.262.8

ISBN 978-9965-898-09-9

© Еркебалаева В.З., Қожабеков Е.А., Бакиров Е.А., 2017

© «Әлем» баспасы, 2017

Мазмұны

Кіріспе	5
1 Кәсіпорын – шаруашылық объектісі, экономикалық жүйенің негізгі буыны ретінде.....	9
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	20
2 Кәсіпорынның өндірістік құрылымы.....	23
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	35
3 Кәсіпорынның негізгі капиталы.....	38
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	54
4 Кәсіпорынның айналым капиталы.....	57
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	67
5 Өндірістің экономикалық тиімділігі.....	70
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	87
6 Кәсіпорынның еңбек ресурстары. Персоналды басқару.....	90
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	100
7 Еңбекақы төлеу, ұйымдастыру және нормалау.....	103
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	107
8 Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі.....	111
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	120
9 Табыс және өндіріс табыстылығы.....	124
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	131
10 Өнімді өндіру және өндіріс шығындары.....	134
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	148
11 Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық саясаты.....	151
Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	159

12	Кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ету.....	162
	Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	173
13	Кәсіпорын қаржысы.....	176
	Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	187
14	Пайда және өндіріс рентабельділігі.....	190
	Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	195
15	Шаруашылық қызметін бағалау көрсеткіштері және оларды талдау.....	199
	Студенттердің өз білімін тексеруге арналған тесттік тапсырмалар.....	202
	Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	206

Халық шаруашылығының дамып, экономикалық өркендеу өзегінде, өндірістің негізгі түйіні - кәсіпорын болып саналады. Барлық өндіріс кезеңдерінде өндіріс экономикасының дамуына, жұмысшылардың өндірісіне тікелей байланысы арқасында кәсіпорында өнімді өндіру жұмысы атқарылады. Қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде оқшауландырылған дербес жеке дара кәсіпорынды өндіріс-шаруашылық бірлігі немесе шаруашылық жүргізуші субъект дейді. Кәсіпорында пайда алу мақсатында өнім өндіру жұмысын орындап, қызмет көрсетудегі жеке дара шаруашылық субъектісін айтамыз. Елімізде белгіленген заңдылық бойынша белгілі нышанда (фирма, мекеме, концерн) - бұл кәсіпорындар заңды тұлға нышан санына жататыны: өзінің мүлкінің бар болуы; мүліктік жауапкершілік дербестігіне тәуелсіз болуы; рұқсат етілген заңға сәйкес өз жеке меншігіндегі мүлікке не болуына, қолдануына және иелік істеуіне құқықты; өз атынан сот және арбитраж алдында тілеуші және жауап беруші болуына; өз алдына бухгалтерлік баланс, банкте есептеу және басқадай есеп-шот ашуына құқықты. Қазақстан Республикасының заңдылық құжаттарында кәсіпорындардың жұмыс атқару түрлері әртүрлі ұйымдастыру-құқығы қаралған: шаруашылық серіктестіктері мен қоғамдар (толық серіктестік, сенім серіктестігі, шектелген жауапкершілік - тегі қоғам, қосымша жауапкершіліктегі қоғам, акционерлік қоғам); өндіріс кооперативтері; мемлекеттік және муниципалды кәсіпорындар. Кәсіпорын түрлерін ұйымдастырушы өзіне керекті түрін тандап алады. Кәсіпорын экономикасы пәнін оқып үйренуде және оның қоғам өндірісіне тән төмендегі ортаны ескірілуі тиіс: материалдық, әлеуметтік, саяси және рухани өрістерін атауға болады. Кәсіпорынның материалдық өрісі - барлық өнім өндірісінің үрдісін, әлеуметтік - кәсіпорын

жұмысшыларының еңбекақы төлеу үрдісін, сонымен бірге барлық өзара әртүрлі категориядағы қызмет ететін (фориальдық және формальдық емес) қызметкерлердің бір-бірімен қатынасы. Кәсіпорынның саяси өрісі - оның белгілі уақыт тәртібінде жұмыс істеуі, кәсіпорынды басқару әдісі, оған қоса өкімді түрде және сайлану құрамындағы формалар жиынтығының болып саналуын көрсетеді. Кәсіпорынның рухани өрісі - бұл эстетикалық және кәсіпшілік білімде еңбек дағдысымен көріну, сонымен бірге жаңа оймен рухани-мәдени құндылықтар жүйесін игеру. Әрбір аталған өрістердің әрқайсысының заңы мен заңдылықтары кәсіпорынға өзінің ықпалын жасайды. Әлбетте, олардың ішіндегі ең бастысы айқындайтын өріс әлеуметтік-экономикалық болып саналады. Оның ішіндегі маңыздысы мысалға, материалдық әл-ауқаттың өсу заңдылығын атауға болады. Бұл басқа өріске қарағанда өткір, маңызы жағынан толық және мазмұнды. Сонымен, кәсіпорын экономикасы ғылыми пән, оның объектісі кәсіпорын және зерттелетін заты заңдар мен заңдылық, біріншіден, оның мазмұнын анықтаса, екіншіден, экономикалық білім жүйесінің орнын анықтайды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауында: «Қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін біз банктерге қосымша өтімділік бердік. Бұл шағын және орта бизнестің, ірі кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қамтамасыз ету үшін жасалды. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша кепілді өтеудің сомасы 700 мыңнан 5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Мемлекет сыртқы қарыз алумен және меншік капиталының жеткіліктілігімен байланысты банк секторының тәуекелдерін төмендетуге көмектесті. Тұрғын үй құрылысына және үлескерлер проблемаларын шешуге қолдау білдіруге 545 миллиард теңге жұмсалды. Елде іскерлік белсенділігін сақтау үшін біз шағын және орта бизнес субъектілеріне 275

миллиард теңге көлемінде бұрын-соңды болмаған қаржылық қолдау жасадық. Әкімшілік кедергілерді табанды қысқарту жөніндегі жұмыс жалғастырылды» деп айта кетті.

Бұдан туындайтын талаптар мен міндеттерді абыроймен орындап шығудың басым бағыты экономиканы дамыту, осының негізінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру, халықтың әл-ауқатын түбегейлі жақсарту болып табылады.

Республикамызда Кеңес Үкіметі дәуірінде мемлекеттік кәсіпорындар, зауыттар мен фабрикалар жекешелендіріліп, олардың орнына жеке меншікке негізделген шаруашылық субъектілері ұйымдастырылды. Қазіргі кезде бұрын тоқтап қалған көптеген өндіріс орындары, отандық және шетелдік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар ашылып, жұмыс істеуде. Ауылдық елді мекендерде өндірістік кооперативтер, шаруашылық кәсіпорындары, шаруа қожалықтары құрылды. Экономиканы жедел дамытып, әлеуметтік өмірді тұрақтандырудың басты бағыты - шағын және орта бизнесті дамыту қолға алынды. Бұл бағыт та өз кезегінде нәтиже беруде.

Еліміздің экономикасын қайта түлетіп, әлеуметтік-экономикалық әлеуетті еселей дамытуда кәсіпорындардың, мұндағы басты тұлға кәсіпкердің, алатын орны ерекше. Отандық кәсіпкер қазірдің өзінде тұрғындардың сұранысы мен өз ырзығын теруді қанағаттандырып қана қоймай, мемлекетіміздің іргесін нығайта беру барысында көптеген нақты қызметтер атқаруда.

Қазіргі жағдайда кәсіпкер нақты нәтиже қалыптастырудың әр түрлі әдістерін біліп, кәсіпорында қабылданған қаржылық стратегияны іс жүзінде асыруды қамтамасыз ететін саясатты тандап алып, соны басшылыққа алуы керек, яғни оның қызметінің аясы жай есепшіліктен қаржы жағдайын талдау ісіне өтіп, қаржы менеджментіне дейін өсіп, айтарлықтай кеңейуі қажет.

Қоғамда қаржылық талдау біреудің орынсыз тілегінен емес, өмірлік аса қажеттіліктің салдарынан туындайды: салмақ, ұзындық өлшемін және есептеу жүргізбей, кәсіпорынның қаржы нарығындағы стратегиясы анықтамай, шаруашылық субъектінің мүліктік жағдайы мен оған әсер ететін себептерді білмей, табыс пен шығынды өзара салыстырмай, біріншісінің екіншісінен артық болуына қол жеткізбей шаруашылықты ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Отандық кәсіпорындардың қаржы нарығындағы стратегиясының мәселесі қазіргі кезде аз зерттелуде, сондықтан оның прогрессивті әдістері әзірше бізде ойдағыдай қолданыс таба алмай отыр. Ал бұл кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі мен экономикалық дамуына, жалпы еліміздің экономикалық өсуіне кері әсерін тигізеді.

Демек, экономикалық өсудің қарқындарына қол жеткізу мақсатында алдыңғы орында елдегі инвестициялық белсенділікті арттыру қажет. Бұл мақсатты жүзеге асыруда тартымды инвестициялық ахуалды қалыптастыру мен басқару арқылы Қазақстан капиталының сыртқы нарықтағы абыройын нығайту, сонымен бірге тікелей салынатын инвестициялардың ағынын дамыту, мемлекеттік инвестицияларды ұтымды да, тиімді пайдалану қажет болады. Инвестицияны тартудың арқасында жаңа технологиялар енгізіледі, өндірісті басқару және ұйымдастырудың озық үлгідегі әдістерімен жұмыс істейді, Қазақстан шығарылым айналысының өсуіне өзінің әсерін тигізеді. Мұның барлығы да ел экономикасының тұрақты болып, өндіріс өнімінің көбеюіне жол ашады.

Тақырып 1. Кәсіпорын – шаруашылық объектісі, экономикалық жүйенің негізгі буыны ретінде

1. Өндіріс процесіндегі кәсіпорынның маңызы және негізгі мақсаттары
2. Кәсіпорынның түрлері мен ұйымдық құрылымдары
3. Кәсіпорындардың қызмет ету механизмі

Кәсіпорын - экономиканың даму сатысының негізгі бір бөлігі болып табылады. Өйткені кәсіпорындарда қоғамға қажетті өнім шығарылады және жұмысшы мен жұмыс құралдарының арасында байланыс орнатылады. Еркін өнеркәсіп кәсіпорны дегеніміз өндірістік-техникалық, ұйымдастыру-әкімшілік және шаруашылық еркіндігі бар өндіріс бірлігі. Кәсіпорындар белгілі бір өндіріс өнімін шығару үшін, не болмаса жұмыс атқару үшін, әртүрлі қызметтер көрсетулер арқылы қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру және пайда табу мақсатында құрылады.

Өндірістік жүйе ретінде кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасы болады.

Сыртқы ортаға - экономикалық саясат, құқықтық жағдай, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және технологиялық жағдайлар жатады.

Ішкі ортаға - еңбек ресурстары, техника және технология, бәсекелестік, маркетинг және т.б. жатады.

Кәсіпорынның нарықтық экономикадағы негізгі мақсаты - бәсекелесуге қабілетті өнім шығару арқылы неғұрлым көп пайда табу және ең аз шығынмен ең жоғарғы пайда табу негізінде сұранысқа ие және бәсекелесуге қабілеті бар өнім шығару болып табылады.

Өнеркәсіп кәсіпорнының функциялары мыналар:

- өндірісте және жеке тұтынылатын өнім шығару;
- тұтынушыға өнімді жеткізу және сату;
- өнімді сатып болғаннан кейін қызмет атқару;

- кәсіпорындардағы өндірісті материалдық-техникалық жабдықтау;
- кәсіпорын жұмысшыларының еңбегін ұйымдастыру және басқару;
- кәсіпорындағы өндіріс көлемін жан-жақты дамытып, ұлғайту;
- кәсіпкерлік;
- салықтарды төлеу, мемлекеттік бюджеттің және басқа да қаржы ұйымдарының міндетті және міндетті емес төлемдерін орындау;
- мемлекеттік заңдарды, нормативтер мен стандарттарды орындау.

Қазақстанда «Меншік туралы» заңға байланысты мемлекеттік меншіктегі, жеке меншіктегі және аралас меншіктегі кәсіпорындар құрыла алады.

Мемлекеттік кәсіпорындар - бұл негізгі қорлары мемлекет меншігінде болатын және басқару органдарын мемлекет тарапынан ұйымдар тағайындайтын кәсіпорындар болып табылады. Егер мемлекеттік кәсіпорын бюджеттік болса, ол мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Ал, егер кәсіпорын мемлекеттік ұйымдардың қарамағында болса, ол кәсіпорын *қазыналық* болып есептелінеді.

Кәсіпорындар түрлі белгілеріне қарай бөлінеді:

- сала түріне байланысты;
- шаруашылық іс-әрекетінің түріне байланысты;
- құқықтық жағдайына байланысты;
- меншік жағдайына байланысты.

Меншік формасына байланысты кәсіпорындардың түрі:

- мемлекеттік;
- кооперативтік;
- ұжымдық;
- жеке.

Қазақстан Республикасында кәсіпорын типтеріне байланысты мынадай жіктеме қолданылады:

Қосымша жауапкершілігі бар қоғам - қатысушылары өздерінің жарғы қорына қосқан үлесіне байланысты міндеттемелерге жауап беретін қоғам.

Акционерлік қоғам - жарғы қоры бар кәсіпорын, оның капиталы көптеген жеке капиталдарды біріктіру нәтижесінде акцияларды шығарып, сату арқылы құралады және оның пайдасын акционерлер дивиденд түрінде бөліседі. Қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілігі оның акцияларының құнымен шектеледі.

Ашық акционерлік қоғам - акциялары бағалы қағаз нарығында олардың белгіленген бағасына сәйкес келетін бап бойынша еркін айналатын акционерлік кәсіпорын.

Жабық акционерлік қоғам - акциялары тек құрылтайшылары арасында ғана таратылатын акционерлік қоғам.

Өндіріс кооперативтері - азаматтардың еркін түрде біріккенін білдіретін заңды тұлға.

Экономиканың қайсысы болмасын өндірістен, экономикалық өнім жасаудан құралады. Өндіріссіз тұтыну болмайды, тек шығарылған өнімді ішіп-жеп қою болады. Атап айтқанда, кәсіпорын өнім шығарады, жұмыстар және қызмет көрсетеді, яғни тұтыну және ұлттық байлықты молайтудың негізін қалайды.

Қаншалықты кәсіпорын тиімді жұмыс істейді, оның қаржылық жағдайы қандай екені экономиканың барлық саулығына және мемлекеттің индустриалдық қуатына байланысты болады.

Өндіріс жоспарлы немесе әкімшілік-әміршілдік экономика жағдайында жұмыс істейді.

Бұл тәсілде ең негізгісі - ресурстар, атап айтқанда олар шектеулі өнім шығарылымының көлемі болып саналады. Сонымен, жоспарлы экономика жағдайында кәсіпорындарда

өнім шығарылымының көлемі мемлекеттің оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету мүмкіншілігіне байланысты болады.

Қазақстан кәсіпорындарының нарықтық қатынастарға етуіне байланысты бұл жөніндегі жағдай түбірінен өзгерді. Кәсіпорындар бүгінде бүтіндей қарама-қарсы басқа тәсілде істеуге мәжбүр болды.

Бұл тәсілде негізгісі - сатып алушылардың сұранысы, яғни өзінің өнімдерін өткізу. Ол үшін нарық жағдайын, сатып алушылардың сұрау салуларын, нарық сыйымдылығын, әлеуетті бәсекелес өнімдері сапалылығының және т.б. нарықтық экономика үшін сипатталатын сұрақтарын үйрену қажет.

Жасыратыны жоқ, көптеген отандық кәсіпорындар түрлі себептермен аталған тәсілмен жұмыс істеуге қабілетсіздігін көрсетеді және де дайын емес еді, олардың ішінде кәсіпорындардың басшылары жаңа тәсілге, ал кейбіреулері өтіп жатқан қайта құру реформасының маңыздылығына түсінбеді, қайтадан жоспарлы экономика дәуіріне қайтып келуіне үміттенді және күтті де.

- КСРО-ның ыдырауы өндірістік және кооперативтік байланыстардың бұзылуына әкеліп соқтырды;

- нарықтық қатынастарға өту инфляцияға және шектен тыс инфляцияға жалғасып, кәсіпорынның тұрақты жұмыс істеуіне, әсіресе оларды айналым қаражаттарымен қамтамасыз етуге айтарлықтай жағдай жасалынбады;

- көптеген отандық кәсіпорындардың өнімдері бәсекеге жарамсыз болды;

- көптеген кәсіпорындар әлі де болса нарықтық қатынастарға бейімделе алмады;

- Қазақстанның рыногындағы импорттық тауарлардың молықтырылуы аз болды;

- өтпелі кезеңде мемлекет Қазақстандағы өркениетті рыноктың жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасай алмады.

Міне, осы және басқа да себептер ақырында көптеген кәсіпорындардың қаржы жағдайын нашарлатуға және елімізде экономикалық дағдарысты ұзартуға әкеліп соқтырады.

Өтпелі кезең біздің республикамыз үшін тек жағымсыз салдармен ғана емес, сонымен қатар кейбір онды мезеттермен сипатталады. Атап айтқанда:

- кәсіпорындар бірте-бірте нарыққа бейімделіп, шынында сатып алушылардың мұқтажын қанағаттандыра алатын өнімдерді өндіре бастады;

- көптеген кәсіпорындар инфляцияның құлдырауы жағдайында өндіріс шығындарын азайту, өнімдерді өткізу, оның сапасын жақсарту - қаржылық сәттілікті дұрыс шешудің бірден-бір жолы екенін түсіне бастады;

- рыноктар тауарлармен толықтырылып, кейбір экономикалық салаларда жетілген бәсеке пайда болды.

Кәсіпорынға басшылық ету әдістері нарықтық экономиканың даму дәрежесіне сәйкес болуға тиіс. Олардың өзгерусіз, бір орында қатып қалуына болмайды. Кәсіпорынды басқару икемді, әрқашан басты мақсатқа жетуге және сонымен бірге әрбір нақты кезеңнің ерекшеліктерін ескеріп отыруға тиіс. Кәсіпорынға басшылық етудің міндеттері де практиканы терең зерттеудің негізінде өндірістің одан әрі даму тенденциясын анықтап, бұл дамуды шапшандату үшін өндіріске әсер етудің сол кезең үшін аса маңызды экономикалық тұтқаларын пайдалану болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген кәсіпорынның нарықтық жағдайдағы ең маңызды мақсаты - өз жұмысындағы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жетудің күрделі жолы, бұған қосылатын, тек пайда тауып қана қоймай, сонымен қатар пайда табуды тұрақтандыру, ал бұған жету оңай мәселе емес.

Кәсіпорын, егер де өзінің жұмысында белгілі бір принциптерге сүйенсе және қажетті бернесін орындаса,

алдына қойған мақсатына жетеді. Осыған орай кәсіпорындардың негізгі міндеттеріне жататындар: жоғары сапалы өнімдер өндіру, оларды жүйелі түрде өткізу және қолда бар өндірістік мүмкіншіліктеріне, сұраныстарына сай қызмет көрсету.

- өзара алмасушыларын ескере отырып, өндірістік ресурстарын ұқыпты пайдалану;

- кәсіпорынның бет алысының стратегиясы мен тактикасын әзірлеу және жағдайлардың өзгеруіне байланысты оларды өзгертіп отыру;

- ғылыми-техникалық жетістіктер мен озық тәжірибені, еңбекті ұйымдастыру және басқаларды өндіріске кеңінен енгізу;

- өздерінің қызметкерлеріне жағдай жасау, олардың сыныптамаларының өсуін және еңбектерінің үлкен маңыздылығы, олардың тіршілік деңгейлерін арттыру, еңбек ұжымдарында қолайлы саяси-психологиялық ахуалды жақсарту;

- кәсіпорынның шығарған өнімінің бәсекеге жарамдылығын қамтамасыз ету, кәсіпорынның жақсы атағын қолдау;

- баға саясатын икемді жүргізу және басқа да функцияларды іске асыру.

Қорыта айтқанда, ең маңыздысы, кәсіпорындардың барлық функциялары межеленген стратегияны іске асыруға және алдарына қойған мақсаттарына жетуге бағытталғаны жөн.

Қазіргі заман жағдайында көптеген отандық кәсіпорындардың алдына кәмілдік басқа мақсаттар мен міндеттер тұр, ал пайда табу бірінші орында болмай отыр. Көптеген кәсіпорындардың басшылары бұл кезеңдегі негізгі мақсаттары олар үшін - өнімді өткізу, кәсіпорындардың қызметкерлеріне жалақыларын уақтылы төлеу деп есептейді.

Осы кезеңдегі қиындық жағдай Қазақстан экономикасы үшін жақын арада бастан өтеді, кәсіпорындар бірте-бірте қалыпты жұмыс істейді, нарықтық экономикаға тән алға қойған міндеттер шешіліп, мақсаттарға жетеді, үдемелі қоғамдық өндірісті ұйымдастыру формаларын, атап айтқанда, кәсіпорындарында шоғырландыру, мамандандыру жұмыстары іске асады деп үміттенуге болады.

Қазақстанда «Меншік туралы» Заңға сәйкес кәсіпорындар мемлекеттік, жеке меншіктік, сол сияқты меншіктің аралас нысанасы түрінде құралады және істей алады.

Мемлекеттік кәсіпорындар - мұнда негізгі құралдар мемлекеттің меншігінде болады. Мемлекеттік органдардың карамағында болатын кәсіпорындарды қазыналық деп атайды.

Мемлекеттік холдинг - компаниясы - холдинг деп үлкен корпорациялардың ортақ мүдделерінің сақталуына акциялардың бақылау пакеті арқылы бірыңғай бақылау жасауды айтады. Алғашқы кезеңде Қазақстанда мемлекеттік акционерлік кәсіпорындар құрылғанда халық шаруашылығы салаларында көптеген холдингтер көріне бастады.

Біздің республикада жеке меншік секторы мына төмендегі бөлімшелерден тұрады:

- жеке кәсіпкерлік;
- толық серіктестік;
- командиттік (сенімгерлік) серіктестік;
- жауапкершілігі шектеулі қоғам;
- қосымша жауапкершілік жүктелген қоғам;
- ашық акционерлік қоғам;
- жабық акционерлік қоғам;
- өндірістік кооперативтер.

Жеке кәсіпкерлік — бұл жеке кәсіпкерліктің жаңа нысаны, мұнымен айналысуға әрекетті әрбір азаматтың құқығы бар.

Толық серіктестік — екі немесе одан да көп тең құқықты адамдардың ұйымдасқан шаруашылық қоғамының бірлестігінің түрі. Олар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін бірігіп, жасасқан шарт негізінде өз мүліктерімен қоғам алдында жауапты болады. Толық серіктестің мүлкі оның қатысушылардың үлес (пай) жарнасы негізінде (ақшалай және басқа түрде) қалыптасады.

Коммандиттік (сенімгерлік) серіктестік — шаруашылық қоғамдарының бір түрі. Оған шарт жасасу негізінде екі одан да көп кісі біріге алады. Алайда олар мүлікке деген жауапкершілігіне қарай екіге бөлінеді. Бірінші топқа жататындар толық үлесшілер (пайшылар немесе коммандиттік серіктестіктің толық мүшелері) деп аталады. Олар қоғамның борышы үшін өз мүліктерімен толық жауап береді. Ал коммандиттер, сенім бірлестігіндегілер деп аталатын екінші топтағылар қоғамға қосқан жарнасы көлемінде жауапты.

Жауапкершілігі шектеулі қоғам — кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін екі, одан да көп адамды біріктіретін қоғамның түрі. Жауапкершілігі шектеулі қоғамның оның мүшелері есебінен жиналған жарғы қоры бар. Жауапкершілігі шектеулі қоғам жабық қоғам, яғни қоғам мүшесі өз үлесін қоғамның басқа мүшелерінің келісімімен басқа адамға немесе үшінші кісіге бере алады. Қоғам акциялар шығармайды. Мұның өзі қоғам мүшелеріне сырт жақтан қаржы тарту мүмкіндігін шектейді.

Қосымша жауапкершілік жүктелген қоғам қатысушылардың жарғылық қорға өздерінің міндетті салымдарымен жауап беретін қоғам, ал бұл қаражаттардың салымдарының үйлесімді мөлшері.

Ашық акционерлік қоғам - бұл заңдық құқы, жарғысы бар қоғам. Ол рұқсат ету жолымен құрылады, акцияда үлесі бар, белгілі мөлшерде бір бөлшектенген негізгі капиталы болады. Олардың негізгі капиталы акцияларға бөлінеді.

Акцияның ақшалай сомасы негізгі капитал көлеміне сай келуі керек.

Жабық акционерлік қоғам - ашық акционерлік қоғамнан акцияларды таратудың ерекше әдісімен өзгеше. Оның мәні акционерлік қоғамның акциясын сатып алуды акционер басқалармен салыстырғанда артық құқыққа ие болады. Міне, осыдан барып, акционерлік қоғамның өнеркәсіпте, саудада, банк және сақтандыру жүйесінде, экономиканың басқа да салаларында кеңінен дамуына әсер етеді.

Өндірістік кооператив - бұл қоғамның қызметі принципінде табыс табу емес, қоғам мүшелеріне көмек етіп, ықпал жасау. Кооператив кәсіпкерлік нысанына тән жағдай, оның мүшелерінің сол кооперативпен тығыз байланыс орнатуында. Кооператив - ол заңды иегер.

Нарықтық қатынастар жағдайында қоршаған ортадағы өзгерістер жылдамдығы, сондай-ақ осы өзгерістерден туатын қосымша мүмкіндіктер тұрақты өседі. Сондықтан, кәсіпорынның стратегиясы осы өзгерістерден артықшылықтар алу мүмкіндігін шаруашылықты жүргізу үшін барлық қосымша мүмкіндіктерді қамтитындай болуы керек. Кәсіпорынның мақсаты оның қызметінің соңында қандай нәтижесні көздейтінін көрсетсе, стратегиясы осы нәтижеге жету жолдарын, бағыттарын анықтайды. Әрбір кәсіпорынның стратегиясы өзгеріп отырған нарық жағдайын ескеріп, кәсіпорынға жаңа шешімдер қабылдауға еркіндік береді. Кәсіпорынның стратегиясы оның нақты жағдайына қызмет ету ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Бірақ барлық кәсіпорындар стратегиясын анықтау барысында мынадай мәселелерді шешкені жөн:

1. Қандай өндірісті тоқтату керек?
2. Қандай өндірісті жалғастыра беру керек?
3. Алдағы уақытта қандай өндіріске көшу қажет?

Кәсіпорынның рыноктағы іс-әрекетінің негізгі үш бағыты

бар:

- өндіріс шығындарын барынша азайту. Өндіріс шығындары неғұрлым аз болған сайын кәсіпорын өз өнімінің бағасын бәсекелестерге қарағанда төмендете алады. Соның нәтижесінде бұл өнімнің рыноктағы үлесі артады. Бұл үшін кәсіпорын стратегиясын жоспарлағанда өндірісті және жабдықтауды жақсарту шараларын жаңа технологияны игеруді, өнімнің құнын арзандату жолдарын қарастырады;

- өнім өндіруде мамандандыруды жоғарылату. Бұл бағыттың негізгі мақсаты - өндіріс өнімінің сапасын жақсарту, тұтынушылар бағасы жоғары болса да, сапалы өнімді таңдайды. Сондықтан да бұл бағытты таңдаған кәсіпорындар қалай да өз өнімінің сапасын жоғарылатуды көздейді. Бұл үшін жақсы дизайнерлер, жақсы дамыған маркетинг жүйесі болуы керек.

- кәсіпорын өз қызметін рыноктың белгілі бір бөлігіне ғана арнайды. Бұл бағытты таңдаған кәсіпорын рыноктағы бір өнім түріне деген сұранысты зерттеп, соған сай өндірісті ұйымдастырады; яғни осы өнімнің өзіндік құнын төмендету немесе осы өнім өндіруіне жеке мамандану саясатын жүзеге асырады. Кәсіпорын бүкіл рынокқа ғана емес, тек оның бір бөлігіне нақты тұтынушыға, оның сұранысына қызмет етеді. Кәсіпорын алға қойған стратегиясын жүзеге асыру үшін өзінің іс-әрекетінің қай бағытта, қандай заңдар негізінде орындайтынын анықтайды, яғни өзінің саясатын және тактикасын белгілейді, алға қойған стратегиялық мақсатқа жету жолдары анықталады.

Кәсіпорын стратегиясын орындау үшін өз қызметінде мынадай шарттар орындалуы тиіс:

- кәсіпорынның мақсатты стратегиясы сол кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне түсінікті болуы керек;

- стратегияны орындауға қажетті қорға уақтылы жеткізіліп тұруы керек. Бұл үшін кәсіпорын басшылығының әр деңгейі өзіне белгілі мақсаттары мен міндеттерін нақты орындап отырған жөн.

Қазіргі нарықтық жағдайға іс жүзінде басты бағытты көздейтін стратегиялар эталондық стратегиялар деп аталады. Олар үш топқа бөлінеді.

Бірінші топтағы стратегиялар:

- өндіретін өнімнің сапасын жақсарту;
- жаңа өнім өндіруді бастау;
- нарықта өзінің артықшылығын көрсету.

Екінші топқа - стратегияның интеграциялық дамуы, яғни жаңа құрылымды қосу.

Үшінші топ - бұл мақсаттылықпен қысқарту стратегиясы. Егер кәсіпорынның өндірісі ұзақ уақыт бойы өсіп келіп, ең соңғы кезде ол құлдырай бастаса, рыноктағы өзгерістерге қарай пайда әкелмесе, онда кәсіпорын нысаналы түрде жоспарға өз өндірісін қысқартуға мәжбүр болады.

Кәсіпорынға қажетті заттар:

- материал, шикізат;
- қосалқы бөлшектер, құрал-жабдықтар, есептесу құралдары, ақпарат, отын, отын-энергия, жер-ресурстары, ғимараттар, көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық құрал-жабдықтар, ақша қаражаттары.

Кәсіпорынның шығаратын заттары:

- белгілі бір ассортименттегі, номенклатурадағы, көлемдегі дайын өнім;
- өндіріс қалдықтары;
- өндіріс шығындары;
- ақша қаражаттары.

Кәсіпорынның құрылымы:

- негізгі өндіріс;
- көмекші өндіріс;
- қызмет етуші және қосалқы бөлімдер.

Кәсіпорын жүргізетін процесстер:

- ғылыми зерттеулер;
- проект (жобалау) конструкциялау;

- дайындау;
- жөндеу;
- бақылау;
- қызмет ету, сақтау, тасымалдау, түптеу, орау, басқару.

Кәсіпорынның басқару функциялары:

- статистика, есеп;
- талдау;
- жоспарлау;
- шешім қабылдау;
- ынталандыру;
- бақылау;
- реттеу.

Кәсіпорындардың ұйымдастыру функциялары:

- нормалау;
- оперативтік жоспарлау;
- диспетчерлеу;
- басқару функциясын орындау;
- ресурспен қамтамасыз ету;
- жұмыс орындарын жоспарлау;
- ыңғайлы жұмыс жағдайларын жасау;
- дайын өнімді сату.

Бақылау сұрақтары:

1. Өндіріс процесіндегі кәсіпорынның маңызы және негізгі мақсаттары
2. Кәсіпорынның түрлері мен ұйымдық құрылымдары
3. Кәсіпорындардың қызмет ету механизм

Тест тапсырмалары

1 Демографиялық ортаға жатады:

- a. Халық санының өсуі
- b. Инфляция мөлшері
- c. ЖҰӨ және ЖІӨ

- d. Саясат
- e. Халық табысы және медицина

2 Кәсіпорынның өнімі тұтынушыларға кімдер арқылы жетеді?

- a. Жабдықтаушылар
- b. Бәсекелестер
- c. Маркетингтік делдалдар
- d. Контрафакт
- e. Фирмалар

3 Өндірісті автоматтандыру қай ортаға жатады?

- a. Саяси
- b. Ғылыми-техникалық
- c. Табиғи
- d. Экономикалық
- e. Мәдени

4 Кәсіпорынның кеңес берушілік қызметі

- a. Банкілік
- b. Лизингтік
- c. Биржалық
- d. Психологиялық
- e. Маркетинг

5 Ұзақ уақыт қызмет атқаратын материалдық құндылықтардың жиынтығы

- a. Жарғылық қор
- b. Резервтік капитал
- c. Инвестиция
- d. Негізгі капитал
- e. Несие капиталы

6 Кәсіпорын қызметінің негізгі факторлары

- a. Жер, еңбек заты, жұмыс күші және капитал

- b. Жер, құрал жабдықтар, активтер
- c. Кәсіпкерлік, бизнес, серіктестік
- d. АҚ, корпорация, ЖШС
- e. Барлық аталғандар дұрыс

7 Тұтыну заттарының көлеміне қарай шектелген ақша қаражаты

- a. Капитал
- b. Кредит
- c. Резервтік қор
- d. Меншік капиталы
- e. Инвестиция

8 Занды тұлғаны көрсетіңіз

- a. Фирма
- b. Аукцион
- c. Халық
- d. Зейнеткерлер
- e. Дұрыс жауабы жоқ

9 Кәсіпкерлік қызметке қатысушылар мен олардың әріптестерінің бірігуі

- a. Альянс
- b. Серіктестік
- c. Қоғам
- d. Топ
- e. Корпорация

10 Командиттік серіктестікті кім басқарады?

- a. Ұжым
- b. Президент
- c. Қоғам
- d. Халық
- e. Акционерлер

Тақырып 2. Кәсіпорынның өндірістік құрылымы

1. Өндірістік үрдіс - кәсіпорынды ұйымдастырудың негізі
2. Өндірісті ұйымдастыру түрлері
3. Өндірісті ұйымдастыру нысандары

Экономиканың дамуының барлық кезеңдерінде кәсіпорын негізгі буын болып саналады. Тек кәсіпорындарда ғана өнім өндіріліп, жұмысшының өндіріс құралдарымен, еңбек заттарымен тікелей байланысы қалыптасады. Дербес өндірістік кәсіпорын болып өндірістік-техникалық бірліктерден тұратын ұйымдастыру - әкімшілік және шаруашылық жұмыстарын өз бетінше жүргізе алатын өндірістік бірлік саналады.

Кәсіпорынның өндірістік-техникалық бірлігі деп белгілі бір аумақта өнім өндіруге қажетті өндіріс құралдарының топтастырылуын айтады.

Кәсіпорынның ұйымдастыру жұмыстары құрал-жабдықтарға деген меншік түрін анықтаумен қатар, жұмыскерлер ұжымын құру және ұйымдастыру, сыртқы-экономикалық байланыс қызметін қамтиды.

Кәсіпорынның шаруашылық жұмыстары алдын ала анықталған өндірістік бағдарламаны орындау барысында Қазақстан Республикасындағы бекітілген заңдарға сәйкес, өз бетінше жұмыс істеуін және әлеуметтік бағыттылығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасында кәсіпорын иесі болып оның азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар, сонымен қатар олардан құралған заңды тұлғалар тобы жатады.

Нарықтық қатынастар жағдайында шешуші тұлға болып кәсіпкер саналады. Кәсіпкер статусы кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін қалыптасады. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып жеке азаматта, олардан құралған топ та саналады.

Өндірістік кәсіпорын - деп өнім өндіру және қызмет түрлерін халыққа көрсету арқылы тұтынушылықты қанағаттандыру және табыс табуды мақсат тұтқан кәсіпкерлер немесе олардың бірігуінен құралған жеке немесе дербес шаруашылық жүргізуші субъектілер тобын айтады.

Кәсіпорынның басты мақсатына халықтың тұтынушылығын қанағаттандыру және табыс табу жатады.

Кәсіпорын қызметінің бағыты алдына қойған түпкі мақсатымен анықталады. Әдетте кәсіпорынның негізгі мақсаттарының бірнеше тандаулары болуы мүмкін:

- өз өнімдері үшін нарықтың көп үлесін жаулап алу;
- жоғары сапалы өнім өндіру;
- технология бойынша нарықта жетекші орынды иелену;
- қолда бар шикізат, еңбек және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану;

- жұмысбастылықты барыша жоғары деңгейге жеткізу;

Басты мақсатқа жету үшін кәсіпорын бірқатар міндеттерді шешуге тырысады:

- қандай тауар немесе тауарлар номенклатурасын өндіру және сату керек;

- бұл тауармен қандай нарықтарға шығу керек және нарықта өз позицияларын қалай нығайту керек;

- өндірістің қолайлы технологиясын қалай таңдау керек;
- қандай материалдарды алу және оларды қалай қолдану керек;

- қолда бар қаржы ресурстарын қалай бөлуге болады;

- өндірілетін өнім, оның сапасы, өндіріс тиімділігінің техникалық сипаттамалары бойынша кәсіпорын қандай керсеткіштерге жету керек.

Осы мәселелерді шешуге бағытталған кәсіпорынның қызметі оның жалпы іскерлік саясатын анықтайды. Жұмыс барысында іскерлік саясат іс-әрекеттердің нақты жоспарына айналады, ол әетте үш кезеңнен тұрады.

1) кәсіпорын қол жеткісі келетін сандық көрсеткіштерді анықтау;

2) алға қойылған мақсаттарға жету үшін маңызды бағыттар мен іс-әрекеттерді анықтау. Бұл жағдайда екі негізгі факторға назар аударылады:

- кәсіпорын қызметіне әсер етуші сыртқы факторлардың дәрежесін анықтау;

- Кәсіпорынның әлсіз жақтары мен оның ішкі мүмкіндіктерін талдау;

3) кәсіпорын қызметінің құрылымына сәйкес икемді ұзақ мерзімді жоспарлау жүйесін жасау және стратегиясын анықтау.

Нарықтық қатынастардың дамуы өндірістік жұмыстармен айналысушы кәсіпкерді көптеген өзекті мәселелерді шешуге мәжбүр етеді.

Олардың біріншісіне, нарықтық кеңістікте өзінің «шаруашылық орнын» таба білуі кәсіпкерге нарық жағдайын, анықталған сала және аймақта тауарларға ұсыныс пен сұранысты зерттей отырып, мүмкін болатын кедергілер немесе шектеулерді анықтауы тиіс. Қарыз алу, салық жеңілдіктерін пайдалану мүмкіндіктерін зерттеумен қатар инвестицияның жалпы шарттарын анықтайды. Мұндай ақпараттармен танысу үшін статистиканы, заң актілері, ақпарат құралдарының мәліметтерімен жиі танысып отыруы тиіс. Осылай нарықтағы өз «орнын» тапқаннан кейін кәсіпкер кәсіпорынның мамандану жолдарын анықтайды. Мұнан кейін болашақ тұтынушылардың мүмкіндігін анықтау, бәсекелестер туралы мағлұматтар жинастыру, өнім өндіруге қажетті техника және технология мәселелерін шешу қажеттілігі туындайды.

Өндірістік үрдіс дегеніміз шикізаттар мен материалдардың дайын өнімге айналу үрдісіне бағытталған жеке еңбек үрдістерінің жиынтығын көрсетеді. Өндірістік үрдістің мазмұны кәсіпорынның және оның өндірістік

бөлімшелерінің құрылуына тікелей әсер етеді. Өндірістік үрдіс кез келген кәсіпорын қызметінің негізін қалайды.

Өндіріс сипатын анықтайтын өндірістік үрдістің негізгі факторларына еңбек құралдары (машиналар, құралдар, ғимараттар, жабдықтар және т.б.), еңбек заттары (шикізат, материал, жартылай фабрикаттар) және еңбек күші, яғни адамдардың белгілі мақсатқа бағытталған қызметі жатады. Осы негізгі үш фактордың тікелей өзара әрекеті үрдістің мазмұнын құрайды.

Кәсіпорынның өндіретін өнімдері қолданылу бағытына байланысты негізгі және көмекші өндірістің өнімдері болып табылады. Негізгі өндірістің өнімдері, әдетте, сатуға арналады, ал көмекші өндірістің өнімдері негізгі өндіріс өнімдерін дайындаудағы кәсіпорынның өз мұқтаждарына қолданылады.

Кәсіпорынның өндіретін өнімінің күрделілігіне байланысты *жай (қарапайым) және күрделі өндірістік үрдістер* болып бөлінеді. Жай өндірістік үрдістерде шикізат немесе материалдың бір түрін бірыңғай өңдеу арқылы дайын өнім өндіріледі, күрделі үрдістерде бірнеше параллельді жай үрдістердің қосарлануы арқылы көп бөлікті өнім дайындалады.

Өнім өндірудің технологиялық үрдісі технологиялық операцияларға бөлінетін бірқатар бөлшектік үрдістерден құралады.

Технологиялық операция деп бір немесе бірнеше жұмысшылармен бір жұмыс орнында нақты бір еңбек затымен орындалатын өндірістік үрдістің бөлігін айтады.

Жұмыс орны - жұмысшы нақты өндірістік операцияны орындайтын өндірістік ауданның бөлігі. Ол операцияны орындау үшін қажетті барлық құралдар және техникамен жабдықталады. Кәсіпорынның соңғы нәтижелері жұмыс орындарын ұйымдастыру деңгейімен, олардың саны және мамандану дәрежесімен, уақыт бойынша операциялардың

сәйкестелуімен және кеңістікте ұтымды орналасуымен тікелей байланысты болады.

Өндірістік үрдіс өнім дайындаудағы бағыты бойынша *негізгі, көмекші және қызмет көрсету үрдістерне* бөлінеді.

Негізгі үрдістерге еңбек затының нысаны мен кесімі, ішкі құрылымы, сыртқы түрі, оның құрамдас бөліктерінің өзара орналасуы өзгертін технологиялық үрдістер жатады.

Негізгі үрдістер жиынтығы негізгі өндірісті құрайды. Күрделі өндірісте негізгі үрдістер әдетте үш кезеңнен тұрады: дайындау кезеңінде дайындық жұмыстары жүргізіледі; өңдеу нәтижесінде оның өнімдері дайын бөліктерге айналады; жинақтау жұмыстарын жүргізу кезінде дайындалған бөліктерден және сатып алынған дайын өнімдерден өнім құрастырылады.

Өнім жасаудың технологиялық үрдісі бұдан басқа да өзінің құрамына табиғи үрдістерді қамтиды. Табиғи үрдістерге еңбек затына табиғаттың физикалық және химиялық әсерін тигізетін үрдістер жатады. Бұл үрдістер жанды еңбектің және еңбек құралдарының қолдауынсыз өтеді, бірақ көп уақыт алады, сондықтан оларды жасанды үрдістермен ауыстырып отырады.

Көмекші үрдістер негізгі үрдістердің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Оларға мысалы, негізгі өндіріс қажеттіліктері үшін құрал дайындау, құралдарды жөндеу, бу дайындау және т.б. жатады.

Қызмет көрсету үрдістеріне техникалық бақылау жұмыстары, көлік, қойма операциялары және тағы басқалар кіреді.

Өндіріс тиімділігі және өнім сапасы көп жағдайда өндірістік қызметтерді ұтымды ұйымдастыру деңгейімен анықталады.

Өндірістік үрдістерді ұтымды ұйымдастыру қағидаларын екі категорияға бөлуге болады:

- жалпы, яғни оның нақты мазмұнына байланысты болмайды;

- арнаулы, нақты өндірістік үрдістерге арналады.

Жалпы қағидаларға уақыт бойынша және кеңістікте кез келген өндірістік үрдісті ұйымдастыруға бағынышты болатын мынадай қағидаларды жатқызуға болады:

- *мамандану қағидасы*, өндіріс үрдісінде жұмыс орындары және кәсіпорынның жеке бөлімшелерінің арасындағы еңбек бөлінісі мен оның шоғырлануын көрсетеді;

- *параллельдік қағидасы*, белгілі бір өнімді дайындауға байланысты өндірістік үрдістің жеке бөліктерінің бір уақытта орындалуын білдіреді;

- *пропорционалдың қағидасы*, кәсіпорынның өзара байланысты бөлімшелерінің уақыт бірлігіндегі салыстырмалы түрдегі тең еңбек өнімділігімен сипатталады;

- *тура дәлдік қағидасы*, еңбек заттарының, шикізаттар мен жартылай фабрикаттардың өндіріске жіберілуінен бастап, дайын өнімді алуға дейінгі қысқа қозғалыс жолдарымен жүруін айтады;

- *үздіксіздік қағидасы*, операциялар арасындағы тоқтаусыз жұмыс істеуді талап етеді;

- *ыңғайластыру қағидасы*, барлық өндірістік үрдістің автоматтандыруына және механикаландыруына, адамның денсаулығына зиянды, ауыр, біркелкі қол еңбегін болдырмауға бағытталады.

Өндірісті ұйымдастырудың үш негізгі әдісі болады: ағындық (тасқындық), партиялық (топтық) және бірлік. Олардың ішіндегі ең тиімдісі - қазіргі талаптарға сай келетін ағындық әдіс. Бұл әдістің мәні технологиялық үрдістің барлық элементтерінің уақыт бойынша қатаң сәйкестігімен және еңбек заттарының жұмыс орындары бойынша өнім өндірудің белгіленген тактісі бойынша анықталады.

Өндіріс деп нарықтың дамуы мен өмір сүруіне қажетті материалдық игіліктерді дайындау үрдісін айтады. Өндірістің

мазмұны еңбек қатынастарымен анықталатын негізгі үш элементтен тұрады:

- ұтымды жұмыс немесе еңбектің орындалуы;

- адамның ұтымды жұмысына қажетті еңбек заттарының болуы;

- еңбек заттарын өзгертуге қажетті еңбек құралдарының қатысуы.

Материалдық өндірістің өнімі еңбек пен табиғат заттарының құралуынан тұратын материалдық игіліктерді дайындауға көмектеседі.

Жаңаша өндіріс ғылыми-техникалық революцияның негізінде дамиды және оның негізгі мазмұнына өндірісті автоматтандыру жатады.

Әрбір кәсіпорын өндірістік бөлімшелерден, яғни цехтардан, шаруашылыққа қызмет көрсететін бөлімшелерді ұйымдастырумен айналысатын мекемелер және басқару органдарынан құралады.

Өндірістік бөлімшелер, жұмыскерлерге қызмет көрсету орындары, кәсіпорынды басқару, ұйымдастыру кешені, олардың саны, бір бірімен байланысы, өндірістік алаңда орналасуы мен жұмыскерлер саны мен құрамы, өнімді өндіру қабілеті, мұның бәрі кәсіпорынның жалпы құрылымын құрайды.

Кәсіпорынның өндірістік бөлімшелері, цехтар, бөлімшелер, қызмет көрсетуші шаруашылықтар мен жұмыс орындары (өндірістік үрдіске тікелей немесе жанама қатысушы) арасындағы байланыстар жиынтығы өндірістік құрылымды құрайды.

Ол еңбек өнімділігінің, өндіріс шығындарының деңгейін, материалдық өндірістің техникалық-экономикалық және географиялық жағдайы мәліметтері бойынша табиғат байлықтарын және техникалық тиімділігін анықтайды.

Кәсіпорынның ұтымды өндірістік құрылымын құру келесі тәртіппен жүргізіледі:

а) Кәсіпорынның цехтар құрамын және оның берілген өнімді өшіруді қамтамасыз ететін қуатын анықтау;

э) әрбір цехтың және қоймалардың орналасатын өндірістік алаңдарын есептеу;

б) кәсіпорынның ішіндегі барлық тасымалдау жұмыстарының сыртқы жалпы орталық жолдармен өзара байланысын жоспарлау;

в) өндірістік үрдістің орындалуына байланысты еңбек заттарының цехтар арасындағы ең қысқа маршрутын белгілеу және с.с.

Өндірістік бөлімшелерге - цехтар, бөлімшелер, негізгі өнімді сынау, бақылау, тексеру жүргізетін зертханалар, комплектілік бұйымдарды, материалдар мен жартылай фабрикаттарды, пайдалану кезінде жөндеуге және бұйымдарға қызмет көрсету үшін қажетті запас бөліктері, технологиялық мақсаттар үшін керекті өндірілетін энергияның түрлері және тағы басқалар жатады.

Жұмыскерлерге қызмет көрсететін бөлімшелерге тұрмыстық-коммуналдық бөлімдер, олардың қызмет түрлері, асханалар, буфеттер, бала-бақшалар мен демалыс үйлері, профилакторийлер, дәрігерлік пункттер, спорт қоғамдары өндірістік біліктілікті көтерумен айналысатын техникалық оқыту бөлімі мен оқу орындары жатады.

Өндірістік үрдістің жіктелуі де кәсіпорынның өндірістік құрылымын көрсетеді. Өндірісті ұтымды ұйымдастыру және ыңғайлы басқару қағидасы бойынша кәсіпорынның өзара байланысты бөлімшелерінің жекелену жүйесі де оның құрылымын анықтайды. Осыған орай өндірістегі мынадай бөлімшелерді атап өтуге болады: кәсіпорын, өндірістік бірліктер, цехтар, ағындық жүйелер, секциялар (бөлімшелер), жұмыс орындары.

Кәсіпорынның негізгі құрылымдық бөлімшесіне цех жатады. Цехта мамандардың заттың белгісіне қарай толық өндірістік үрдіс орындалады да, өнім өндірудің көп бөлігі

немесе толық өндіру жұмыстары жүзеге асырылады. Цехтардың өндірістік-шаруашылық дербестік белгілері болуы керек.

Ағындық жүйе — өндірісті ұйымдастырудың негізгі объектісі. Ағындық жүйе бірнеше секцияларға бөлінеді. Секция еңбек заттарына әсер етудің жалпы сипаты бар бірнеше операцияларды біріктіру арқылы құрылады. Ал әрбір секция бірқатар жұмыс орындарынан құралады. Жұмыс орындарында арнайы жұмыс орындалып, өнімнің жаңа құны пайда болады.

Кәсіпорынның өндірістік құрылымы кәсіпорында орындалатын жеке өндірістік үрдістердің өзара байланысты бөліктерінің ұйымдастыру-техникалық белгілеріне қарай бөліну жүйесін анықтайды.

Кәсіпорындарда өндірісті ұйымдастырудың *бірлік (жеке), сериялық және жаспай* болып үш түрге бөлінеді.

Бірлік (жеке) өнім өндіретін өндірісте тек өнімнің жеке түрі ғана өндіріледі. Әрбір өнімді дайындау оның өндіріс жағдайына, өндіру ерекшелігіне қарай ұйымдастырылады.

Ал жаспай өндірісте өнім көптеп өндіріліп, онда өндірістік жағдай, қолданылатын материалдар, құрал-жабдықтар мен өндеу тәртібі бірдей болып келеді.

Сериялық өндірісте өндірілетін өнімнің көлемі шектеулі болып, өндіріс берілген серияға бейімделіп ұйымдастырылады. Сериялық өндіріс серияның шамасына қарай көп, орташа және аз сериялы болып үшке бөлінеді.

Жеке өндіріс әмбебап құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, барлық өндіріс шығындары тек қана өнімнің бір түрін ғана шығаруға жұмсалады да, жұмысшылар сол өнімді өндіруге мамандандырылады. Сондықтан жұмысшылардың біліктілігін жан-жақты пайдалануға мүмкіндік бола бермейді. Сонымен бірге өндірістің циклы ұзақ болады, өзіндік құн төмен болады.

Сериялы өндірісті жеке және жаппай өндірістің арасындағы аралық өндіріске жатқызуға болады. Техника-экономикалық керсеткіштері де жоғары да айтылған екі өндірістің техника-экономикалық керсеткіштерінің арасында болады. Серияның саны неғұрлым көп болса, соғұрлым жаппай өндіріске жақын, ал егер саны неғұрлым аз болса жеке өндіріске жуық болады. Келісім бағамен сатылатын ерекше сәнді бұйымдар аз сериямен шығарылады. Мұндай жағдайда кәсіпорын тұтынушылармен жеке байланыста болып, экономикалық қарым-қатынасты жақсартады. Сатуға арналған өнімнің ассортименті жөнінде келіседі, шаруашылық келісімшарттар мен контракттарға отырады, ғылыми-зерттеу, жоба конструкторлық және басқа да жұмыстарды жеделдетіп ұйымдастырумен айналысады.

Өндірістің шоғырлануы немесе кәсіпорындардың іріленуі, яғни өндірістің ірі кәсіпорындарға айналуы ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуымен, машина қуаттарының өнімділігінің өсуімен, басқару техникасының жетілдірілуімен, сонымен қатар өндірілетін өнім көлемінің өсуімен тығыз байланысты болады.

Өндірістің шоғырлану деңгейін негізгі екі керсеткішпен анықтауға болады:

- 1) Кәсіпорынның шамасымен;
- 2) ірі кәсіпорындардың жалпы өнеркәсіптегі алатын үлес салмағымен.

Ірі кәсіпорындардың саладағы немесе бүкіл өнеркәсіптегі үлес салмағын анықтау үшін статистика бойынша белгілі бір интервалдарды белгілей отырып, топтау әдісін пайдаланады. Бұл интервалдардың диапазоны өндірілген өнім түрі мен сипатына, технология ерекшелігіне, қолданылатын құрал-жабдықтың қуаттылығына, кәсіпорынның техникалық деңгейіне және тағы басқа керсеткіштерге байланысты болып келеді.

Шоғырлану деңгейін бағалағанда өнеркәсіпте өндіріс ішіндегі және сыртқы факторлардың әсері есепке алынады. Өндіріс ішіндегі факторлары ресурстарды максималды пайдаланып, өнімнің ұтымды көлемін шығарумен тығыз байланыста болады. Сыртқы факторларға көлікпен тасымалдау, шикізат базасының көлемі, мамандардың жеткілікті болуы немесе оны тарту мүмкіндігі, су ресурстары, табиғи жағдай тағы басқалар жатады.

Тік шоғырлану - бұл бір кәсіпорында шикізат өндіруден өнімді өткізуге дейінгі өндіріс сатылары кешенінің шоғырлануы. Тік шоғырлану - өндірістің шоғырлануының дайындау сатыларының бірі.

Көлденең шоғырлану - өзара технологиялық байланыспаған өндірістерді білдіретін әр түрлі салалардың фирмалары мен кәсіпорындарының бір басқару мен бақылауға шоғырлануы.

Капиталдың шоғырлануы - капиталдық жинақталу есебінен өсу үрдісі, яғни қосымша құнның бір бөлігінің капиталға айналуы.

Өндірістің шоғырлануы - өндірістің ірі және өте ірі фирмалар мен компаниялар аумағында көптеп шоғырландыру үрдісі.

Басқарудың шоғырлануы - белгілі бір объектіге қатысты жүзеге асырылатын басқару функцияларының жинақталуы. Бұл өндірісті басқару жүйесінің құрылымының ұйымдастыру сипаттамаларының бірі. *Деңгейі тігінен* басқару функцияларының бөлінуіне байланысты басқарудың орталықтануынан өзгеше басқарудың шоғырлануы басқару функцияларының басқарушы буындары арасында көлденең бөлінуімен анықталады.

Қазіргі жағдайда фирмалардың кооперациялануы және шоғырлануының негізгі нысандары болып мыналар табылады: бағалар, өткізу нарықтары, өндіріс көлемдері және т.б. Салада фирмалардың арасындағы тәуелсіз

компаниялардың бәсекелестігін заңды және экономикалық жағынан шектейтін ұйымдар - картельдер; кешегі орталықтандырылған капитал салымдары мен басқаруы бар кешенді концерттер; ұйымға кіргенде өндірістік және коммерциялық тәуелсіздігін жоғалтып бір орталыққа бағынатын кәсіпорындар - тресттер; мақсаты келісім-шарт негізінде белгілі бір міндеттерді орындауға бағытталған шаруашылық тәуелсіз фирмалардың уақытша одағы - консорциумдар және тағы басқалар кәсіпорындардың кооперациялану және шоғырлану нәтижесінде пайда болады.

Еңбек бөлінісі оның жекелеген түрлерінің әртараптануына әкеледі, ал еңбектің әрбір түрі көлемінің экономикалық үнемді шамаға дейін ұлғаюы негізінде шоғырлануы операциялар мен үрдістердің қайталануына әкеледі, яғни мамандандырылған өндіріс қалыптасады. Осылайша, мамандану, бір жағынан, қоғамдық еңбек бөлінісінің салдары болса, екінші жағынан — біртекті өндірістің шоғырлануының нәтижесі болып келеді.

Өндірістің біртектілігі өндірілген өнімнің, өндірістің технологиялық әдістерінің және техникалық мәдениетінің бірыңғай болып келуінен туындайды. Оның негізін өндірілген өнімнің біртектілігі құрайды. Ал соңғы мақсатына біртекті үрдістердің шоғырлануы және олардың мамандандырылған учаскелерге, өндірістерге және кәсіпорындарға бөлінуі жатады.

Мамандандыру - кәсіпорынның негізгі қызметінің белгілі бір өнімінің, тауардың және қызметтің түріне байланысты мамандануын айтады.

Маманданудың үш нысаны бар:

1. Заттық
2. Бөліктік
3. Технологиялық (сапалық)

Кооперациялау деп белгілі бір өнім түрін бірігіп дайындайтын фирмалар арасындағы ұйымдық, өндірістік және басқа да байланыстар жиынтығын айтады.

Фирманың өндірістік ресурстарын және мамандарын тиімді пайдалануда, қоғамдық еңбек шығындарын өндіріс және айналым аясында қысқарта отырып жүргізуде кооперациялаудың маңызы зор.

Кешенділеу (комбинирлеу) - бір фирма шеңберінде әр түрлі өнеркәсіп салаларының кәсіпорындарын үйлестіру. Бұл шикізатты өндіру сатысындағы өзгерістерді қамтуы мүмкін.

Комбинаттар келесі белгілермен сипатталады:

- әр түрлі сала кәсіпорындарының бірігуі;
- өндірістің техникалық-экономикалық бірлігі және пропорционалдығы;
- энергетикалық жүйенің бірлігі;
- бір аймақта орналасуы;
- негізгі өндірістерге қосымша цехтар мен қызметтердің орталықтандырылған қызмет көрсетуі;
- басқару бірлігі.

Қазіргі кезде кешенделудің бағыттарына мыналар жатады:

- 1) өнімді өндіру сатыларының үйлесімділігі;
- 2) шикізатты, мұнайды, көмірді кешенді қайта өңдеу;
- 3) қалдықтарды тиімді пайдалану (мысалы, ағаш өңдеу комбинаттары).

Бакылау сұрақтары:

1. Жеке дара өндіріс ерекшеліктері
2. Топтамалы өндіріс ерекшеліктері
3. Жаппай өндіріс ерекшеліктері

Тест тапсырмалары

- 1 Ассоциациялардың түрінің бірі
 - a. АҚ
 - b. ЖШС

- c. Фирма
- d. Корпорация
- e. Концерн

2 Төмендегілердің қайсысы экономикалық ортаға жатады?

- a. Медицина
- b. Технология
- c. Жұмыссыздық
- d. Өнер және кино
- e. Бюджет тапшылығы

3 Кәсіпорындарды қажетті ресурстармен қамтамасыз ететін тұлғалар

- a. Бәсекелестер
- b. Жабдықтаушылар
- c. Мердігерлер
- d. Клиенттер
- e. Менеджерлер

4 Белгілі бір өнім өндіретін және халыққа қызмет көрсететін заңды тұлғалар жиынтығы

- a. Корпорация
- b. Кооператив
- c. Кәсіпорын
- d. Бизнес
- e. Сауда

5 Кәсіпорынның ішкі жағдайлары неше топтан құралады?

- a. 4
- b. 3
- c. 2
- d. 1
- e. Жауаптар дұрыс емес

6 Кәсіпорынның үлкен ортасына жататын факторлардың бірі

- a. Бәсекелестік
- b. Жабдықтаушылар
- c. Клиенттер
- d. Экономикалық
- e. өндіріс факторы

7 Кәсіпорынның маркетингтік ортасының бөлінуі

- a. Сыртқы және ішкі
- b. Орта және шағын
- c. Күрделі және оңай
- d. Үлкен және ықшам
- e. Экономикалық, демографиялық

8 Адамдар мен олар құрған бірлестіктердің белсенді дербес шаруашылық қызметі

- a. Шағын бизнес
- b. Кәсіпкерлік
- c. Ұжымдық кооператив
- d. Коммерциялық кәсіпорын
- e. Бірлестіктер, ұйымдар

9 Кәсіпкерліктің түрі

- a. Сауда-саттық
- b. Факторинг
- c. Кеңес берушілік
- d. Бизнес
- e. Делдалдық

10 Айналым қаражаты қалыптасу көздеріне қарай бөлінеді:

- a. Несие және қарыз
- b. Өндірістік және өндірістік емес
- c. Негізгі және қосымша
- d. Тікелей, жанама және қосымша
- e. Меншікті және қарыз

Тақырып 3. Кәсіпорынның негізгі капиталы

1. Кәсіпорынның негізгі қорының экономикалық мазмұны, олардың құрылымы мен құрамы
2. Ұдайы өндірістегі негізгі қордың құрылымы мен құрамы
3. Лизинг негізгі капиталдың жаңа формасы ретінде. Өндірістік және қаржылық лизинг
4. Негізгі қордың амортизациясы мен тозуы
5. Негізгі өндірістік қорды анықтау

Негізгі қорлар дегеніміз өндірістік процеске бірнеше рет қатысып өзінің құнын тозған сайын бірте-бірте дайын өнімге ауыстыратын өндірістік қорлардың бір бөлігін айтамыз. Негізгі қорлар екі топқа бөлінеді:

1. Негізгі өндірістік қорлар
2. Негізгі өндірістік емес қорлар

Негізгі өндірістік қорлар дегеніміз материалдық өндіріс сферасында әрекет ететін өндірістік процеске тікелей немесе жанама түрде қатысатын қорларды айтамыз. Өндірістік емес қорлар дегеніміз кәсіпорынның қарамағындағы бухгалтерлік балансындағы тұрған және өндірістік процеске әсер етпейтін объектілер. Өндірістік емес қорларға мыналарды жатқызамыз:

1. Бала бақша
2. Тұрғын үйлер
3. Емханалар т.б.

Өндірістік қорлардың құрылысы дегеніміз жеке элементтердің олардың жалпы құндық ара қатынасын айтамыз.

Негізгі өндірістік қорлардың құрамы мыналардан тұрады:

N	Негізгі қорлардың құрамы	%
	ғимараттар	30,4%
	құрылғылар	14,3%

беріліс қондырғылары	11%
машиналар мен құрал-жабдықтар	41,8%
күш машиналары мен құрал-жабдықтар	3,1%
жұмыс машиналары	31,9%
өлшейтін және реттейтін	2,1%
есептеу технологиясы	0,8%
транспорт құралдары	1,9%
өндірістік шаруашылық түгендеме	0,4%
басқалары	0,01%
Барлығы	100%

Негізгі капитал – бұл негізгі қорды ұзақ уақыт атқарылатын материалдың құндылығы бар ретінде бағалау. Негізгі қордың құрамын жіктегенде 2 бөлікке бөлінеді:

- өндірістік қорлар
- өндірістік емес қорлар

Өндірістік негізгі қорларға:

- өнеркәсіп
- құрылыс
- ауылшаруашылығы
- көлік құралдары
- байланыс, сауда
- басқа да материалдық салалар жатады

Өндірістік емес негізгі қорларға:

- денсаулық сақтау
- білім беру
- тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық
- мәдениет т.б.

Негізгі қорлардың натуралдық заттық белгіленуіне қарай мынандай түрлері бар:

- ғимарат
- құрылыс
- техника күштері және құрал-жабдықтары
- көлік құралдары

- аспап
- өндіріс
- шаруашылық мүлкі т.б.

Негізгі қор өндірістік процеске қатыспауына қарай екі топқа бөлінеді:


- актив
- пассив

Актив бөлігі (машина құрал жабдық) өндірістегі өнімнің саны мен сапасына тікелей әсер етеді. Пассив бөлігі негізгі қорлардың ғимарат, құрылыс және өндірістік процеске қажетті жақтарын қарайды. Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлары бойынша шаруашылық айналымын жүргізу үшін мынадай сатылардан тұрады:

- негізгі қордың тозу сатысы
- амортизация сатысы
- капитал салымдарын жүзеге асыру жолдарының

сатысы

Негізгі өндірістік қорлардың жіктелімі



Бұл классификация негізгі қорларды өнеркәсіптік өндірісті рөлі жағынан зерттеу мүмкіндігімен әрқашан қамтамасыз ете бермейді. өз кезегінде негізгі өндірістік қорларды активті және пассивті салыстыру түрінде, олардың сапалық пайда болуының функционалдық құрылымын зерттеп көрсету мүмкін емес. Бұл классификацияда негізгі өндірістік қорлардың іріленген топтарының бар болуына негізделеді.

Негізгі қорлардың активті бөлігінің өсуі тура нәтиже береді өнім шығарылуының жоғарылауы және кәсіпорын қызметі көрсеткіштерінің жақсаруы, ғылыми-техникалық прогресстің жетілуімен бірге негізгі өндірістік қорлардың активті бөлігінің бүкіл өнеркәсіп бойынша да, жеке салалар бойынша да көбею тенденциясы да күшейеді, әдетте жаңа кәсіпорындардағы құрал-жабдықтардың құнынан салыстырмалы мөлшердегі ескі кәсіпорындардың негізгі өндірістік қорларындағы құнынан жоғары болады.

Пассивті бөлімінің анализінде кейбір кәсіпорындар басқаша болады. Кейбір жағдайларда пассивті бөлімі өсуі мүмкін. Бұл өндірістің ерекше шарттарын талап ететін (мысалы, тазалық, ылғалдылық, ауа температурасы бойынша) өнім өндіргенде мүмкін, бұл жағдай жаңа өндірістік ғимараттарды салуға шығындарды тез көбейтеді. Пассивті бөліктің өсуі кейде қазіргі кездегі әлеуметтік талаптарға сәйкес ескі кәсіпорындарды қайта өңдеуге ірі капитал салымдары есебінен болады. Алайда, басқа да теңдік жағдайларда негізгі өндірістік қорларының активті бөлігінің үлесін ең прогрессивтік құрал-жабдық неғұрлым тиімді жобалауды орнату жолымен жоғарылату қажет.

Негізгі өндірістік қорларды бағалаудың үш әдісі бар.

1. Бастапқы құн бойынша бағалау
2. Қалпына келтіру құны бойынша бағалау.
3. Қалдық құны бойынша бағалау.

1. Бастапқы құны бойынша бағалау бұл негізгі қорлардың бағалаудың сатып алуы немесе іске қосылуы кезіндегі құнын сипаттайды.

2. Қалпына келтіру құны әдісі бойынша бағалау – бұл бұрын енгізілген құрал жабдықтардың жаңа жағдайлардағы кезіндегі құны.

3. Қалдық құны бойынша бағалау әдісі – бұл бастапқы немесе қалпына келтіру құнынан тозу мөлшерін алып тастағанға тең.

Негізгі өндірістік қорларды бағалаудың ережелері:

1. Бастапқы құны бойынша бағалау бұл негізгі қорларды бағалаудың сатып алуы немесе іске қосуы кезіндегідей құнын сипаттайды.

$$\Phi_6 = Ц + 3\text{мон} + 3\text{трэн}$$

Мұндағы Ц – сол уақыттағы өнімге деген баға

3м – монтаждауға кеткен шығын

3тр – транспорттауға кеткен шығын

2. Қалпына келтіру құны әдісі бойынша бағалау – бұл бұрын енгізілген құрал-жабдықтардың жаңа жағдайлардағы бағалау кезіндегі құны.

3. Қалдық құны бойынша бағалау әдісі – бұл бастапқы немесе қалпына келтіру құнынан тозу мөлшерін алып тастағанға тең.

$$\Phi_{\text{қалд.}} = \Phi_{\text{баст.}} - \Phi_{\text{тозу}};$$

Негізгі қорды құндық бағалаудың мынадай түрлері бар:

1. Қолда бар құрал-жабдықтарды бастапқы толық құны бойынша бағалау, оларды тасымалдаудағы көлік шығындары және пайдалану кезіндегі құрастыру жұмыстарының құны.

Негізгі қорды бастапқы құны бойынша кәсіпорынның балансындағыдай есепке алынады, сондықтан оны баланстау құны деп атайды.

2. Қорды толық қалпына келтіру құны және оны дамыған жағдайда келтіру құны бойынша бағалау. Бұл ұқсас

материалдарды дамыған жағдайда сәйкес, пайдаланудың тиісті параметрлерін сақтауды көздейді.

Негізгі қорлардың амортизациясы және тозуы.

Тозу дегенде түрлі объектілердің құрылымдық сапаларының пайдалану барысында моральды ескіруге байланысты бірқалыпты немесе күтілген жоғалтулар процесін түсінуге болады. Тозу объектінің тұтыну сапасын жоғалтуын және соған сәйкес оның құнының төмендеуін сипаттайды. Тозу жер аймақтары және табиғи қолданыстар объектілеріне есептелмейді.

Негізгі қорлар екі түрлі тозуға ұшырайды: моральды және физикалық. Моральды тозу негізгі қорлардың толық физикалық тозуынан бұрын болады. Моральды тозу оны тудыратын себептеріне байланысты екі түрге бөлінеді:

1-ші түрі – бұл осы негізгі қорларды шығаратын өндіріс салаларында еңбек өнімділігінің өсуінен, оларды дайындау шығындарын қысқартуға байланысты негізгі қорлардың құны төмендеуінен пайда болатын тозу түрі.

1-ші түрдегі моральдық тозу көлемі объектілердің толық алғашқы құнын (К) пайызбен көрсеткенде мына формуламен

есептеледі,

мұндағы КК – объектіні қалпына келтіру құны

2-ші түрі – өндіру қабілет күші жоғары және дамыған,

$$M_T = \frac{K_A - K_K}{K_A} \cdot 100$$

жаңа машина және жабдықтардың пайда болуына байланысты, ескі технологияның құнсыздануына алып келуінен туындайтын тозу. Жаңа машиналар үнемдірек және өндіру қабілеті жоғары болады.

2-ші түрдегі моральдық тозу келесі үлгі бойынша есептеледі.

$$M_T = QAE - ((QAE / (OKE * TE) - QAJ / (OKJ * TJ)) * OKJ * TK,$$

мұндағы QAE және QAJ - сәйкесінше ескі және жаңа машиналардың алғашқы құны; OKE және OKJ - сәйкесінше жаңа және ескі машиналардың табиғи бірлік өлшемде жылдық өндірістік қабілеті; TE және TJ - сәйкесінше ескі және жаңа машиналардың тиімді пайдаланған мерзімі, жыл; TJ - ескі машинаны тиімді пайдалануға болатын мерзімі, жыл.

Жалпы түрде моральдық тозудың екі түрінде мына формуламен есептеуге болады.

$$M_T = (QA - ((KJ * OKE) / OKJ)) / QA$$

Мұндағы, KJ - ескі ұқсас қызмет атқаратын объектіге қарағанда жаңа объектіні сатып алу және олардың өндірістік көлемі жоғары болады.

Негізгі қорлардың физикалық тозуы - бұл олардың алғашқы тұтыну құнын жоғалтуы, содан олар біртіндеп жарамсыз болып, оларды жаңа түрімен алмастыру керек болады. Осылайша, пайдалану процесі кезінде ғимарат және құрылыстар біртіндеп тозуға ұшырайды, машина және жабдықтар тозады. Физикалық тозу екі фактор әсерінен болады. 1-ші еңбек құралдарының жұмыс істеу кезінде бөлшектердің механикалық тозуы, ағаш және металлдың тозуы, динамикалық ауыртпалықтар, соқтығыс және т.б. Бұл өндірістік тозу болып табылады. 2-ші фактор физикалық тозу табиғат күштерінің әсерінен металлдардың коррозияға ұшырауы, кеуіп кету, ағаштардың сынуы т.б. Бұл жаратылыстық тозу түрі.

Тозу түсінігі «амортизация» түсінігіне қарағанда алғашқы түсінік. Ең алдымен тозу материалды, өлшемді және есеп жүргізу әдістеріне тәуелді емес. Амортизация болса материалды емес, оны өлшеуге болмайды, тек көлеміне

байланысты анықтауға болады, яғни ұйымның есептік саясатында сол немесе басқа әдістермен есептеуге болады. Амортизация термині латын тілінен amortisatio сөзінен «өтеу» деген мағынаны береді. Негізгі қорға қатысты амортизация мағынасында белгілі іс-әрекеттерді мүліктің тозу есебімен байланысты сәйкес объектілердің тиімді пайдалану уақыт аралығына пайдаланатын және өндiрген өнімге өз құнын аударатын, атқарылған жұмыстар, көрсетілген қызметтерді түсінуге болады. Амортизациялық аударымдар - амортизация көлемінің ақшалай мәні, яғни негізгі қорлардың тозу дәрежесіне сәйкес. Қазіргі кезде «амортизация» түсінігіне кіретін ұғымдар кеңейді және өзгеріске ұшырады. Осылайша, амортизациялық аударымдар қарапайым түрдегі қызметтің шығындарына жатады және негізгі қорлар құнын өтеу құралы ретінде қарастырылады. Амортизациялық аударымдар мүліктің есептелген құнын алуды білдіреді. Басқаша айтқанда, негізгі қорлардың объектілерінің құны амортизациялық аударымды есептеу арқылы есептеу арқылы өтеледі. Сонымен бірге, негізгі қорлардың өзгеше бөлек объектілеріне амортизация есептелмейді, соның ішінде:

- коммерциялық емес ұйымдардың негізгі қорларының объектілеріне, өндірістік қызмет түрінің негізгі қорларының объектілеріне қолданылмайды;

- кәсіптендірілген құрылыстар мен кеме қатынастарын қамтамасыз ету;

- ішкі жабдықтаушылық объектілері және басқа ұқсас орман және жас шаруашылықтың объектілері;

- иемденген ғимараттар;

- жер аймақтары.

Амортизациялық аударымдарды есептеуді түрлі әдістермен есептеу кестеде көрсетілген.

Амортизациялық есептемелерді түрлі әдістермен есептеу:

Есептеу әдістері	Есептеу базасы	Есептеу тәртібі
1. СЫЗЫҚТЫҚ	1. Объектінің алғашқы құны (АҚ) 2. Объектіні тиімді пайдалану мерзімі бойынша есептелген амортизация нормасы (ТПМ)	АҚ- 120 мың т ТПМ-8 ж 3. Амортизацияның жылдық сомасы-15 мың т (120000/8) 4. Амортизацияның жылдық нормасы-12.5%(15мың т *100/120мың т) 5. Есепті айға амортизация нормасы-1.0417% (12.5/12ай) 6. Есепті айдағы амортизация сомасы-1250т(120мың*1.0417%/100)
2. Тиімді пайдалану мерзімі санының сомасы	1. Объектінің алғашқы құны (АҚ) 2. Жылдық ара қатынас (жыл санын, яғни объектілердің атқаратын қызметтерінің аяқталуына дейін қалған мерзімін, қызмет атқару керек мерзім санына бөлеміз).	1.АҚ-120мың т 2.Қызмет атқару мерзімі-8 ж 3.Атқару мерзімінің жылдық саны- 36 (1+2+3+4+5+6+7+8) Атқарылған жылдар Амортизациялық нормасы, сомасы 1ж-8*100/36=22.22%: 22.22%*120/100=26664 т 2ж-7*100/36=19.44%: 19.44%*120/100=23328 т 3ж-6*100/36=16.67%:

		16.67%*120/100=20004 т 4ж-5*100/36=13.89%: 13.89%*120/100=16668 т 5ж-4*100/36=11.11%: 11.11%*120/100=13332 т 6ж-3*100/36=8.33%: 8.33%*120/100=10000т 7ж-2*100/36=5.56%: 5.56%*120/100=6.672т 8ж-1*100/36=2.78%: 2.78%*120/100=3332т
		Қорытынды: Әр айлық сома - 12-ге бөлінген жылдық сомаға негізделе отырып есептеледі
Өзіндік құнының өндірілген өнім көлеміне (жұмыс) прапорционалды	Алғашқы құн(АҚ) Негізгі қор объектілерін қолданған барлық периодта шығарылған өнім көлемі	1. АҚ-120 мың т. Жоспарланған өнім көлемі-200мың дана Есептелген айда 2мың дана шығарылған 4. Бір өнім данасының амортизация сомасы - 0.6 (120000/200000) 5. Есептелген айдағы амортизациялық шығарылымдар - 1200т (0.6*2000дана)

Амортизациялық аударымдар көлемі негізгі қорлардың сәйкес объектілерінің пайыздық алғашқы құны

амортизацияның жылдық нормасы немесе амортизация нормасы деп аталады. Қазіргі кезде амортизация нормасы негізгі қорлардың толық қалпына келтіруіне негізделіп мына формуламен есептеледі:

$$AT = ((QA - QJ) / (T - QA)) * 100,$$

мұндағы, QA - негізгі қорлардың алғашқы құны, QJ - негізгі қорлардың ликвидациялық құны; T - негізгі қорларды тиімді пайдалану мерзімі, жыл. Құралдардың көп түріне түрлі амортизациялық нормалар есептеледі, ол құралдардың кәсіпорында қандай өндіріс типінде пайдаланылып жатқандарына байланысты ірі сериялық, кіші сериялық немесе бірлік болып бөлінеді. Мысалы, объектілердің алғашқы құны - 120 мың т., оның тиімді пайдалану мерзімі - 8ж., амортизациялық жылдар нормасы - 12.5%. Осыдан амортизацияның жылдық нормасы 25%-ке тең етіп есептеледі (12.5x2)

Амортизациялық есептеме сомасы:

- 1-ші жылы - 120 мың т. x 25%=30 мың т.
- 2-ші жылы - (120 мың т. - 30 мың т.) x 25%=22.5 мың т.
- 3-ші жылы - (90 мың т. - 22.5 мың т.) x 25%=16.8 мың т.
- 4-ші жылы - (67.5 мың т. - 16.8мың т.) x 25%=12.7 мың т.
- 5-ші жылы - (50.7 мың т. - 12.7 мың т.) x 25% = 9.5 мың т.
- 6-шы жылы - (38.0 мың т. - 9.5 мың т.) x 25% = 7.1 мың т.
- 7-ші жылы - (28.5 мың т. - 7.1 мың т.) x 25% = 5.4 мың т.
- 8-ші жылы - (21.9 мың т. - 5.4 мың т.) = 16 мың т. немесе 120 мың т. - 104 мың т., яғни 7 жылға амортизацияның есептемесінің соммасына есептелген.

Тура осы сомма 16 мың т. объектінің тиімді пайдалану мерзімінің соңғы жылдардағы амортизациялық аударым ретінде қабылдады.

Қорытындысында 8 жылға есептелген амортизацияның жалпы сомасы объектілердің алғашқы құнына тең болады -

120мың т. (30.0+22.5+16.8+12.7+9.5+7.1+5.4+16.0)

Берілген мәліметтерге қарағанда 2-ге тең жылдамдатылған коэффициентті қолданғанда, объектілердің амортизация сомасының барлық тиімді пайдалану мерзімі оның алғашқы құнына ықпал етеді. Сондықтан жылдамдатылған коэффициентсіз бұл әдіс тәжірибеде қолдануға тиімсіз. Сонымен бірге жылдамдатылған коэффициентті федералды органдардың атқару билігі орындайтын жоғары технология салаларының және машина, құрал-жабдықтарының тиімді түрлерінің саны бойынша қолданады.

Осылайша, амортизация есептеудің қандай түрінде болмасын, амортизациялық аударымдардың жалпы сомасы объектілердің тиімді пайдалану мерзімі бойынша негізгі қорлардың алғашқы құнына тең болады. Сонымен бірге амортизация сомасын есептеу әдістеріне байланысты ерекшеленеді. Есептелген амортизация нормасының негізгі қорларының құнын тиімді пайдалану мерзімінің сомасы жылдар саны бойынша шығынға жазу әдісін қолданудың жолдары келесі кестеде көрсетілген.

Амортизация мөлшерлері

Қызмет атқарған жылдары	Тиімді қолданылған жылдар саны									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	1	66.67	50.00	40.00	33.33	28.57	25.00	22.22	20.00	18.18
2		33.33	33.33	30.00	26.67	23.81	21.43	19.44	17.78	16.36
3			16.67	20.00	20.00	19.05	17.86	16.67	15.56	14.55
4				10.00	13.33	14.29	14.29	13.89	13.33	12.73
5					6.67	9.52	10.71	11.11	11.11	10.91
6						4.76	7.14	8.33	8.89	9.09
7							3.57	5.56	6.67	7.27
8								2.78	4.44	5.45
9									2.22	3.51
10										1.75

Кәсіпорында негізгі қорларды пайдалану процесінде олар әдетте тозуға ұшырайды, олардың жұмыс қабілеттілігін ұстап тұру үшін жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Жөндеудің үш түрі ерекшеленеді: қалпына келтірілетін, ағымдық және капиталды.

Қалпына келтірілетін - бұл жөндеудің ерекше түрі, ол түрлі жағдайлармен байланысты болады: стихиялық апат (су басу, от, жер сілкіну), соғыс апаттары, негізгі қорлардың ұзақ уақыт жұмыс істелмегендіктерінен. Қалпына келтірілетін жөндеу мемлекеттің арнайы кәсіби құралдарымен жүзеге асырылады.

Ағымдық жөндеу - бұл ұсақ жөндеу түрі және негізгі қорларды өндіру процесінде ұзақ мерзімді емес үзіліспен жұмыс істегенде жүзеге асырылады. Ұсақ жөндеуде бөлек бөлшектер, жалғастырушы бөлшектер ауыстырылады, жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Капиталды жөндеу - негізгі қорлардың елеулі жөндеу ісі және машиналардың толық бөлшектенуімен байланысты, барлық тозған бөлшектерін және түйіндерін ауыстыру. Капиталды жөндеуден кейін машиналардың техникалық параметрлері алғашқы түріне қайта жақындайды.

Модернизация – негізгі қорлардың техникалық жетілу моральды тозуды жою және техникалық-экономикалық көрсеткіштердің көтерілуі.

Модернизация - моральды тозуды жойып және техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жаңа құралдардың дәрежесіне дейін көтеру мақсатымен негізгі қорларды техникалық жетілдіруді білдіреді. Жаңарту дәрежесіне қарай бөлшектенген және комплексті модернизация болып ерекшеленеді.

Модернизацияны жөндеу әдістеріне қарай типтік және мақсатты етіп бөлеміз.

Типтік модернизация – бұл сериялы конструкциялардың массалы біртекті өзгерістері.

Мақсатты модернизация - нақты өндірістің қажеттіліктерімен байланысты жетілдіру.

Модернизацияны жүргізгеннен кейін қосымша пайданы мына формуламен есептеуге болады:

$$\square \theta = \square \Pi = (\theta_1 - \theta_2) * V_2$$

$\square \theta$ - өнімнің өзіндік құнының төмендеуі;

$\square \Pi$ – қосымша пайда

V-модернизациядан кейін өнім өндіру көлемі

θ_1, θ_2 – модернизациядан бұрын және кейін өндірілген өнім бірлігінің өзіндік құны.

Негізгі қорларды қолдану дәрежесін анықтау және жоспарлау қозғалысын сипаттау үшін оларға талдау жүргізу керек.

- негізгі қорлар құрылымы және құрамында болған өзгерістерді шығару және бағалау, олардың технологиялық жағдайлары және құрамы;

- кәсіпорында негізгі қорлардың қолдану әдістері және олардың резервтерін анықтау;

- болып жатқан өзгерістерде сәйкестіктерді орнату, фирманың дамуы, нарық қажеттілігі және бәсекелестік мүмкіндіктер;

- маңызды факторларды алып тастау және негізгі қорларды қолдану дәрежесінің өзгерісіне сандық ықпалы;

Негізгі қорларды пайдалануды талдау үшін мынадай жұмыстар жүргізілуі қажет:

- талдау қажеттілігі шешімін фирма басшылығының қабылдауы;

- жұмысшылар бөлімін орнату;

- жұмысшылардың жұмыс орындау мерзімі және анықтамалық мерзімді зерттеу;

Талдау мақсатына жылдық тіркеудің берілгендері статистикалық есептер, оперативті технологиялық тіркеулерді және алғашқы материалдардың қажеттілігінде ақпараттарды зерттеу.

Жаңарту, істен шығу, өсу, тозу және негізгі қорлардың сақталу мерзімінің көрсеткіштерін есептеу.

Коэффициент	Есептеу үшін формула	Шартты белгілер
Негізгі қорлардың жаңаруы $K_{жаңа}$	$K_{жаңа} = K_{ққ} - /Қаяқт$ Қаяқт-сол кезеңнің аяғындағы негізгі қорлар құны	$K_{ққ}$ – талданған уақыт мерзіміндегі негізгі қорлардың қайта қалпына келтірілгендердің алғашқы құны
Негізгі қорлардың істен шығуы $K_{іш}$	$K_{іш} = K_{шық} / K_{бас}$	$K_{шық}$ – талданған уақыт мерзіміндегі істен шыққан негізгі қорлардың құны
Негізгі қорлардың өсуі $K_{өсу}$	$K_{өсу} = (K_{ққ} - K_{шық}) / Қаяқт$	Жоғарыдағылар
Негізгі қорлардың тозуы $K_{тозу}$	$K_{тозу} = Қ$ тоз/Қалғ	$Қ$ тозу-барлық негізгі қорлардың немесе олардың бөлек түрлерінің тозу құны
Негізгі қорлардың сақталу мерзімі K_C	$K_C = (ҚАЛ_{±} - ҚТОЗУ) / ҚАЛ_{±}$	Жоғарыда көрсетілгендер

Негізгі қорлардың пайдалану тиімділігін арттыру жолдары

Жаңа экономика кең мағынада - бұл жаңа технологиялардың, ғылыми жетістіктердің және барлық салаларға, сегменттерге таралған инновациялардың жүзеге

асырылуы. Шикізаттық индустриалды экономикадан интеллектуалды ресурстарға негізделген, ақпараттық технологиялар дамыған экономикаға өту халықаралық шаруашылықтың ең маңызды даму тенденциясы.

Кәсіпорындағы негізгі қорларды пайдалану жолдарын жақсарту мына жағдайларға байланысты: өнімдерді өндірудің жоғары болуы, өзіндік құнның төмендеуі, өнім сапалылығын жақсарту, мүлікке салықтың төмендеуі және баланстың жоғарылауымен сипатталады.

Кәсіпорында негізгі қорларды пайдалануды жақсартуға мына жолдармен жетуге болады:

- кәсіпорынның артық (керек емес) құралдарынан, машина және басқа негізгі қорларды жалға беру;
- уақтылы және сапалы жоспарлы ескерту және капиталды жөндеу жүргізу;
- жоғарғы сапалы негізгі қорларды сатып алу;
- қызмет көрсетуші тұлғалардың квалификациялы дәрежесін көтеру;
- уақтылы жаңарту, әсіресе негізгі қорлардың активті бөлігінің моральды және физикалық тозудың шексіз тозуына жол бермеу мақсатымен жүзеге асырылады;
- кәсіпорын жұмысының ауыспалы коэффициенттерінің жоғарлауы, егер мұнда экономикалық пайдалылық бар болса;
- өндіріс процесінде материалдар мен шикізаттарды дайындау сапасын жақсарту;
- өндірістің механизация және автоматизация дәрежесін көтеру;
- жөндеу қызметтер орталығында экономикалық пайдалылық қай жерде керек болса, сол жерде қамтамасыз ету керек;
- концентрация дәрежесін көтеру, өндірістің мамандануы және жинақталғандығын жақсарту;

• жаңа техниканың және прогресивті технологияның аз қалдықты, қалдықсыз энерго және отын жинақтаушыларды енгізу;

• өндірістік ұйымдарды жетілдіру, яғни жұмыс уақытын қысқарту және машина жабдықтарының тұрып қалуын қысқарту мақсатымен байланысты;

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорынның негізгі қорының экономикалық мазмұны, олардың құрылымы мен құрамы.
2. Ұдайы өндірістегі негізгі қордың құрылымы мен құрамы.
3. Лизинг негізгі капиталдың жаңа формасы ретінде. Өндірістік және қаржылық лизинг.
4. Негізгі қордың амортизациясы мен тозуы.
5. Негізгі өндірістік қорды анықтау

Тест тапсырмалары

1 Өндірістік негізгі қорға жатады:

- a. Денсаулық сақтау
- b. Құрылыс
- c. Білім беру
- d. Мәдениет
- e. Өнер

2 Бөлу және қайта бөлу процесіне ұшырайтын ақша қатынастарының жиынтығы

- a. Бюджет
- b. Несиелік қатынастар
- c. Бағалы қағаздар
- d. Ұлттық табыс
- e. Қаржы

3 ҚР-ң бюджет жүйесі деңгейлері

- a. Аймақтық және мемлекеттік

- b. Облыстық және аудандық
- c. Қалалық, аудандық
- d. Республикалық және жергілікті
- e. Республикалық, жергілікті, федеративтік

4 Кәсіпорын қаржысының негізгі қызметтері

- a. Бөлу және тарату, бақылау
- b. Бөлу және қайта бөлу
- c. Бақылау, жоспарлау
- d. Сатып алу және сату
- e. Тарату, бақылау және болжау

5 Қаржыларды басқаруды жүзеге асыратын барлық ұйымдастырушылық құрылымдардың жиынтығы бұл:

- a. қаржылық буын
- b. қаржылық сала
- c. қаржылық жүйе
- d. қаржылық аппарат
- e. қаржы блогы

6 Жоспарда көрінбеген және арнайы қажеттілікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын ақшалай ресурстардың қоры:

- a. қаржы ресурстары
- b. қаржы резервтері
- c. банк қарыздары
- d. алтын қор
- e. валюталық қор

7 Белгілі нәтижеге қол жеткізу үшін объектіге, мақсатты әсер етудің тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы:

- a. Басқару
- b. Бақылау
- c. Сақтандыру
- d. Жоспарлау

e. ревизия

8 Қайсы өлшем еңбектік өлшемге жатады?

- a. Сағат, күн, ай
- b. Кг, м, дана, тн
- c. Теңге, тиын
- d. Коэффициент
- e. пайыз

9 Стандарт сөзі қай тілден алынған және қандай мағынаны білдіреді?

- a. Латын тілінен үлгі деген мағынаны білдіреді
- b. Латын тілінен анықтама деген мағынаны білдіреді
- c. Ағылшын тілінен есеп беру деген мағынаны білдіреді
- d. Ағылшын тілінен нома деген мағынаны білдіреді
- e. Барлық жауап дұрыс

10 Қаржылық есеп беру стандартының халықаралық комитеті қай жылы құрылды?

- a. 1972ж. 29 шілдеде
- b. 1976ж. 29 маусымда
- c. 1978ж. 29 маусымда
- d. 1971ж. 29 тамызда
- e. 1973ж. 29 маусымда

Тақырып 4. Кәсіпорынның айналым капиталы

1. Кәсіпорынның айналым капиталы. Олардың құрылымы мен құрамы
2. Айналым қорларын қолдануды жақсартудың негізгі бағыттары
3. Айналым капиталын қаржыландыру көздері. Әр саладағы айналым қаражатының құрылымдық көрсеткіштері
4. Өндірісте айналым қорларының қолданылуын бағалау

1. Кәсіпорындардың іс-әрекеттерін қамтамасыз етудегі міндетті шарт - қолда бар айналым қаражаттарының (айналым капиталы) болуы. Айналым қаражаттары - бұл өндірістік айналым қорларын құру, пайдалану және үздіксіз өндірістік процестер мен өнімді өткізуді қамтамасыз ету үшін авансылаудың ақшалай қаражаттарының жиынтығы. Айналым қаражаттарының мәні - ұдайы өндірістік процестердің қажеттілігін қамтамасыз етудегі экономикалық рөлімен анықталады. Айналым қаражаттары өндірістік процеске бірнеше рет қатысатын негізгі қорларға қарағандағы айырмашылығы, ол тек бір ғана өндірістік кезеңде қызмет етеді және өндірістік тұтыну тәсіліне тәуелсіз өзінің құнын тікелей дайын өнімге апарды. Құралу негіздеріне қарай айналым қаржылары кәсіпорынның өз қаржыларына және қарыз қаржыларына бөлінеді.

Кәсіпорынның өз айналым қаржыларына құралатын негізгі ресурстары: жарғылық қор мен пайда, сондай-ақ пайдаланылу сипатына қарай өз қаржы негіздеріне теңестірілетін орнықты пассивтердің нормативі болып табылатын айналым қаржылары және қаржылардың жоғарыда айтылған басқа да өз негіздері жатады.

Қарыз айналым қаржыларын кәсіпорын төлейтін болып немесе нормативтен тыс запастардың қалдықтарына деп уақытша пайдалануға банк несиелері түрінде алады. Өнім

берушілерімен есеп айырысулар кезінде шығатын несиелік берешек те уақытша қаржының қарастырылған негізі ретінде пайдаланылады.

Айналым қаржыларының өз қаржылары және қарыз деп саралануының өзі кәсіпорынның өз айналым қаражаттарын ауыстырып-түйістірудегі шаруашылық-оперативтік дербестігінің маңызды алғышарты болып табылады. Қарыз қаржылар тек өз мақсатына ғана пайдаланылады. Кәсіпорындардың айналым қаржылары үнемі қозғалыста болады, бір формадан екінші формаға үздіксіз өтіп отырады, яғни олар үнемі айналып отырады. Айналым қаржыларының айналымдылығы олардың шеңбер айналымның барлық сатылары бойынша өту шапшандығы арқылы сипатталады.

Айналым жылдамдығы дегеніміз ақша қаржысының тауарлық-материалдық игіліктер алуға жұмсалған сәтінен бастап олардың дайын өнім өткізілгеннен кейін кәсіпорынның есеп-айырысу шотына келіп түскенге дейінгі толық айналым жасап шығатын уақыт.

Айналым қаржыларының айналым жылдамдығы кәсіпорынның жұмысының маңызды сапалық көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Олар қаржылары неғұрлым шапшаң толық айналым жасап шығатын болса, олар кәсіпорынға өнім өндіру мен өткізудің көлемі тұсында соғұрлым аз керек болады.

Айналым қаржыларының айналымдылығы мына көрсеткіштермен: айналым коэффициентімен, бір айналымның ұзақтығымен және қаржылардың айналымда орнығу коэффициентімен сипатталады.

Айналым қаржыларының айналымдық коэффициенті K_0 айналым қаржыларының белгілі бір кезең ішінде қанша айналым жасағанын көрсетеді. Ол кәсіпорынның көтерме бағасында өткізілген өнім көлемінің тиісті мерзім ішіндегі айналым қаржыларының орташа қалдығына C_0 қатынасы

болып табылады да, мына формула бойынша есептеліп шығарылады:

$$K_0 = \frac{P}{C_0}$$

Күндерге шағылған бір айналымның ұзақтығы – T_0 мына формула бойынша есептеледі: $T_0 = D / K_0$ немесе $T_0 = C_0 D / P$, мұндағы D – кезеңдегі күндердің саны.

Қаржылардың айналымда орнығу коэффициенті K_3 өткізілген өнімнің 1 сомына келетін айналым қаржыларының сомасын көрсетеді:

3

$$K_{\text{align}} = \frac{C_0}{P}$$

Айналым қаржыларының айналымдық көрсеткіштерін есептеп шығару үшін қаржылардың айналымымен орташа қалдықтарды анықтау қажет.


Барлық айналым қаржыларының, соның ішінде нормаланатын және нормаланбайтын айналым қаржыларының да жалпы айналымы кәсіпорындардың көтерме сауда бағаларындағы өткізілген өнім көлемі болып табылады да, мұның өзі жылдық есептің «Өнім өткізу» формасында бейнеленеді. Айналым қаржыларының орташа қалдықтары орташа хронологиялық формуласына бойынша есептеп шығарылады:

$$C_0 = \frac{\frac{O_1}{2} + O_2 + O_3 + \dots + O_{n-1} + \frac{O_n}{2}}{n-1}$$

мұндағы O_1, O_2, O_3 және т.б. – айналым қаржыларының әр айдың басындағы қалдықтары, n – кезеңдегі айлар саны.

Өнім өткізу көлемі мен айналым қаржыларының орташа қалдықтары балансқа қосымшада келтіріледі.

Айналым қаражатының айналысы



Айналым қаражаттарын жоспарлау мен басқарудағы маңызды процесс – олардың нормалануы болып табылады. Айналым қаражаттарын мөлшерлеу – кәсіпорын қорларын тиімді қолданудың негізі, ол кәсіпорын жұмысының тұрақты болуы үшін керек мөлшерлерді өндеуге негізделген.

Айналым қорларының запастары және қор аралық қатынастар есептелген нормаларға сәйкес болмауы мүмкін. Өсу нәтижесінде аса нормативті запастар пайда болады және олар ақшалай қаржыны айналыстан шығарады және бұл олардың тиімсіз қолданылуын көрсетеді. Сонымен бірге, қосымша шығындар пайда болады. Айналым қаражаттарының жетіспеушілігін өндірістік тоқтап қалулар, өнім өндірудегі жоспарлардың орындалмауы, қажетті дайын өнім көлемінің болмауынан тұтынушыларды жоғалту, жеткізу мерзімінің бұзылуларына айыппұлдар тудырады. Осылайша, айналым қаржыларын мөлшерлеу – кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін құралдардың минималды жеткілікті көлемін анықтау шаралары болып табылады.

Айналым қаражаттарын мөлшерлеудің негізгі принциптеріне мыналарды жатқызамыз: жоспарлық, жүйелік, ғылыми негіздеу, прогрессивтілік.

Жоспарлық принципі бойынша кәсіпорынның айналым қаржыларын мөлшерлеу берілген тапсырыстарға және өндірілген өнімнің өткізілуін болжауға, өндірістік және өндірістік емес қажеттіліктерге шығын сметасын жоспарлауға, материалдық құндылықтар запастары мен шығындар нормасына инновация және инвестиция бойынша жоспарға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Жүйелік принципі қаржылық мөлшерлердің қолданылатын технологиялық мөлшерлер жүйесімен органикалық байланысын сипаттайды.

Ғылыми негіздеу принципі бойынша айналым қаражаттарын мөлшерлеу процесі қазіргі заманға сай әдістерге негізделеді. Ғылымға негізделген айналым қаржыларының мөлшерлеу жүйесін құру ішкі резервтерді жүзеге асыру құралы болып табылады.

Прогрессивтілік принципі – кәсіпорынның материалды – техникалық жабдықталуы және өнім өндіруді жақсарту, материалдық ресурстарға шығынды азайту, дебиторлық қарыздарды қысқарту арқылы айналым қаржыларының айналысын жылдамдату бойынша қайта өндеу жұмыстарында көрініс береді.

Айналым қаражаттарын мөлшерлеу олардың мөлшерлерін анықтау арқылы жүзеге асырылады. Айналым қаржыларының мөлшері – кәсіпорынның өндірістік қызметін ұйымдастыру үшін тұрақты қажет ақша қаржыларының жоспарлы минималды сомасы. Мөлшерлеу көлемі бір күндік шығын сомасын шығын сметасы бойынша өндіріс және күнделікті айналым қаражатының нормасына қатынасы арқылы анықталады:

$$W_n = H_{ак} \times \frac{M}{T} ,$$

Мұндағы, *Нақ* – айналым қаражаттарының мөлшері, яғни күнделікті және айналым қаражатының запасын білдіруге қатысты мөлшер;

M/T – материалдық ресурстардың бір күндік айналысы;

M – Есептелген мерзімдегі материалдық ресурстардың құны;

T – мерзім (ай, тоқсан, жыл).

Жоспарлы кезеңдегі айналым қаражатының мөлшері тікелей немесе аналитикалық әдістер арқылы есептеледі. Ол жиынтық мөлшерлер (айналым қаражаттарының жалпы сомасы) және жеке нормативтер (элементтер бойынша қаражаттар мөлшері) болып ажыратылады. Тікелей есептеу әдісін қолданғанда мөлшер – берілген тапсырыстар мен өндіріс жоспары, өзіндік құнның сметалық жоспары, материалдық құндылықтардағы запастар мен шығындар мөлшері, инвестиция және инновация бойынша жоспарларына негізделген жеке элементтер сомасы ретінде біріккен айналым қаражаттары арқылы есептеледі. Ол мына формуламен есептеледі:

$$W_{aқ} = \sum W_n,$$

Мұндағы, $W_{aқ}$ – айналым қаражаты элементтерінің жиынтық мөлшері;

W_n – айналым қаражатының элементтері.

Бұл әдістің құндылығы – жеке элементтердің сомасы ретінде құрылады.

Аналитикалық әдістің артықшылығы мөлшерлеудің базистік дәрежесіне бейімделу және нормаланған мерзімге жоспарларды бекіту үшін ресурстарға қажеттілікті есептеу болып табылады. Және мына формула қолданылады:

$$W_{aқ} = I_n \times W_{\delta aқ},$$

Мұндағы, I_n – шығарылған өнім мен қолданылған материалдық ресурстардың көлем өзгерісінің индексі;

$W_{\delta aқ}$ – нормативтің базистік дәрежесі.

Өз кезегінде, өндірілген өнім мен қолданылған материалдық ресурстардың көлемінің өзгерісінің индексі мына формула бойынша есептеледі:

$$I_n = \frac{V_{жосп}}{V_{факт}}, \text{ немесе } I_n = \frac{M_{жосп}}{M_{факт}},$$

Мұндағы, $V_{жосп}/V_{факт}$, - өнімнің жоспарлы және фактілі өндіріс көлемі;

$M_{жосп}/M_{факт}$, - материалдық ресурстардың жоспарлы және фактілі қолданылуы.

Айналым қаражаттарының өндірістік запастардағы құрамы келесі элементтерді қамтиды: шикізат, негізгі материалдар және жартылай фабрикаттар, қосымша материалдар, отын, қосымша бөлшектер, арзан бағалы және тез тозатын заттар (АТЗ).

АТЗ құрамы МАЕ (минималды айлық еңбекақы) көлемінен кемінде 100 реттік бір жылдық қызмет көрсету мерзімі бар еңбек құралдарының құны арқылы есептеледі. Соның ішінде:

- арзан бағалы және тез тозатын құралдар мен жабдықтар;
- арзан бағалы шаруашылық инвентарь (өрт сөдіргіштер, шелек, күректер және т.б.; офистік инвентарь – столдар, орындықтар, шкафтар);
- арнайы құрал – жабдықтар;
- ауысымдық құралдар.

Өндірістік запаста айналым қаражаттарының нормасы келесі элементтерден тұрады:

- транспорттық запастар;
- дайындықтағы запастар;
- ағымдағы запастар;
- сақтандыру запастары;

Транспорттық запас көлемі тікелей және аналитикалық әдістер арқылы анықталады. Тікелей әдіс материалдық ресурстарды аз номенклатурасы, яғни шектелген санды жабдықтаушылардан келетін ресурстар кезінде қолданылады.

Жабдықтаушылардың көп санында қолданылатын ресурстардың көп номенклатурасы кезінде транспорттық запастар өткен мерзім мөлшеріне негізделген аналитикалық әдіс арқылы есептеледі.

Құралдардың дайындық запастарында орын алу уақытын есептеу фактілік шығындар немесе келешектегі уақыттың есептік мәліметтеріне сүйену арқылы анықталады.

Ағымдағы запастар мөлшері жеткізу арасындағы орташа интервалдардың жарты көлемі бойынша анықталады. Аяқталмаған өндірістегі айналым қаражаттары аймақтардағы және цехтардағы тұрақты үзіліссіз өндірістік процесін қамтамасыз ететін айналымдық және сақтандырушылық өңдеулер, циклдар құру үшін авансталады.

Аяқталмаған өндіріс көлемі келесі факторлармен анықталады:

- өндірілген өнім көлемі;
- өндіріс циклының ұзақтығы;
- шығындардың өсу коэффициенті.

Өндірілген өнім көлемі аяқталмаған өндіріске бір күндік өндірілген өнім көлемі арқылы ықпал етеді (өзіндік құны бойынша). Өндіріс көлемі тұтынушылардың берілген тапсырыстары мен өткізу болжамдарына негізделі отырып анықталады.

Өндіріс циклының ұзақтығы – аяқталмаған өндірісте құралдардың қызмет ету ұзақтығы бойынша анықталады. Өндірістік цикл күнтізбедегі уақыт бірліктері (күн, уақыт, минут) арқылы өлшенеді және келесі элементтерден құралады: жұмыс мерзімі, нақты процестер және үзілістер.

Шығындардың өсу коэффициенті (*К_{шығын}*) аяқталмаған өндіріс құрамындағы өнімнің дайындық деңгейін сипаттайды. Аяқталмаған өндірісте шығындардың өсу коэффициенті мына формуламен анықталады:

$$K_{\text{шығын}} = \frac{\sum_i Ш_i}{\Theta \times T}$$

мұндағы, *Ш_i* – *i*-ші уақыт мерзіміндегі өсу нәтижесі бойынша шығындар (*i=1, 2, ..., n*); *Θ* – өнімнің өзіндік құны; *T* – толық өндірістік циклдағы өнімнің күнтізбелік уақыт бірлігіндегі ұзақтығы.

Айналым қаражаттарын тиімді қолдану оларды басқарумен байланысты.

Айналым қаражаттарын басқару келесі басты тапсымаларды шешуді қамтиды:

1) Кәсіпорының үзіліссіз және тұрақты жұмыс істеу мақсатында айналым қаражаттарын аванстау үшін минималды жеткілікті құралдарды есептеу. Ол айналым қаражаттарын нормалау арқылы жүзеге асырылады.

2) АТЗ, тауарлы-материалдық құндылықтарды алып тастау, пайданы анықтау, АТЗ амортизация әдістерін таңдау арқылы салық салуды оптимизациялау үшін кәсіпорынның есептік саясатын қарастыру.

3) Қаржы айналысының әр кезеңіндегі айналым қаражатының айналысының жылдамдығы.

Бұл тапсырмаларды шешу үшін кәсіпорында ұйымдық және техникалық-экономикалық жұмыстар тұтынушылардан ақшалай қаржыны алмас бұрын жеткізушілерге төлемді төлеуден қор аралық қатынас және өндірістік айналым қаржыларының қозғалысының әр кезеңін жылдамдату бойынша жүзеге асырылады. Өндірістік запастарды сатып алу кезеңдеріндегі цикл ұзақтығын қарастырудың негізгі жолдары:

- жеткізу фактісі бойынша еңбек құралдарын төлеу, яғни транспорттық запастардың ликвидациясы;
- қоймалық операцияларды орындаудың автоматизациясы;
- қоймалық есепті компьютерлеу.

Аяқталмаған өндіріс көлемін қысқартудың негізгі жолдары:

- өндірістік процестердегі комплексті механизация және автоматизацияны арттыру;
- көмекші операцияларды орындау уақытын қысқарту;
- ішкі ауысымдық және ауысым аралық үзілістерді қысқарту;
- нақты процестердің ұзақтығын қысқарту.

Негізгі тапсырмаларға қатысты кезеңде дайын өнімнің ақшалай қаржыға айналу уақытын қысқарту маңызды орын алады. Шешу жолдары:

- өткізуді жоспарлаудың жақсаруы нәтижесінде дайын өнім запасының қысқаруы;
- алдын-ала төлеу шарты бойынша өнімді шығару;
- дебиторлық қарыздардың қысқаруы.

Айналым қаражаттарының айналысының жылдамдатылуы үшін мына жағдайларға көңіл бөлу керек:

- жаңа технологияларды қолдану, өндірістік процестердің механизациясы және автоматизациясы, еңбек өнімділігін арттыру, еңбек және материалдық ресурстарды тиімді қолдану, яғни өндіріс ұзақтығын өндіріс интенсификациясы арқылы қысқарту;
- өндірісті қажетті материалды – техникалық ресурстармен қамтамасыз етіп, кәсіпорынның материалды – техникалық жағдайын жақсарту;
- өнімді жабдықтау процесін жылдамдату;
- қорлардың дебиторлық қарызға берілуін тоқтату;
- өндірушіден тұтынушыға жіберілетін тауарларды маркетингтік зерттеу деңгейлерін көтеру.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорынның айналым капиталы. Олардың құрылымы мен құрамы.
2. Айналым қорларын қолдануды жақсартудың негізгі бағыттары.
3. Айналым капиталын қаржыландыру көздері. Әр саладағы айналым қаражатының құрылымдық көрсеткіштері.
4. Өндірісте айналым қорларының қолданылуын бағалау.

Тест тапсырмалары

1 Бухгалтерлік есеп басқа есептерге қарағанда өзінің несімен ерекшеленеді?

- a. Тұтастылығымен, үздіксіздігімен, байланыстылығымен, құжаттылығымен
- b. Есептілігімен, түсініктілігімен, үздіксіздігімен
- c. Айқындылығымен, маңыздылығымен
- d. Шындық және әділдігімен, үздіксіздігімен
- e. Салыстырмалы, сабақтастығымен, құжаттылығымен, қол жетімділігімен

2 Шаруашылық қызметте қамтамасыз ету процесінде қандай қызметтер жатады?

- a. Шаруашылық субъектілеріндегі өнімді өндіру қызметтері
- b. Өнімді өндіру үшін барлық қажетті құндылықтарды дайындау
- c. Шаруашылық субъектілеріндегі өнімді сату қызметтері
- d. Ақпараттарды жинау қызметтері
- e. Басқарушылық қызметі

3 Ауыл шаруашылығы негізінде мағлұматтар, яғни, егін егу, егінді жинау, жинаған өнімді тапсыру жұмыстары және басқалай мағлұматтар, шарушылық есептің қай түріне жатады?

- a. Ақпараттық

- b. Бухгалтерлік
- c. Оперативтік
- d. Басқарушылық
- e. Статистикалық

4 Қандай кәсіпорын кредитор деп аталады?

- a. Акция шығаратын кәсіпорын
- b. Айналым құралдары бар кәсіпорын
- c. Ақша қаражаттары жоқ кәсіпорын
- d. Несие беретін кәсіпорын
- e. Сатып алушы кәсіпорын

5 Шоттардың қандай түрлері бар?

- a. Қарапайым және күрделі
- b. Дебеттік және кредиттік
- c. Талдамалы және кредиттік
- d. Сальдолық
- e. Активтік және пассивтік

6 Өндірістік процесіне сипатына байланысты негізгі құралдар мыналарға бөлінеді:

- a. Тоқтап тұрған және сақтауда тұрған
- b. Жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін
- c. Мүліктік және мүліктік емес
- d. Өндірістік және өндірістік емес
- e. Меншікті және жалға алынған

7 Қызмет ету мерзім ішінде біркелкі норма бойынша негізгі құралдарға амортизация есептеу әдісі?

- a. Кумулятивтік әдіс
- b. Регрессивтік әдіс
- c. Бір қалыпты әдіс
- d. Өндірістік әдіс
- e. Екі еселенген регрессивтік әдіс

8 Аудит сөзі латын тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді?

- a. Тексеру
- b. Тғындаушы
- c. Сөйлесу
- d. Ойлаушы
- e. Дауласу

9 Ревизия жүргізу үшін ең алдымен не құрылады?

- a. Жоспар
- b. Акт
- c. Кесте
- d. Есеп регистрі
- e. Қорытынды

10 Фирманың құны мен сату бағасының арасындағы құндық категория қалай аталады?

- a. Гудвилл
- b. Бонус
- c. Амортизация
- d. Амортизация
- e. Бағдарламамен қамтамасыз ету

Тақырып 5. Өндірістің экономикалық тиімділігі

1. Өндірістің экономикалық тиімділігінің мәні
2. Өндірістің экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері
3. Шығындардың жалпы және салыстырмалы экономикалық тиімділігі
4. Инвестициялық жобалар тиімділігінің көрсеткіштері
5. Өндіріс тиімділігін арттырудың жолдары

Белгілі бір анықталған көлемі мен сапасы бар өнімді (жұмыс орындау, қызмет көрсету) белгіленген мерзімде шығару кез-келген өнеркәсіп орнының іс-әрекетінің мақсаты болып табылады. Бірақ өндіріс көлемдерін анықтағанда бұл өнімнің халық шаруашылығының қажеттілігімен қатар оның тиімділік деңгейінің неғұрлым жоғары болғанын қамтамасыз ету қажет. Сондықтан өнеркәсіп орны жұмысының сапасын, ең алдымен, өндірілген өнімнің экономикалық тиімділігін анықтау арқылы бағалаған дұрыс.

Өндіріс тиімділігі жалпы өндірістің және әрбір жеке кәсіпорынның дамуының негізгі мақсатына жетуімен тікелей байланысты болатын нарықтық экономиканың басты санаттарының біріне жатады.

Экономикалық теория тиімділік санатын өндіріс үдерісін, өндіріс жүйесін немесе шаруашылықты жүргізудің нақты түрінің нәтижелілігі ретінде көрсетеді. Жалпы түрде өндірістің экономикалық тиімділігі екі шаманың - шаруашылық іс-әрекет нәтижелері мен жұмсалған шығындардың (кез-келген пропорциядағы) сандық өзара қатынасын білдіреді. Өндіріс тиімділігін арттыру мәселесінің мәні: барлық ресурстарды пайдалану үдерісіндегі экономикалық нәтижелерді шығындардың әрбір бірлігіне шаққандағы шамасын арттыруды қамтамасыз ету.

Экономикалық тиімділікті арттыру - экономиканың басты мәселелерінің бірі. Көп түрлі экономикалық және

әлеуметтік міндеттерді табысты шешу үшін бүкіл қоғамдық өндірістің тиімділігін шұғыл арттыру.

Өндірістің экономикалық тиімділігінің мәні қоғамның мүдделеріне сай ең аз мүмкін болатын шығындармен барынша жоғары нәтижелерге жету. Сондықтан өндірістің экономикалық тиімділігін анықтау өндірістің нәтижесін, осы нәтижені қамтамасыз ететін нақты және алдыңғы уақыттағы еңбектің тұтас шығындарымен салыстыруға негізделуі қажет.

Шаруашылықтың кез-келген саласында, өнім өндіру үшін бір мезгілді және ағымдағы шығындар қажет болады. Мұндағы шығындардың шамасы көптеген жағдайлар мен факторларға байланысты болады. Өнім шикізат пен материалдардың көптеген түрлерінен, әр түрлі техникалық құралдардың көмегімен, көлемдері, саласы, құрылымы бойынша ерекшеленетін кәсіпорындарда, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың әр түрлерін пайдалана отырып өндірілуі мүмкін.

Өндіріс тиімділігі мәселесінің ерекше маңыздылығы: нақты өндірістің барлық құралдары мен элементтерінің тиімділік деңгейі мен көлемдерін дұрыс есепке алу және талдау қажеттіліктің көлемін алдын ала анықтайды. Өндіріс тиімділігі әрқашан нәтиженің, оны алу үшін жұмсалған шығындарға қатынасын білдіреді. «Өндірістің экономикалық тиімділігі» ұғымына әлеуметтік тиімділік те кіреді (қол еңбегі үлесінің төмендеуі, еңбек жағдайларын жақсарту және т.с.с.).

Бұл тиімділікті анықтау сандық талдау және өлшеу әдістерін қолдануды талап ететіндігін көрсетеді.

Өндіріс тиімділігін анықтау үшін оның өлшемін, яғни мәнін ашып көрсететін бағалаудың басты белгісін анықтаудан басталады. Өндірістің экономикалық тиімділік өлшемінің мағынасы кәсіпорынның алдына қойылған даму мақсаттарына сәйкес алынатын нәтижелерді барынша көбейту немесе жұмсалған шығындарды мүмкіншілігіне қарай аз жұмсау қажеттілігінен шығады.

Өндіріс тиімділігінің негізгі сандық өлшемі ретінде жұмсалған капиталға шаққандағы пайданың жылдық мөлшері болып табылады:

$$E = \Pi \times 100 / K,$$

мұндағы E – жұмсалған капиталға шаққандағы пайда мөлшері, %;

Π – жылдық пайда, теңге;

K – пайда алуды қамтамасыз ететін күрделі қаржылар, теңге;

Экономикалық тиімділікті санмен өлшеудің қажеттілігі нәтиженің шамасын және оған қол жеткізуге кететін шығындарды анықтауға көмектесетін көрсеткіштер жүйесін құруды талап етеді.

Шаруашылықты жүргізудің тиімділігінің қажетті деңгейін, сонымен қатар еңбектік, материалдық ресурстар мен негізгі өндірістік қорларды пайдалану тиімділігіндегі өзгерістердің қорытынды бағасын беруге мүмкіндік беретін өндірістің экономикалық тиімділігінің көрсеткіштер жүйесін жасау қажет.

Еңбек өнімділігінің деңгейі өндірістің экономикалық тиімділігінің өлшемі болып табылады. Еңбек өнімділігі жоғары болған сайын өндіріс шығындары төмен, ал еңбек шығындарының экономикалық тиімділігі жоғары болады.

Еңбек өнімділігі – нақты еңбек шығындарының көрсеткіші. Оны өндірілген өнім көлемін өнеркәсіптік-өндірістік персоналдың бір жұмыскеріне (бір жұмысшыға емес) бөлу арқылы анықталады:

$$E\theta = Q / \theta\theta\Pi \text{ саны}$$

Еңбек өнімділігінің өсуі әр түрлі өнім өндіретін салалар арасында қаржыларды экономикалық негізделген түрде

бөлінуіне және бірдей тұтынушылық қасиеті бар өнімді (бірін бірі алмастыратын өнімдер) шығаратын өндірістің бір саласының немесе әртүрлі салаларының шеңберінде қаржыларды пайдаланудың ең үнемді нұсқасын таңдауға байланысты болады.

Өндіріс тиімділігін көрсеткіштердің бірқатар жүйесі сипаттайды. Көрсеткіштер жалпы және жеке болуы мүмкін, мысалы құрал-жабдық жұмысының ауысымдылығының, өндірістік алаңдарды пайдаланудың коэффициенттері, негізгі құрал-жабдық өнімділігінің көрсеткіштері және т.б. сияқты.

Бірақ, бұл көрсеткіштердің барлығы өндіріс тиімділігін жан-жақты бағалауға, әр түрлі өндірістер мен салаларды салыстыруға, барлық нәтижесін анықтауға мүмкіндік бермейді. Аталған көрсеткіштер өндірістің тек жеке жақтарын, өндіріс элементтері мен ресурстарын сипаттайды.

Еңбексыйымдылығы, материалсыйымдылығы, капиталсыйымдылығы және қорсыйымдылығы қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіштері болып табылады.

Өнімнің еңбек сыйымдылығы – нақты еңбек өнімділігінің көрсеткішіне кері шама, ол материалдық өндіріс саласында шығындалған еңбек шығынының өндірілген өнімнің жалпы көлеміне қатынасы арқылы анықталады:

$$EC = E/Q,$$

мұндағы EC - өнімнің еңбек сыйымдылығы;

E - материалдық өндіріс саласында шығындалған еңбектің шамасы;

Q - өндірілген өнімнің жалпы көлемі (әдетте жалпы өнімнің).

Қоғамдық өнімнің материал сыйымдылығы шикізат, материал, отын, энергияның және басқа да еңбек құралдар шығындарының жалпы қоғамдық өнімге қатынасымен анықталады. Сала (бірлестік, кәсіпорын) өнімінің

материалсыйымдылығы материалдық шығындардың өндірілген өнімнің жалпы көлеміне қатынасымен анықталады:

$$MC = M/Q$$

мұндағы MC - өнімнің материалсыйымдылығының деңгейі;
 M - өнім өндірісіне кеткен материалдық шығындардың жалпы ақшалай түріндегі көлемі;

Q - өндірілген өнімнің (әдетте, жалпы өнімнің) жалпы көлемі.

Өнімнің капиталсыйымдылығы мен қорсыйымдылығының көрсеткіштері де белгілі деңгейде өзара жақын болып келеді. Өнімнің капиталсыйымдылық көрсеткіші күрделі салымдар шамасының шығарылатын өнім көлемінің өсіміне қатынасын көрсетеді:

$$KC = K/\Delta Q,$$

мұндағы KC - өнімнің капитал сыйымдылығы;

K - күрделі салымдардың жалпы көлемі;

ΔQ - шығарылған өнім көлемінің өсімі.

Капиталсыйымдылығын күрделі салымдар шамасының өндірілген ұлттық табыс өсіміне қатынасы бойынша да есептеуге болады.

Өнімнің қорсыйымдылығы халық шаруашылығының негізгі өндірістік қорларының орташа құнының өндірілген өнімнің жалпы көлеміне қатынасы ретінде анықталады:

$$QC = HQ/Q,$$

мұндағы QC - өнімнің қорсыйымдылығы;

HQ - халық шаруашылығының негізгі өндірістік қорларының орташа құны;

Q - өндірілген өнімнің (әдетте жалпы өнімнің) жалпы көлемі.

Халық шаруашылығында, оның жеке салаларында, атап айтқанда өнеркәсіпте, қорсыйымдылығы көрсеткішіне кері болып табылатын қорқайтарымының көрсеткішін кеңінен қолданады. Қорқайтарымы өндірілген өнім көлемінің негізгі өндірістік қорлардың орташа құнына қатынасы ретінде анықталады.

Өндірістік үдеріске қатысудың сипаты мен өтеу көздері бойынша барлық шығындар ағымдағы және бір мезгілді болып бөлінеді.

Ағымдағы шығындар өз қозғалысын әрбір өндірістік циклда бастап, сол циклда аяқтайды, тұрақты түрде қайта жаңарып тұрады және өндіріс шығындарын құрайды (өзіндік құн). Олар шикізатқа, материалдарға, отынға, электр энергиясына, жұмыскерлердің еңбекақысына, негізгі қорлардың амортизациясына кеткен шығындарды қамтиды және тұтынылған ресурстар түрін қабылдайды.

Ағымдағы шығындармен салыстырғанда біртегізді шығындар әрқашан негізгі және айналмалы қорларды толықтыру үшін сатып алынатын және күрделі салымдар түрінде алдын ала қолданылған ресурстар түрінде болады. Оларға кіретіндер: пайдаланылып жатқан еңбек құралдары түріндегі негізгі өндірістік қорлар, кәсіпорын қоймаларындағы өндірістік қорлар түріндегі айналмалы қорлар, материалдық резервтер және құрылыста келешекте керек болатын материалдар жатады.

Нұсқалардың жалпы және салыстырмалы экономикалық тиімділігін анықтауға көмектесетін көрсеткіштер жоғары деңгейде экономикалық тиімділік өлшемін - еңбек өнімділігінің өсуін, яғни берілген өнім түрінің өндірісіне кеткен еңбек шығындарының барынша көп азаюын көрсетуі қажет. Осы талапқа аталған көрсеткіштердің ешқайсысы да жеке түрде сәйкес келмейді.

Күрделі салымдардың, техника мен өндірісті ұйымдастырудың әртүрлі нұсқаларының салыстырмалы

экономикалық тиімділігі, сонымен қатар шығындардың жалпы тиімділігі көрсеткіштер (құндық және табиғи) жүйесінің көмегімен анықталуы мүмкін.

Салыстырмалы экономикалық тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне жататындар: меншікті күрделі салымдар; өнімнің өзіндік құны; еңбек өнімділігі; қосымша күрделі салымдардың өтелу мерзімі (немесе тиімділік коэффициенті).

Меншікті күрделі салымдар пайдаланып жатқан өндірістік қуат бірлігіне, табиғи немесе құндық көріністегі дайын өнім өсімінің бірлігіне есептелген күрделі салымдар шамасын сипаттайды. Келтірілген меншікті күрделі салымдар өндіріс түрлеріне оңтайлы болып табылатын күрделі салымдар, өндірістік қуаттар немесе өнім шығарудың жылдық көлемдеріне байланысты анықтайтын нормативтерімен салыстырылады. Мұнда ең жаңа техника мен технологияларды, өндірісті ұйымдастырудың ең алдыңғы қатарлы әдістерін, өндірістік нысандарды жобалау мен құрастыру барысындағы үнемді шешімдерді қолдану мүмкіндігі ескеріледі.

Қосымша күрделі салымдар салыстырылып жатқан нұсқалар бойынша күрделі салымдардың айырымы ретінде анықталады.

Күрделі салымдар көлемін есептеу кезінде құрылыс, құрал-жабдықтар, механикаландыру және автоматтандыру құралдарының құны нысандарға сәйкес келісім бағалары бойынша анықталады.

Нұсқалардың салыстырмалы экономикалық тиімділігін анықтау барысында аталған негізгі көрсеткіштермен қатар жобалық шешімдердің толық талдауын жасауға мүмкіндік беретін қосымша табиғи көрсеткіштер де қолданылады. Мұндай көрсеткіштер ретінде өнім бірлігіне шаққандағы шикізат, материалдар, отын, электр энергия шығындарының мөлшерлері, өнім сапасының жақсаруы, өндіріс қуатының бір

шаршы метрден алынған өнімі, құрылыс салу коэффициенті және басқалары болуы мүмкін.

Өнеркәсіптің әрбір саласы және өндіріс түрі үшін оған тән болатын табиғи көрсеткіштер таңдап алынуы мүмкін. Осылайша, өнеркәсіптің еңбексыйымды салалары үшін, мысалы көмір өнеркәсібі үшін, бір жұмыскерге шаққандағы өнім шығару көрсеткішін қолдану маңызды болып табылады; өндірістің отынсыйымды, энергиясыйымды салалары үшін пайдалы әрекеттің жылулық және энергетикалық коэффициенттері көрсеткіштерінің, отын мен энергияның меншікті шығындарының мәндері аса маңызды болып табылады; қорсыйымды салалар үшін - агрегаттардың бекітілген қуатын пайдалану көрсеткішін; материалсыйымды салалар үшін - шикізат пен материалдардың меншікті шығындары. Өнімнің сапасы, ассортимент пен номенклатураның пайдаланылуын жақсарту, өндірістік циклдың ұзақтығы, өндірістік алаңдар мен құрал-жабдықтарды үлестік пайдалану сияқты көрсеткіштер өндірістің барлық салалары үшін маңызды.

Табиғи көрсеткіштердің үлкен маңыздылығына қарамастан оларды салыстырмалы нұсқалардың тиімділігін бағалау кезінде қосымша көрсеткіш ретінде қарастырған дұрыс. Оларды талдаудың көмекші мағынасы бар, өйткені олар негізгі экономикалық көрсеткіштердің, атап айтқанда, өнімнің өзіндік құны мен меншікті күрделі салымдардың дұрыстығын тексеру құралы ретінде қызмет етеді.

Жеке жағдайларда орналасу аймағымен, өндірістік қуатымен, өндірістің техникасымен және технологиясымен, мамандандыру деңгейімен және т.б. ерекшеленетін кәсіпорындардың жобалық нұсқаларын басқаларымен салыстырғанда нұсқалардың бірі екіншісіне қарағанда жақсырақ көрсеткіштерімен ерекшеленетінін көрсетеді, дәл айтқанда, ол неғұрлым меншікті күрделі салымдары аз, өзіндік құны неғұрлым төмен нұсқаларды табуға көмектеседі.

Осындай жағдайда осы нұсқаның артықшылықтары айқын көрінеді. Мұнда тек жақсы нұсқаның көрсеткіштерін берілген өндіріс саласының отандық және шетелдік кәсіпорындарында қол жеткізген ең жоғарғы көрсеткіштерімен салыстыру қажет болады.

Бірақ, әдетте, осы немесе басқа нұсқада өзіндік құн неғұрлым төмен болған сайын меншікті күрделі салымдарда соғұрлым жоғары болып келеді. Мұндай жағдайларда берілген нұсқаға қажетті қосымша күрделі салымдарды өнімнің өзіндік құнының төмен болу себебінен жыл сайын пайда болатын шығындардың үнемділігімен салыстырады. Осындай салыстырулар қосымша күрделі салымдардың өтелу мерзімін (немесе тиімділік коэффициентін) анықтау арқылы іске асырылады.

Қосымша күрделі салымдардың өтелу мерзімі салыстырылатын нұсқалар бойынша күрделі салымдар шамаларының айырмасы осы нұсқалар бойынша шығаратын өнімдердің өзіндік құндарының айырмасымен қарым-қатынасын білдіреді. Бұл көрсеткіш қосымша күрделі салымдардың өнімнің өзіндік құнының төмендеуінен болған үнемдеудің есебінен өтелетін мерзімін көрсетеді.

Қосымша күрделі салымдардың тиімділік коэффициенті салыстырылатын нұсқалар бойынша өнімнің өзіндік құны шамалары бойынша айырмасының күрделі салымдар шамаларының айырмасына қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіш күрделі салымдардың әрбір теңгесінен алынатын өнімнің өзіндік құнының төмендеуінен болатын үнемдеу түріндегі нәтижені сипаттайды.

Өтелу мерзімі ΘM және тиімділік коэффициенті E келесі формулалар бойынша есептеледі:

$$\Theta M = (K1 - K2) / (\Theta K2 - \Theta K1);$$
$$E = (\Theta K2 - \Theta K1) / (K1 - K2).$$

мұндағы $K1$ және $K2$ – бірінші және екінші нұсқалар бойынша күрделі салымдар, теңге;

$\Theta K1$ және $\Theta K2$ – бірінші және екінші нұсқалар бойынша өнімнің жылдық көлемінің өзіндік құны.

Өтелу мерзімінің көрсеткішін (тиімділік коэффициенті) жаңадан салынатын және қайта құрылатын кәсіпорын жобаларының нұсқаларын, жаңа техника еңгізу дәрежесін, құрал-жабдықты жаңарту кезінде және жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарда ұйымдастыру-техникалық шараларды іске асырудың барлық жағдайларын салыстыру үшін өте маңызды болып табылады. Есептеу арқылы анықталған өтелу мерзімі (тиімділік коэффициенті) өтелу мерзімінің бекітілген нормативтік ΘM_n көрсеткішімен (E_n тиімділік коэффициентімен) салыстырылады. Қосымша күрделі салымдары бар нұсқа (бірінші нұсқа) осы күрделі салымдар ағымдағы шығындардың үнемделуінің арқасында өтелетін уақыты ΘM нормативті уақытынан ΘM_n аспайтын жағдайда ғана тандап алынады:

$$(K1 - K2) / (\Theta K2 - \Theta K1) < \Theta M_n;$$
$$(\Theta K2 - \Theta K1) / (K1 - K2) > E_n.$$

Күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін анықтаудың үлгі әдістемесіне сәйкес нормативтік коэффициент $0,12$ -ден төмен болмайтындай деңгейде бекітілген (өтелу мерзімі $8,3$ жылдан жоғары болмауы керек) [Жаңа техникаға қатысты соңғы үлгі әдістеме нормативтік коэффициентті $0,15$ -тен төмен болмайтындай деңгейде бекітеді (өтелу мерзімі $6,7$ жылдан жоғары болмауы керек, бұл, сонымен қатар, американдық компаниялардың тәжірибесінде дәлелденілген)]. Тиімділіктің бекітілген нормативтік коэффициентінен ауытқулар бағалардың, еңбекақының айырмашылықтарында және жобаланатын шараның сипатына байланысты ғылыми-техникалық

серпілістікті ынталандыруға негізделе отырып өзгеруі мүмкін.

Күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін анықтаудың үлгі әдістемесімен салыстырмалы тиімділік көрсеткіші ретінде төмендегі формула бойынша анықталатын бір өлшемге келтірілген шығындар көрсеткіші берілген:

$$\Theta K_i + E_n K_i = \text{минимум},$$

мұндағы K_i – i - нұсқасы бойынша күрделі салымдар;

ΘK_i – сол нұсқа бойынша жылдық өнімнің өзіндік құны.

Келтірілген шығындар формуласын тиімділік коэффициентінің формуласынан шығаруға болады. Әрбір нұсқа бойынша келтірілген шығындар тиімділік нормативімен сәйкес бірдей өлшемге келтірілген күрделі салымдар мен ағымдағы шығындардың қосындысын білдіреді. Осылайша, E_n көмегімен күрделі салымдардың өлшемі өзіндік құнның жылдық өлшемімен сәйкестіріледі. Келтірілген шығындар көрсеткішін бірнеше нұсқаларды (екіден асу керек) салыстыру кезінде пайдаланған ыңғайлы. Шығындар қосындысы ең төмен болған нұсқаны таңдаған дұрыс. Аталған көрсеткіш тек ең жақсы нұсқаны таңдау үшін ғана емес, сонымен қатар халық шаруашылығы оны енгізуден алатын жылдық экономикалық нәтижесін анықтау үшін де қолданылады.

Таңдалған нұсқа бойынша жылдық экономикалық нәтиже Θ_j шамасы келесі формула бойынша анықталады:

$$\Theta_j = [(\Theta K_1 + E_n K_1) - (\Theta K_2 + E_n K_2)] B_2;$$

мұндағы K_1 және K_2 – нұсқалар бойынша меншікті күрделі салымдар, теңге;

ΘK_1 және ΘK_2 – нұсқалар бойынша өнімнің өзіндік құны, теңге;

B_2 – таңдап алынған (екінші) нұсқаға сәйкес өндірістің жылдық көлемі, табиғи бірліктер.

Инвестициялық жобалар тиімділігін негіздеудің халықаралық тәжірибесінде өндіріс тиімділігінің келесі қорытынды көрсеткіштері қолданылады:

- таза ағымдағы құн;
- капитал табыстылығы;
- тиімділіктің ішкі көрсеткішісі;
- күрделі салымдарды өтелу мерзімі;
- барынша көп ақша қайтарымы;
- залалдық нүктесі.

Таза ағымдағы құн көрсеткішін уақыт факторын ескере отырып кәсіпорынның жобаланған қызмет етуінің бүкіл мерзіміндегі ақшалай қаржылардың түсуі мен жұмсалыу арасындағы айырмасы ретінде анықталады. Әдетте таза ағымдағы құн күрделі салымдарды іске асырудың мақсатқа сәйкестілігін дәлелдейтін капиталды инвестицияның мөлшері (табыстың ең аз мөлшері) ретінде қарастырылады.

Капитал табыстылығы – бұл пайданың (салықтарды шегеріп тастағандағы) меншікті капиталға қатынасы. Нарық жағдайында капитал табыстылығы күрделі салымдардың табыстылығының мөлшерін сипаттайды және өнім табыстылығына қарағанда айтарлықтай тұрақты көрсеткіш болып табылады.

Тиімділіктің ішкі коэффициенті нақты қаржылардың келуі мен кетуінің теңдігі сақталатын алғашқы капитал табыстылығының мәнін көрсетеді, ал таза ағымдағы құн бұл шамада нөлге тең болады. Тиімділіктің ішкі коэффициенті салымдардың өтелуінің осы бастапқы мөлшерімен салыстырғанда одан төмен болмаған кезде ғана кәсіпорынның дамуының жобасы табысты болып саналады.

Күрделі салымдарды өтелу мерзімі – бұл кәсіпорынның болашақта табатын пайдасы жұмсалған күрделі салымдар шамасына жету үшін қажетті болатын уақыт мерзімі. Өтелу

мерзімінің көрсеткішін қаржыларды салудан кейінгі уақыттың белгілі бір кезінде оларды өтеудің қарқындылығы сипаттайды:

$$ҚМ = К/Па;$$

мұндағы ҚМ – күрделі салымдардың өтелу мерзімі, жыл;
Па – салықтары шегерілген, бірақ амортизацияны ескеретін жылдық пайда, теңге.

Барынша көп ақша шығыны – бұл өсіңкі қосындымен есептелген таза ағымдағы құнның ең үлкен теріс мәні. Бұл көрсеткіш кәсіпкерлік жобаның жалпы құнын көрсетеді және оны шығындарды қаржыландыру көздерімен байланыстырады.

Залалсыздық нүктесі (мөлшері) – бұл «нөлдік пайда» беретін шығарылатын өнім партиясының ең аз көлемі, яғни сатудан түскен табыстар мен өндіріс шығындарының теңдігі. Сату көлемдерін одан әрі арттыру пайданың көбеюіне алып келеді. Залалсыздық нүктесі графикалық және талдау әдістерімен анықталады. Графикалық түрде залалсыздық нүктесі сатылған заттың көлемі мен өндірістің толық шығындарды көрсететін сызықтардың қиылысуында жатады. Талдау арқылы залалсыздық нүктесі төмендегі формула бойынша анықталады:

$$Мшс = Штұр / (Ббр - Шайн/бр);$$

мұндағы Мшс – табиғи бірліктегі өнімді сату көлемі бойынша залалсыздық нүктесі (мөлшері);

Штұр - өндірістің тұрақты шығындары, теңге;

Ббр - өнім бірлігінің бағасы, теңге;

Шайн/бр – бірлікке шаққандағы өндірістің үлестік айнымалы шығындары, теңге.

Жалпы тиімділік есептеуді шаруашылықты жоспарлау үдерісінде бөлінген жоспарлы күрделі салымдарды жұмсау арқасында алынатын нәтижені сипаттау үшін, сонымен қатар жұмсалған шығындардың нақты экономикалық тиімділігін бағалау үшін жасаған дұрыс болып табылады.

Салыстырмалы экономикалық тиімділікті есептеуді жобаларды жоспарлау және жобалау кезеңдерінде, оларды іске асыруға болатын нұсқаларын салыстыру кезінде жасалынады. Нұсқа таңдап алынғаннан кейін, оның жалпы тиімділігін анықтауға болады. Жалпы тиімділіктің шамасы салыстырмалы тиімділікті есептеу кезінде таңдап алынған нұсқаның пайдалылығына байланысты болады.

Шығындардың жалпы тиімділігі жөнінде толық көрініс алу үшін құндық және табиғи көрсеткіштердің жалпылама сипаттамасы қажет. Осы мақсат үшін шығындардың жалпы және салыстырмалы экономикалық тиімділігі қолданылады.

Жоспарлау мен жобалауда жалпы экономикалық тиімділік нәтиженің күрделі салымдарға қатынасы ретінде, ал салыстырмалы тиімділік – нұсқалар бойынша ағымдағы шығындар айырмасының күрделі салымдар айырмасына қатынасы ретінде анықталады. Мұнда жалпы және салыстырмалы экономикалық тиімділік бірін бірі толықтырады. Шығындардың жалпы экономикалық тиімділігі шығындарды қолданудың орнын ескере отырып есептеледі. Осылайша, халық шаруашылығы бойынша шығындардың жалпы экономикалық тиімділігі салыстырмалы бағамен өндірілген ұлттық табыс ҰТ (немесе таза өнім) өсімінің осы өсімге алып келген күрделі салымдарға (К) қатынасы ретінде анықталады:

$$Эхш = \Delta \text{ҰТ} / К$$

Халық шаруашылық кешендері, жеке салалар, сонымен қатар негізгі қорлардың ұдайы өндірісінің түрлері

(техникалық қайта қарулану, кәсіпорындар мен ұйымдардың қайта құрылуы және кеңеюі) бойынша шығындардың жалпы экономикалық тиімділігі пайда өсімінің (өндіріс шығындарының төмендеуінің) немесе шаруашылық есептік пайданың ($\Delta\P$) күрделі салымдарға (K) қатынасы ретінде есептелінеді:

$$\text{Эхшк} = \Delta\P/K$$

Жаңадан салынып жатқан кәсіпорындар, цехтар, басқа да нысандар мен жеке шаралар бойынша тиімділік көрсеткішін Эп жоспарланып отырған пайданың күрделі салымдарға (сметалық құнға) қатынасы ретінде анықталады:

$$\text{Эө} = (B - \Theta K)/K,$$

мұндағы K – салынып жатқан нысанның толық сметалық құны (жоба бойынша);

B – жоба бойынша кәсіпорынның көтерме баға бойынша жылдық шығарылған өнім көлемі (айналымға салынатын салықсыз);

ΘK – құрылысты толық аяқтап, енгізілген қуаттарды меңгеруден кейінгі жылдық өнім өндірісінің шығындары (өзіндік құны) (жоба бойынша).

Әрбір жеке жағдайда есептеу нәтижесінде алынған шығындардың жалпы экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері алдыңғы мерзімдегі нормативтермен және ұқсас көрсеткіштермен, сонымен қатар басқа кәсіпорындар мен кәсіпорындардың өндіріс тиімділігінің көрсеткіштерімен салыстырылады.

1986-1990жж. жалпы халық шаруашылығы бойынша шығындардың жалпы абсолюттік экономикалық тиімділігінің нормативы $\text{Ежалпы} = 0,16$ деңгейінде бекітілген болатын. Шаруашылық немесе техникалық шешімдердің нұсқаларын

салыстыру, кәсіпорындар мен олардың кешендерін орналастыру, жаңа кәсіпорындардың құрылысы немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды қайта құру, өзара алмастыра алатын өнімдерді таңдау, техниканың жаңа түрлерін енгізу және т.с.с. кезінде шығындардың салыстырмалы экономикалық тиімділігі есептелінеді. Салыстырмалы экономикалық тиімділікті есептеудің нәтижесінде анықталатын ең тиімді нұсқаның негізгі көрсеткіші ретінде бір өлшемге келтірілген шығындардың ең аздығы болып табылады.

Әрбір нұсқа бойынша келтірілген шығындар төмендегі формула бойынша тиімділік нормативімен сәйкес бір өлшемге келтірілген ағымдағы шығындар (өзіндік құн) мен күрделі шығындардың қосындысын білдіреді:

$$KШі = AШі + EнКі$$

мұндағы $KШі$ – берілген нұсқа бойынша келтірілген шығындар;

$AШі$ – сол нұсқа бойынша ағымдағы шығындар (өзіндік құн

$Kі$ - әрбір нұсқа бойынша күрделі салымдар;

$Eн$ – күрделі салымдардың салыстырмалы экономикалық тиімділігінің нормативтік коэффициенті.

Шығындардың экономикалық тиімділігін жан-жақты негіздеу және талдау, олардың тиімділігін арттыру жолдарын айқындау үшін қорытынды шешімді қабылдау кезінде алынатын нәтиженің жеке жақтарын сипаттайтын қосымша көрсеткіштерді пайдаланған дұрыс: еңбек өнімділігі, қорқайтарымы, меншікті күрделі салымдар, шикізат, материалдар, отын, энергияның үнемделуі, өндіріс шығындарының төмендеуі, әлеуметтік нәтижелер.

Өндіріс тиімділігін арттырудың жолдары – бұл берілген бағыттарда өндіріс тиімділігінің өсуі жөніндегі нақты

шаралар кешені. Өндіріс тиімділігін арттырудың негізгі жолдары төмендегідей:

- еңбексыйымдылығын төмендету және еңбек өнімділігін арттыру;

- өнімнің материалсыйымдылығын төмендету және табиғи ресурстарды үнемді пайдалану;

- өнімнің қорсыйымдылығын төмендету және кәсіпорындардың инвестициялық саясатын белсендендіру.

Өнім сапасын арттыру, жаңа техниканы, озат тәжірибені енгізу, техникалық қайта қарулану және қайта құру, жаңа шаруашылық тетікті енгізу кәсіпорындар жұмысының негізгі нәтижелеріне әсер ететін жағдайлардың барлығында еңбек ұжымдарының іс-әрекетін жоспарлау, бағалау және ынталандыру сияқты және оны экономикалық талдау барысында да осындай факторлардың есебінен алынған бүкіл нәтижені толық айқындау және ескеру қажет.

Кәсіпорындардың нарық жағдайларына бейімделуі қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігін жоспарлауы, есептеуі, талдауы және ынталандырудың теориялық және әдістемелік мәселелер кешенін жасаудың тұтас және тиімді шаруашылық тетікті жасаудың маңызды алғы шарты болып табылады.

Нұсқаларды салыстыру кезінде олардың салыстырмалылық жағдайларын сақтау қажет. Салыстырмалы нұсқалар өнім өндірісінің көлемі, оның номенклатурасы, ассортименті мен сапасы, дайындау мерзімі, кәсіпорындар мен өндіріс салаларының шеңбері; шығындарды жұмсау мен нәтиже алудың уақыты; шығындар мен нәтижені көрсететін бағалар; уақыт факторы; тиімділікті есептеу үшін қолданылатын құндық көрсеткіштерді санау әдістері бойынша салыстырмалы түрге келтірілуі қажет. Осылайша, мысалы, салыстырмалылықты қамтамасыз ету үшін өндірістің көлемі аз болған жағдайдағы өзіндік құн мен күрделі салымдар өндірістің үлкен көлеміне дейін түзетіледі.

Ол үшін өндірістің төмен көлеміндегі нұсқа бойынша күрделі салымдар шамасына өндірістің жылдық көлемін салыстырмалы деңгейге жеткізу үшін қажетті болатын өндірістік қорларға салынатын салымдар қосылады. Өндірістің төмен көлеміндегі нұсқа бойынша өнім бірлігінің өзіндік құны оның шартты-тұрақты бөлігінің шамасының өзгеруін есепке алу арқылы түзетіледі.

Шығындардың жалпы тиімділігі жалпы халық шаруашылығы, жеке сала, кәсіпорын, жаңа техниканың жеке құралдары мен әрбір өндірісті ұйымдастыру бойынша есептелінеді.

Жалпы тиімділікті анықтау үшін екі жақты көрсеткіштер: жинақталған түрдегі өндірістік шығындар мен ресурстарды пайдаланудың деңгейін есепке алатын қорытынды көрсеткіш және шығындар мен ресурстардың жеке түрлерін - негізгі қорларды, материалдарды, нақты еңбекті пайдаланудың деңгейін есепке алатын жеке көрсеткіштер қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Өндірістің экономикалық тиімділігінің мәні және маңызы
2. Экономикалық тиімділік көрсеткіштері
3. Шығындардың жалпы және салыстырмалы экономикалық тиімділігі
4. Инвестициялық жобалардың тиімділік көрсеткіштері
5. Өндіріс тиімділігін арттырудың жолдары

Тест тапсырмалары

1 Гудвилл дегеніміз?

- a. Фирманың даңқы
- b. Міндеттеме
- c. Кредиторлық борыш
- d. Қысқа мерзімді несие
- e. Капитал

2 Банк мекемелерінің несиесі келесі шарттар негізінде беріледі?

- a. Несие ставкасы
- b. Ставка
- c. Банк проценті
- d. Баж мөлшерлемесі
- e. Вексель

3 Бүкіл есептік мәліметтерді қандай топтарға бөлуге болады?

- a. Жедел, статистикалық
- b. Жедел, есеп және жедел талдау
- c. Нормативтік есептік, жоспарлық
- d. Жедел, бухгалтерлік және статистикалық
- e. Бухгалтерлік, талдау есептік

4 Қаржылық есеп берудің негізгі қағидалары?

- a. Есептеу
- b. Толассыздық
- c. Маңыздылық
- d. Түсініктілік
- e. Барлық жауабы дұрыс

5 Қайсы өлшем ақшалай өлшемге жатады?

- a. Кг,м,дана,т
- b. Сағ,күн,ай
- c. Коэффициент
- d. Пайыз
- e. Теңге, тиын

6 Банк ісінің қандай тәуекелдіктері бар?

- a. Несиелік тәуекел
- b. Несиелік тәуекел
- c. Коммерциялық тәуекел
- d. Тауар алу тәуекелі

e. Барлық жауаптар дұрыс

7 Инфляция дегеніміз не?

- a. Ақша құнының өсуін білдіреді
- b. Несиелік операциялардың түрі
- c. Тауар массасының кемуі, вексельдің ерекшеліктері
- d. Баға деңгейінің өсуін білдіреді, ақшаның құнсыздануы
- e. Барлық жауап дұрыс емес

8 Банктің қорларына не жатады?

- a. Жарғылық қор, резервтік қор
- b. Қаржы қоры, негізгі қор
- c. Жер қоры, негізгі қор
- d. Меншікті капитал
- e. Дұрыс жауаптары жоқ

9 Егер төлем балансының пассивті активінен артса, онда:

- a. Оң сальдо
- b. Теріс сальдо
- c. Импорт сальдо
- d. Экспорт төмендейді
- e. Импорт жоғарылайды

10 Ақшалай ағымдармен көрсетілген, яғни орталық және коммерциялық банктерден өтетін экономика секторы:

- a. Қаржылық
- b. Қаржылық емес
- c. Сыртқы
- d. Бюджеттік
- e. Ішкі

Тақырып 6. Кәсіпорынның еңбек ресурстары. Персоналды басқару

1. Еңбек нарығы: мәні және қызмет ету механизмі.
2. Кәсіпорынның еңбек ресурстарына қажеттігін анықтау.
3. Кәсіпорын кадрларының құрамы мен құрылымы.
4. Нарық жағдайында кадрлардың біліктілігін көтеру және оларды қайта дайындаудың тұжырымдамасы.
5. Еңбек өнімділігі және оны есептеудің әдістері. Еңбек өнімділігі өсуінің факторлары мен жолдары.

Еңбек ресурстарына халықтың жұмыс істеуге қабілетті бөлігі жатады. Еңбек ресурстарының қалыптасуын сипаттайтын негізгі құрамдас бөліктері – бұл еңбекке қабілетті жастағы еңбекке қабілетті халық (1 және 11 топтағы жұмыс істемейтін мүгедектер мен жеңілдік жағдайымен зейнетақы алатын жұмыс істемейтін азаматтар басқа, ұлттық заңнамада еңбекке қабілетті деп алынған жас шекараларындағы адамдар); еңбекке қабілетті жастан асқан жұмыс істейтін адамдар мен жұмыс істейтін жасөспірімдір (еңбекке қабілетті жасқа жетпегендер).

Еңбек ресурстары өзіне экономикалық өзіне экономикалық белсенді халықты, өндірістен қол үзіп оқитын еңбекке қабілетті жастағы оқушылар мен осы сәтте жұмыс істемейтін және жұмыс іздемейтін (яғни, экономикалық енжар) еңбекке қабілетті адамдардың басқа санаттарын қосады.

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық – экономикалық қызметпен қамтылғандар (барлық жұмыс істеушілер) мен жұмыссыздар жиынтығы.

Экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халыққа – еңбек қабілетті жастағы халықтың жұмыс істемейтін және жұмыс іздемейтін төмендегі санаттары жатады: жоғары сынып оқушылары; студенттер; ауруларды бағып- күтетін

адамдар; бала тәрбиесімен айналысушылар; жұмыс істеу қажеттілігі жоқ адамдар және тағы басқа. Бұл көрсеткіштің шамасы және әсіресе серпіні (асу немесе төмендеу) нақты еңбек ресурстарын пайдалану дәрежесін сипаттайды.

Экономикада жұмыспен қамтылғандарға - жалданып жұмыс істеушілер де (ол тұрақты, уақытша, маусымды, кездейсоқ) және жалданбай жұмыс істеушілер де жатады. Осылайша, жұмыспен қамтылғандар санына акционерлік, мемлекеттік кәсіпорында (ұйымдарда), меншік нысанына байланыссыз шағын және бірлескен ұйымдарда; қоғамдық ұйымдарда, шаруа қожалықтарында, сондай-ақ өзіндік қосалқы шаруашылықтар мен жекеленген адамдарда жеке еңбек қызметіне айналысатын да ескеріледі, яғни бір аптаға тең қысқа мерзім ішінде өз жағдайы бойынша мына санаттарды біреуіне жатқызуға болатын тиісті жастағы барлық адамдар:

а) жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлер;

б) өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер

Зерттелген аптада демалыста болған (еңбек демалысында, ақысыз демалыс, жүктілік пен босану бойынша демалыс) немесе ауырып қалған адамдарда жұмыспен қамтылған болып есептеледі, өйткені ол өз жұмысына ресми тіркелген.

Еңбек өнімділігі өнім бірлігіне кеткен шығындар санымен, бірге уақыт бірлігінен жасалған өнім санын анықтайтын, еңбекті тиімді қолдану көрсеткіштері. Еңбек өнімділігі өндірістің тиімді көрсеткішімен сипатталады, сонымен қатар шығындарды да қарастырады. Еңбек өнімділігінің өсу темпі мен деңгейі ең алдымен өндіргіш күштің дамуымен байланысты, сондықтан еңбек өнімділігі құрылыста белгіленген жұмыс уақыты бірлігінде жұмыстың өндірілетінінің санымен сипатталады. Осыған байланысты нормативті, жоспарлы және фактілі құрылыс өнімінің еңбек сыйымдылығын ажыратамыз. Нормативті еңбек сыйымдылығы

жұмыс көлемінің бірлігін өндіруге керекті және іс-әрекеттегі норматив бойынша есептелінген еңбек шығындары қарастырылады. Жұмыс көлемінің орындауын өндіруге кеткен жұмыс уақытын бір мөлшері еңбек сыйымдылығы деп аталады. Еңбек өнімділігін бағалауда фактілі еңбек сыйымдылығы да жұмысты бағалау үшін нормативті және фактілі еңбек шығындарға негізделген нормативті әдісті қолдана отырып формуламен есептеледі:

$$У_{нв} = \frac{T_{норм}}{T_{фак}} \cdot 100$$

$$И_{нв} = \frac{(T_{норм} - T_{фак})}{T_{норм}} \cdot 100$$

У_{нв} – қайта жасау мөлшерін орындау деңгейі.

И_{нв} – жұмыс көлемін орындауда нормативті уақыттың қысқанға бағытталған көрсеткіш.

T_{норм} – берілген жұмыс көлемін

T_{фак}, орындауға шығарылған нормативті және фактілі уақыт.

Еңбек өнімділігін есептеу барысында бірнеше әдістерді қолданамыз. Ол еңбек өнімділігінің қоғамдық және бөлек жұмыстар учасітк (бөлім, цех, т.б.) кәсіпорын салаларына бөлінеді. Қоғамдық еңбек өнімділігі ұлттық табыс бойынша анықталады. Оның көлемі материалдық өндіріс сферасында істейтін жұмыстар санына бөлеміз. Цех кәсіпорынның салалары еңбек шығындары тиімділігін түсіндіру үшін еңбек өнеркәсіптік динамикасы және деңгей көрсеткіштері құрылады. Өнім шығару көлемі өлшеу қабылеттілігіне байланысты еңбек өнімділігі бірнеше әдісі бар:

- натуралды;
- еңбекті;
- құнды.

Натуралды әдіс – еңбек өнімділігін өлшеу түрлерінің ең

қарапайым түрі, бұл физикалық бойынша өндіріс көлемін өлшейді.

Еңбекті әдіс - өнімді дайындау көлемін жасау, оның еңбек сыйымдылығы бойынша анықталады.

Құнды әдіс - әртүрлі өнімді өлшеуге болады, мұндай өндіруде химиялық өнеркәсіпте таза өнім қолданылады.

Еңбек өнімділігінің өсуі қоғам өлшемінің маңызды жағдайы. Ал, деңгейі еңбек өнімділігіне дамуын дәрежелік көрсеткіш. Еңбек өнімділігінің өсу факторы төмендегі жағдайларды біріктіреді

- материалды техника;
- өндіріс қаржысын қолдануға сапа;
- даму деңгейіне байланысты.

Осыған байланысты:

1. Әлеуметтік экономикалық – жұмыс кадрлары – олардың классификация сипаты және еңбек жағдайы.

2. Ұйымның өндіріс – еңбек – басқару ұйымы деңгейін кіргізеді.

Айтылған фактор өте тар қарым-қатынаста болады. Осыған орай еңбек өнімділігінің өсуі өндіріс, еңбек және ұйымды жақсартуды техника, технология жолымен өнім бірлігіне шығынның қысқарту өндірістерге күштер еңбегін толық қолданылатын нақты мүмкіндіктері арқылы жүзеге асады. Еңбек өнімділігінде резерв деген ұғым қалыптасқан. Оны қолданудың мақсаты қоғамдық ел экономиканың барлық мүмкіндіктерін максималды қолданудан тұрады. Сондықтан еңбек өнімділігін өсуін резервтік екі топқа бөлеміз.

- өндіріс қаржысын жақсы қолдану;
- жұмысшы күшін қолдануды жақсарту.

Оларды қолдану уақыты бойынша ағымдағы және перспективті резервтер деп бөлінеді.

Өндіріс көлемі процесінің құрамды бөлігі өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбегі болып табылады.

Дайындалған және квалификацияланған сала жұмысының штат құрамы кадр деп аталады.

Кадр – бұл өндіргіш күштердің активті элементі деп саналады. Сондықтан кадрлар өндірісте екі үлкен топқа бөлінеді.

1. өндірістік өнеркәсіптік персонал (ППП)
2. өнеркәсіптік емес персонал.

ППП – барлық өндірісте, өндірістік емес салада шаруашылық және ұйымдарда кадрларды құрамдық бөлігімен қарастырады.

Еңбек ақы – ұлттық табыс бөлігін ұсынатын жұмыстарға көрсеткен еңбектері үшін төленетін материалдық сыйлық формасы болып табылады. Еңбек шығарған саны өндірген өнімімен, қызмет санымен, сапасымен яғни жұмысшылар квалификация деңгейімен анықталды.

Еңбек ақыны ұйымдағы негізгі принциптерге жатады:

1. Еңбектің өмірін жақсарту деңгейін көтеру. Еңбек өнімділігінің өсуі мен еңбек ақының өсу айырмашылығы халық шығындары жүйесіндегі өндіріс және сала есебі жұмысының квалификациясы және еңбек жағдайындағы айырмашылығы жұмысшының еңбек қорытындысы материалдық жағдайымен қажет етеді.

2. Еңбек ақыны қарастыру үшін жұмысшының өнімділігін және квалификациялық, квалификациялық емес ауыр және жеңіл еңбегіндегі үшін дұрыс төлем қою үшін тарифтік жүйе енгізілген.

Тарифтік жүйе – бұл қиындық жағдайына байланысты көрсетіледі. Еңбекке төлемі деңгейін анықтайтын нормативтік жиынтығын білдіреді. Тауар жүйе негізгі эталонды тарифтік сетка, тарифтік ставка, тарифтік квалификация, анықтамамен негізделеді.

Тарифтік квалификация – анықтағанда жұмысшы саны берілген өндіріс саласында орындалған, олардың мінездері мен міндеттері берілген жұмысқа жауапты жұмыстар

көрсеткіштерін ҚР-да бірлік тарифтік квалификация анықтамасы жүзеге асырылып жатыр. Ол еңбек төлемінің барлық тарифтік жүйесінің негізі болып табылады.

Тарифтік ставка – бұл уақыт (сағат, күн, ай) бірліктеріне топтастырылған еңбек өлшемін анықтайтын норма. Олар квалификациясы еңбек талабы, төлем формасы, өнеркәсіп саласы бойынша дифференцияланады. Жұмысшылар үшін бірінші разрядқа күніне күндік ставка немесе сағатына төлем түрі белгіленеді. Жұмыс төлемі өлшемі жоғары тарифтік разрядқа бағдарланған. Бірінші разрядтық тарифтік коэффициентке көбеюімен анықталады. Тарифтік ставкада жұмысшының проффессиясы, өнері үшін дифференциалды қосымша беріледі. Үшінші разрядтық жұмысшыларға 12%-ке дейін, төртінші разряд - 16%, бесінші разряд - 20%, алтыншы - 24%. Тарифтік сетка – бұл разрядтын төлемін төлем деңгейі бойынша жұмысшының белгілі бір топқа бөлінуіне көмектесетін шкала. Тарифтік сеткада разрядтың белгілі бір тарифтік коэффициент сәйкес келеді. Тарифтік коэффициент берілген разрядтың ставкакіні қаншалықты жоғары екенін көрсетеді.

Кадрларды жоспарлау кезіндегі ең басты мақсаты, мамандығын жоғарылату және дайындық.

Жұмысшылардың санын есептеу үшін екі топқа бөледі:

- қарапайым жұмысшылар;
- қосымша жұмысшылар.

Тірі еңбек өнімділігі осы кәсіпорындарға, өндірістегі жұмыс уақыты шығынымен, ал қоғамдық еңбек өнімділігімен анықталады. Ғылыми-техникалық прогрестің қаншалықты дамуы мен өндірісті жетілдіру жағдайында қоғамдық еңбек шығын үлесі артатын болады. Олай болатын себебі, ол еңбек құралдарының ең жетілген жаңа құралдарымен жарактандырылады қарапайым машиналардан бастап электронды комплестерге дейін.

Алайда, негізгі даму тенденциясы тірі, сондай-ақ қоғамдық еңбекке жұмсалған шығынның абсолютті көлемі, өнім бірлігіне есептегенде, қысқарады. Еңбек өнімділігін арттырудың маңызды екені осыдан көрінеді.

Еңбек өнімділігінің деңгейі мынандай екі көрсеткішпен сипатталады:

- бір өлшем уақытта шығарылған өнім (тікелей көрсеткіш);

- дайындалған өнімнің қиындықпен келтірілуі (кері көрсеткіш).

Өнім өндіру мен оның қиындық келтіруі жөніндегі бұл көрсеткіштер мына формуламен келтірілген болуы мүмкін:

$$V=V/T; t=T/V$$

Мұндағы: V – бір өлшем уақытта шығ. өнім;

t - өнім дайындаудағы қиын жағдай;

v – шығарылған өнім көлемі, сом көлемі;

T - өнім өндіруге жұмсалған тірі еңбек шығыны, сом есебімен.

Өнім шығару - еңбек өнімділігінің ең көп тараған және универсалды көрсеткіш. Өнім көлемінің қандай бірлік өлшеміне байланыстылығы арқылы натуралды мен нормаланған жұмыс уақытындағы көрсеткіштер анықталады.

Еңбек өнімділігі натуралды түрінде өнім шығару көрсеткіші бойынша сипатталады. Бұл біртектес өнім шығаратын кәсіпорын үшін тонна, метр, дана және басқа өлшемдер бойынша есептеледі.

Егер кәсіпорын біртектес өнімдердің бірнеше түрлерін немесе шараларын шығарса, онда шығарылған өнімдер бірлік жағдайында анықталады. Мәселен доменді цехтарда қорытылған шойын әр түрлері шойын, шартен цехтарында балқытылған болаттардың әр түрлері көмірқышқыл болаттың мөлшеріне, мөлшерімен анықталады.

Ақша түріндегі өнім шығару көрсеткіші әртүрлі өнімдерді шығаратын кәсіпорындарда еңбек өнімділігін анықтау үшін қолданылады.

Нормаланған жұмыс уақытын зерттеу жағдайында өнім шығару норма-сағат, негізінен, жекеленген жұмыс орындарында, бригадаларында, участкелерде, сорндай-ақ әртүрлі және аяқталмаған өнімдерді шығару кезінде қолданылады. оларды натуралды түрде де, ақшалай түрде де өлшеуге болмайды. Шығарылған өнімдердің көрсеткіштері сондай-ақ жұмыс уақыты өлшемінің бірлігіне де байланысты болады. Өнім шығару жұмыс істелінген бір адам-сағатқа, жұмыс істеген бір адам – күнге, жылдағы, тоқсандағы немесе айдағы бір орташа шығарылған жұмысшымен де анықталады.

Жұмыстың ауырлығы бір өлшем өнімді шығаруға жұмсалған жұмыс уақытын көрсетеді. Өнімдердің барлық номенклатуралары бойынша натуралды түрдегі өнім бірлігі және қызмет өнімдердің үлкен ассортименті жағдайында типті өнімдер бойынша анықталады. Бұл анықтау басқаларына да қолданылады.

Бұл көрсеткіштің өнім шығару көрсеткіштерімен салыстырғанда бірқатар артылықшылары бар. Ол өндіріс көлемі мен еңбек шығындары бір-бірімен тікелей байланысты екенін көрсетеді.

Құрамына қатыстылық жағдайында кірістірілетін еңбек шығындары былайша анықталады:

- Негізгі жұмысшылардың, істеушілердің, уақытша жұмыс істеушілердің технологиялық еңбек қиындығы;

- Көмекші жұмысшылардың еңбек шығындары енетін өндірісте қызмет етудің еңбек қиындығы;

- Өндірістік еңбек қиындығы – негізгі және көмекші жұмысшылардың еңбек шығындары;

- ИТР, қызметкерлердің күзет және қызметші қызметкерлердің еңбек шығындары енетін өндірісті басқару еңбек қиындығы;

- өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлердің барлық категориясы енетін толық еңбек қиындығы;

$t_{пол} = t_{рех} + t_{обс} + t_{упр}$

Кәсіпорындағы талдау жұмыстарының ең маңызды кезеңі еңбек өнімділігін арттырудың резервтерін іздеп табу, осы резервтерді іске қосатын ұйымдастыру-техникалық шаралары жасау, осы шараларды тікелей өндіріске енгізу болып табылады. Еңбек өнімділігін арттырудың бұдан басқа көмекші резервтері тірі және қоғамдық еңбекке жұмсалатын шығындарды үнемдеудің мүмкін болған басқа жайларын қарастыру.

Ішкі өндірістік резервтер дегенде біз жаңа техникаларды жұмысшы күштерін тиімді пайдалануды, жұмыс уақытын қысқартуды, ішкі өнімдер мен материалдарды үнемдеуді, жабдықтарды тиімді пайдалануды айтамыз. Сондай-ақ ішкі өндіріс резерві еңбек қиындығын азайту резервтерін іске қосуды, кадрлар құрылымын жетілдіруді, еңбек құралдары резервтерін үнемдеуді білдіреді.

Еңбек өнімділігін арттыру резервтерін классификациялау отандық практикада мынадай түрде кең тарап келеді:

1. Өндірістің техникалық дәрежесін арттыру, өндірісті механизациялау мен автоттандыру, жабдықтың жаңа түрлерін ендіру, бұйымдардың конструктивтік қасиеттерін шикі өнімдермен жаңа конструктивті материалдардың сапасын жақсарту.

2. Өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жақсарту; қызмет көрсету нормасы мен аймағын жақсарту; нормаларын орындамайтын жұмысшылардың санын азайту; басқарма құрылымын азайту; есеп және өлшеу жұмыстарын механизациялау; жұмыс ауысымын өзгерту; өндірісті мамандандыру дәрежесін арттыру.

3. Сыртқы табиғи жағдайларды өзгерту: көмір, мұнай, кең, торф, өндіріс рудасының таулық жағдайларын өзгерту. Пайдалы заттар құрылымын өзгерту.

4. Өндірістің құрылымын өзгерту. Жекелеген өнім түрлерінің үлес салмақтарын өзгерту, өндірістік бағдарламаның қиын еңбек жағдайларын өзгерту. Сатылап алынған жартылай фабрикат пен комплекті жасайтын бұйымдардың үлесін өзгерту.

Өндіріс көлемі мен қызметкерлер санын қысқарту арқылы еңбек өнімділігін арттыру мына формула бойынша анықталады:

$$P = (100 \cdot B + P) / (100 \cdot P_0)$$

мұндағы B – берілген кезеңдегі кәсіпорында шығарылған өнімнің өсу пайызы.

P – Кәсіпорындағы азайған жұмысшылар санының үлесі. Өнімдерді кооперативті жеткізу салмағын арттыру есебінен кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыру мына формула бойынша анықталады:

$$P = (dk_1 - dk_0) / (100 - dk_1)$$

мұндағы dk_1, dk_0 – кооператив кәсіпорын жалпы өнімінің базалық және жоспарланған кезеңде салмағы.

Жұмыс уақыты қорын пайдалану пайызы мына формула бойынша есептеледі: $P = (\Phi_{э1} - \Phi_{э0}) / \Phi_{э0} \cdot 100$

Мұндағы $\Phi_{э1}, \Phi_{э0}$ – жоспарлы кезеңдегі – адам-сағат – бір жұмысының жұмыс уақытын тиімді жылдық қоры. Атап айтқанда, еңбек өнімділігінің шектік нарақтық экономикаға жатады, мұнда еңбек өнімділігі бір факторлары болып есептеліп, еңбек нарқы өмір сүретін болады.

Жекелеген кәсіпорындар жұмысшылардың орнын толтыру болатын мәселесін шеше отырып, еңбекке сұраным жағдайының бағасын анықтауға тиісті болады. Басқаша айтқанда, оларға төленетін еңбек ақы мөлшерін анықтайды өндіріс пен еңбектің кез-келген факторларына сұраныс бағасы мұнда оның өндіріс шегіне байланысты болады, яғни шектің еңбек өнімділігі.

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбек нарығы: мәні және қызмет ету механизмі.
2. Кәсіпорынның еңбек ресурстарына қажеттігін анықтау.
3. Кәсіпорын кадрларының құрамы мен құрылымы.
4. Нарық жағдайында кадрлардың біліктілігін көтеру және оларды қайта дайындаудың тұжырымдамасы.
5. Еңбек өнімділігі және оны есептеудің әдістері. Еңбек өнімділігі өсуінің факторлары мен жолдары.

Тест тапсырмалары

1 Баға дегеніміз бұл?

- a. Өндіріске жұмсалған шығындар
- b. Тауарға сіңген еңбек уақыты
- c. Тауардың ақшалай құны
- d. Өндіруші пайдасы
- e. Барлық жауаптар дұрыс

2 Коммерциялық банктердің өзара есеп айырысуларын жүргізуге арналған елдің орталық банкінде және банктердің бір-біріне ашатын шоты:

- a. Коммерциялық несие
- b. Банк шоты
- c. Корреспонденттік шот
- d. Чек
- e. Банкнота

3 Акционерлік, коммерциялық банктің ең жоғарғы басқару органы

- a. Акционерлердің жалпы жиналысы
- b. Байқаушы кеңес
- c. Департаменттер
- d. Несие комитеті
- e. Барлық жауап дұрыс

4 ҚР Ұлттық валютасы қашан енгізілді?

- a. 1992
- b. 1993
- c. 1995
- d. 1994
- e. 1996

5 Ақша айналысы заңын ашқан кім?

- a. А. Смит
- b. Д. Рикардо
- c. В. Ленин
- d. К. Маркс
- e. А. Байтұрсынов

6 Американдықтардың қанша проценті ғана айлықтарын қолма-қол ақша түрінде алады?

- a. 4%
- b. 6%
- c. 8%
- d. 10%
- e. 12%

7 Кәсіпкерлердің белсенділігін және ресурстарды бөлу жағдайларын анықтайтын қандай фактор:

- a. институционалдық
- b. технологиялық
- c. құқықтық
- d. экономикалық
- e. әлеуметтік

8 Мемлекеттік кәсіпкерлік дегеніміз не?

- a. мемлекеттің ақша массасы мен кредиті
- b. мемлекеттің экономикаға тікелей араласуының бір түрі

- c. мемлекеттің ғылыми-техникалық саясатының құрамы
- d. мемлекеттің инвестициялық саясаты
- e. мемлекеттің болжау, жоспарлау, реттеу саясаты

9 Мемлекеттің экономика мен кәсіпкерлікке ықпал жасауының ең тиімді, басты құралы:

- a. сыртқы экономикалық саясат
- b. әлеуметтік саясат
- c. амортизациялық саясат
- d. ақша-несие саясат
- e. баға саясаты

10 Мемлекеттің иелігіндегі салалардың ішінде ең көп үлес салмақты қай сала құрайды?

- a. денсаулық сақтау
- b. басқару
- c. әлеумет
- d. қызмет көрсету
- e. білім

Тақырып 7. Еңбекақы төлеу, ұйымдастыру және нормалау

1. Еңбек ақы төлеудің мәні және принциптері.
2. Еңбек ақы төлеудің тарифтік жүйесі, оның мазмұны мен еңбек ақыны ұйымдастырудағы мәні.
3. Жұмысшылар жалақысының нысаны және жүйесі. Басшылар, мамандар, қызметкерлер жалақысын ұйымдастыру.
4. Еңбекке ынталандыру. Еңбек ақы төлемін мемлекеттік реттеу. Тарифтік емес еңбек ақы төлем жүйесі.

Еңбек ақы – ұлттық табыс бөлігін ұсынатын жұмыстарға көрсеткен еңбектегі үшін төленетін материалдық сыйлық формасы болып табылады. Еңбек шығарған саны өндірген өнімімен, қызмет санымен, сапасымен яғни жұмысшылар квалификация деңгейімен анықталды.

Еңбек ақыны ұйымдағы негізгі принциптерге жатады:

Еңбектің өмірін жақсарту деңгейін көтеру. Еңбек өнімділігінің өсуі мен еңбек ақының өсу айырмашылығы халық шығындары жүйесіндегі өндіріс және сала есебі жұмысының квалификациясы және еңбек жағдайындағы айырмашылығы жұмысшының еңбек қорытындысы материалдық жағдайымен қажет етеді.

Еңбек ақыны қарастыру үшін жұмысшының өнімділігін және квалификациялық, квалификациялық емес ауыр және жеңіл еңбегіндегі үшін дұрыс төлем қою үшін тарифтік жүйе енгізілген.

Тарифтік жүйе – бұл қиындық жағдайына байланысты көрсетіледі. Еңбекке төлемі деңгейін анықтайтын нормативтік жиынтығын білдіреді. Тауар жүйе негізгі эталонды тарифтік сетка, тарифтік ставка, тарифтік квалификация, анықтама мен негізделеді.

Тарифтік квалификация – анықтағанда жұмысшы саны берілген өндіріс саласында орындалған, олардың мінездері мен міндеттері берілген жұмысқа жауапты жұмыстар көрсеткіштерін ҚР-да бірлік тарифтік квалификация анықтамасы жүзеге асырылып жатыр. Ол еңбек төлемінің барлық тарифтік жүйесінің негізі болып табылады.

Тарифтік ставка – бұл уақыт (сағат, күн, ай) бірліктеріне топтастырылған еңбек өлшемін анықтайтын норма. Олар квалификациясы еңбек талабы, төлем формасы, өнеркәсіп саласы бойынша дифференциалданады. Жұмысшылар үшін бірінші разрядқа күніне күндік ставка немесе сағатына төлем түрі белгіленеді. жұмыс төлемі өлшемі жоғары тарифтік разрядқа бағдарланған. Бірінші разрядтық тарифтік коэффициентке көбеюімен анықталады. Тарифтік ставкада жұмысшының профессиясы, өнері үшін дифференциалды қосымша беріледі. Үшінші разрядтық жұмысшыларға 12%-ке дейін, төртінші разряд - 16%, бесінші разряд - 20%, алтыншы - 24%. Тарифтік сетка – бұл разрядтың төлемін төлем деңгейі бойынша жұмысшының белгілі бір топқа бөлінуіне көмектесетін шкала. Тарифтік сеткада разрядтың белгілі бір тарифтік коэффициент сәйкес келеді. Тарифтік коэффициент берілген разрядтағы ставканың қаншалықты жоғары екенін көрсетеді.

Кадрларды жоспарлау кезіндегі ең басты мақсаты, мамандығын жоғарылату және дайындық.

Жұмысшылардың санын есептеу үшін екі топқа бөледі:

- қарапайым жұмысшылар;
- қосымша жұмысшылар.

Жұмысшылардың еңбек төлемінің формасы 2 түрі бар:

- мерзімді;
- кесімді.

Мерзімді жалақы – қызметтерге белгіленген тарифтік ставка бойынша есептелген немесе атқарған жұмысының нақты көлеміне қарай берілген төлем.

Кесімді жалақы – қызметкердің еңбегіне олардың берілген сапада өндірген өнім көлеміне қарай ақы төлеу. Ол орындаған жұмыстар немесе дайындаған өнімнің жекелеген түрлеріне алдын-ала белгіленген баға есептелуі жұмыстың еңбек ақыны қажет етудегі мүмкіндігін қанағаттандыру, олардың квалификациясы бар не жоқ ауыр және жеңіл жұмыстарға еңбек анықтау қатынасын бекіту үшін тарифтік жүйе найдалынылады. Тарифтік жүйе еңбектің күрделілігі мен талаптарына байланысты еңбек ақы төлеу жүйесін анықтайтын нормалар айтады. Тарифтік жүйе өзінің әлемінен тұрады. Бұған тарифтік сетка, тарифтік ставка, тарифтік квалификациялар кіреді. Әр бір еңбекке ақы төлеу кезеңінде төлеу формалары көрстелген нормалардың өздеріне байланысты коэффициенті жаңартылып тұрады.

Сондықтан да мерзімді еңбек ақы төлеу жүйесінде жай мерзімді сыйлықтық болып табылады.

1. Жай мерзімді жалақы (ЖАЖТ) анықтау үлгісі $ЖАЖТ = m \cdot T$.

m – қызметінің разрядтарына сәйкес;

T - өндіріс барысында нақты уақыт.

2. Мерзімді сыйлық жалақы (ЖА_{мс})

$$ЖА_{мс} = m \cdot T \left(1 + \frac{R + k + n}{100} \right)$$

R – берілген көрсеткіштің орындалуы үшін тарифтік ставкаларға және сыйлық беру шарттарына қарай сый ақы мөлшері.

k - белгіленген көрсеткіштің асыра орындауына және сыйлық беру шарттарының әр %-ке шаққанда сыйлық мөлшері.

$$ЖАЖқ = \square P \cdot j$$

P - өнім немесе жұмыс түрін бағалау.

J - өндірістің өнімінің санын атаушы бірлік өлшемі. Орындардың жұмысты немесе дайын өнім бірлігі үшін бағалау.

$$B = m \cdot M$$

$$ЖА = \sum p - q \left(1 + \frac{P + k \cdot n}{100} \right)$$

кесімді сыйлық жүйесі.

Қызметкерге сыйлық берудің өзіне тән көрсеткіштері мен шарттары бар, соған байланысты қызметтің, жалақының мерзімді сыйлық жүйесінде сыйлық беру кезінде негізгі сандық көрсеткіштер, кесімді сыйлық жүйесінде сапалық көрсеткіштер ескеріледі.

Жалақының жанама кесімді жүйесі негізгі қызметтерге жалақы төлеу үшін қолданылатын жанама кесімді бағалауды сипаттайды.

$$ЖА_{жк} = \frac{M_{вс}}{Na_{bn}}$$

$M_{вс}$ – қосымша қызметтің тарифтік ставкасы.

Na_{bn} – қосымша қызметтерге қызмет көрсетуде негізгі қызметтің өндіру коэффициенті.

Жанама жалақының кесімді жүйесі арқылы қызметінің жалақы келесі форманы анықтайды: $ЖА_{жк} = \square P_{кс} \cdot Жосп$

$Жосп$ – қосымша қызметтерге қызмет көрсеткіштері негізгі қызметтің өндірген өнім көлемі. Осыған қоса кесімді прогрессивті жүйеде, ақы өнім дайындау белгілерін нормада әдеттегі бағалау бойынша, ал нормалардың артығы жоғары бағамен төленеді.

Жалақының аккордты жүйесі белгілі жұмыс көлемін жалақы қорының жалпы көлемін қарастырады. Жалақы қорының жоспарлы көлемі әртүрлі әдістермен анықталады.

1. Тікелей есептеу әдісі.

$$ЖАҚ = Сөж \cdot Ж \cdot Аор$$

Сөж - қызметінің орта жоспарлы тізімге саны жоспары кезеңде бір адамның орта жалақысы.

Жаор - қосымша төлемдер мен аудандарды қосқанда.

2. Есеп айырысудың нормативтік тәсілі:

$$ЖАҚ = Q \cdot Нжа$$

Q - жоспарланған кезеңде шығындардың өнімдерінің жалпы саны.

Нжа - бір дайын өнімге шаққандағы нормативтік жалақы.

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбек ақы төлеуінің мәні және принциптері.
2. Еңбек ақы төлеудің тарифтік жүйесі, оның мазмұны мен еңбек ақыны ұйымдастырудағы мәні.
3. Жұмысшылар жалақысының нысаны және жүйесі. Басшылар, мамандар, қызметкерлер жалақысын ұйымдастыру.
4. Еңбекке ынталандыру. Еңбек ақы төлемін мемлекеттік реттеу. Тарифтік емес еңбек ақы төлем жүйесі.

Тест тапсырмалары

- 1 Мерзімдік жалақы келесідей формуламен анықталынады
 - a. сағаттық тарифтік мөлшерлеменің жұмыс уақытының сағаттық шамасына көбейтіндісі
 - b. кесімді бағалау мен жұмыс уақытының сағаттық қорына көбейтіндісі
 - c. өнім санына кесімді бағалау көбейтіндісі
 - d. кесімді бағалаудың көлеміне қатынасы
 - e. бағалау көлемінің қатынасы

2 Уақыт бірлігінде жұмысшылардың түрлі топтары мен санаттарының еңбегіне ақы төлеудің абсолютті өлшемі - бұл

- a. тарифтік мөлшерлеме
- b. тарифтік кесте
- c. тариф қосымшалар
- d. кесімді бағалау
- e. айлық еңбекақы

3 Өндіріс факторының жиынтығы, өндірістік емес факторлар, айналым қорлары, дайын өнім, ақша қорлары, құнды қағаз, материалды емес қорлар, өнімді сатудан түскен пайда несие табыстар – бұл

- a. кәсіпорын экономикасы
- b. айналым қорлар
- c. кәсіпорын активтері
- d. кәсіпорын пассивтері
- e. негізгі қорлар

4 Негізгі өндірістік қорды пайдаланынуын көрсететін көрсеткіштің бірі

- a. қор қайтарымы
- b. бір айналым ұзақтығы
- c. айналымдының коэффициенті
- d. айналым қор нормативі
- e. өнім өнімділігі

5 Тарифтік разряд пен оларға сәйкес тарифтік коэффициенттердің жиынтығы бұл

- a. тарифтік кесте
- b. тариф қор
- c. кесімді бағалау
- d. айлық еңбекақы
- e. тарифтік мөлшерлеме

6 Кесімді жалақы қалай анықталынады

- a. кесімді бағалаудың белгілі бір уақыт кезеңінде өндірілген өнім көлеміне көбейтіндісі арқылы анықталынады
- b. өзіндік құнның тарифтік мөлшерлемесіне көбейтіндісі
- c. кесімді бағалаудың көлемге қатынасы
- d. тарифтік мөлшерлеменің жұмыс істелінген уақытқа көбейтіндісі
- e. бағаның көлемге көбейтіндісі

7 Дайын өнімге тікелей кірмейтін және өндірістік үдерістік жүзеге асырылуына қатысатын еңбек заттары – бұл

- a. көмекші материалдар
- b. негізгі материалдар
- c. минералды шикізаттар
- d. негізгі және көмекші материалдар
- e. ауылшаруашылық шикізаттар

8 Құрал-жабдықтарды жөндеу, электр энергиясы, жылу қажеттілігімен өндірісті қамтамасыз ету қандай өндірістік үдерістің мазмұны болып табылады

- a. көмекші үдеріс
- b. негізгі үдеріс
- c. аралас үдеріс
- d. үзіліссіз үдеріс
- e. табиғи үдеріс

9 Егер өндірілген өнім көлемі - 220 тоннаға өнеркәсіптік-өндірістік персоналдың орта тізімдік саны - 20 адам екені белгілі болса табиғи түрдегі еңбек өнімділігін есептеңіз

- a. 11
- b. 10
- c. 12
- d. 8

10 Сатылған өнім көлемінің айналмалы қордың орташа жылдық қалдығына қатынасы қалай анықталынады

- a. айналымдылық коэффициенті
- b. бір айналым ұзақтығы
- c. бекіту коэффициенті
- d. қарқындылық коэффициенті
- e. ауысымдық коэффициенті

Тақырып 8. Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі

1. Маркетинг және стратегиялық жоспарлау.
2. Маркетинг стратегиясын таңдау және өткізу.
3. Маркетингтің өндірісті ұйымдастыруға және кәсіпорынның негізгі функцияларына әсер етуі. Саланың бәсекелестікті талдауы.
4. Нарық жағдайында кәсіпорындағы жоспарлауды ұйымдастыру. Өнім өндіру бағдарламасын жасауға қажет шығындық мәліметтер.
5. Кәсіпорын жоспарының өндіріс және өнімді сату бөлімінің көрсеткіштері.

Маркетинг - бұл шын мәнінде, кәсіпорынның кез келген шаруашылық қызметін басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Маркетинг - бұл рынокты талдау, кәсіпорындар қызметінің әр қилы түрлерінің өзара іс-қимылдарын қамтитын өндірісті ұйымдастыру және өнімді өткізудегі кешенді жүйе: жоспарлау, баға құрылымы, сату (сатып алу), шикізаттарды жеткізу, өнім (тауарлар) және қызмет көрсету.

Маркетингтің негізгі мақсаты - сатып алу, сату процесінде ең жоғары мөлшерде пайда табуды, сонымен бірге оның міндеті - кәсіпорын қызметінің тұрақтылығын барынша қалыптастыру және стратегиялық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету.

Маркетинг қызметі жүйесінде, сол сияқты кәсіпорынның басқа да жеке міндеттері шешіледі:

- рынок, тауарлар, тұтынушылар және бәсекелестер жөнінде сенімді, дер кезінде және жарнамалармен қамтамасыз ету;
- кәсіпорынның тауар өндірудегі мүмкіншілігі;

• тұтынушыларға ықпал ететін сұраныс, рынок, бәсекелестер.

Маркетингтің экономикалық мәні мына төмендегі нәтижелілікті тұжырымдайды:

- тауарлардың бәсекеге жарамдылығын жасау;
- тауарларды жылжытуды жеделдету;
- сатып алушылардың қажеттілігін қанағаттандыру;
- өндірістің тиімділігі және тауарлар сату.

Маркетинг қызметі жағдайында рынок екі түрге ажыратылады:

- сатушы нарығы (рыногы);
- сатып алушы нарығы (рыногы).

Сатушы рыногы - бұл шын мәнінде, тапшылық рыногы, онда сатушылар үлкен билікке ие болады. Сатып алушы рыногы - бұл шын мәнінде толықтырылған рынок, мұнда сатып алушылар үлкен билікке ие.

Маркетингтің негізгі принципі - жалпыға бірдей нысаналығы, яғни тұтынушылардың қалаулары мен нақтылы талаптарына сай өндірістің түпкілікті нәтижелеріне бағдарлануы.

Маркетинг ағылшын тіліндегі «market», бізше нарық (рынок) дегенді білдіретін сөзден шыққан. Ол нарық экономикасы жағдайындағы тауар қатынастарын кешенді зерттеу концепциясын аңғартады. Нарықтық тауар қатынастары кезінде ең әуелі тауар тұтынуына айырықша мән беріліп, бұл келесі кезеңде соған сәйкес тауар өндіруді ұйымдастырумен жалғасады. Сондықтан екі аралықты, яғни өндіру мен тұтыну процестерін байланыстыру сауда немесе тауар өткізу жүйесіне жатады.

Сонымен өзара тығыз байланыстағы осы үш процесті зерттеу мен оны тиімді жүзеге асырып отыру - маркетингтің негізгі мәселесі. Сол себепті олардың әрқайсысын басқару жүйесіндегі бүтіннің бөлшектері ретінде жеке - жеке зерттеп

барып, сол арқылы белгілі бір қорытындыға келгенде ғана орынды шешім қабылдай алуымыз мүмкін.

Маркетинг - экономикалық дамудың өзекті мәселелерін жан - жақты талдай отырып, бүгінгі таңдағы уақыт талабына сәйкес келетін әрі келешекке бағыт сілтейтін қызмет түрі болып табылады.

Маркетинг атқаратын қызмет түрлері мынадай:

1) нарықты кешенді зерттеу;

2) кәсіпорынның өндірістік, тауар, өткізу мүмкіндіктерін талдау;

3) маркетингтік стратегияға сүйене отырып, неғұрлым айқын бағдарлама жасау;

4) тауар саясаты

5) баға саясаты

6) тауар өткізу саясаты

7) коммуникациялық саясатты жүзеге асыру;

8) маркетингтік қызметтің жобасын белгілеу;

9) маркетингтік әрекетті бақылау және оған баға беру.

2. Кәсіпорынның нарыққа бағытталған процесі сұранысты зерттеуден басталып, оны қанағаттандырумен аяқталады.

1- кәсіпорынның өнімі мен қызметіне сұранысты анықтау;

2- кәсіпорын қанағаттандыра алатын нарықтағы сұранысты зерттеу;

3- анықталған сұранысты қанағаттандыру үшін қажетті кәсіпорын ресурстарына баға беру;

4- нарық талаптарына кәсіпорынның бейімделу мүмкіндіктерін анықтау;

5- тауарлар мен қызметтер ассортиментін жоспарлау;

6- тауарлар мен қызметтерді өндіру мен өткізуді жоспарлау;

7- өндіріске тапсырысты өткізуді жоспарлау;

8- жарнаманы жоспарлау;

- 9- өткізуді жоспарлау;
- 10- жоспарды қаржыландыру;
- 11- тауарлардың нарыққа қозғалысын ұйымдастыру;
- 12- тұтынушыларға тауарларды тікелей сату;
- 13- көтерме сауда делдалдарына сату;
- 14- жеке саудаға сату;
- 15- сұранысты қанағаттандыру және қалыптастыру.

3. Соңғы кезеңде маркетингті бизнестің философиясы ретінде қолданады, бірақ маркетинг теорияларын отандық тауарөндірушілер таза күйінде сирек қолданады. Қазіргі уақытта қазақстанның бизнесінде маркетинг іс-тәжірибесі өзінің ғылыми негіздемесін қалыптастырған жоқ. Әдеби көздерді талдау арқылы маркетингтік көзқарас бойынша қазақстанның кәсіпорындарына келесі ерекшеліктер тән:

1) кәсіпорындардың ұйымдық құрылымына маркетинг бөлімшелері енгізілді және олар берілген көлемдегі барлық қызметті бақылады;

2) ағымдық жоспарлаудан ұзақмерзімдік жоспарлауға өту жүргізіліп жатыр;

3) кәсіпорындар нарықтық мәселелерді шешуде бір жүйені қолдануымен ерекшеленеді;

4) тұтынушылардың нақты қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында тұтынушылар нарығын сегментациялау қолданылады;

5) кәсіпорындар нарыққа ұсншып отырған тауарлардың имиджін қалыптастыру қажеттігін түсінеді;

6) маркетинг фирманың бәсекелестік қабілеттілігін арттыру үшін қолданылады және өзінің бәсекелестік артықшылығын тиімді пайдалануға мүмкіншілік береді.

Бірақ мұндай кәсіпорындар өте аз, олардың көпшілігі біріккен кәсіпорындар немесе жоғарғы тәжірибесі қалыптасқан ірі шет елдік компаниялардың филиалдары болып табылады. Мысалы: сүт өнімдерін өндіруші Петропавл «Сүт одағы» және «Фудмастер» компаниясын алуға болады. Бірақ

көптеген қазақстандық кәсіпорындар маркетингті басқарудың бір қызметі ретінде қарастырады және соған сәйкес өткізу бөлімдерін маркетинг бөліміне ауыстырды немесе маркетингтік қызметті белгілі бір мамандарға жүктеу арқылы жүзеге асырды. Көптеген кәсіпорындар бағалық бәсекелестік үлкен мән беріп, маркетинг кешенінде ең маңыздысы баға саясаты деп қарастырды. Алғашқы кезеңде кәсіпорындардың маркетинг қызметінің мақсаты ол нарықта тұрақтанып қалу болып табылады. Мұндай кәсіпорындар жарнаманың күшіне сеніп, тек бағаны түсіру арқылы өткізуді ұлғайтуға болады деп сенеді, яғни маркетингті олар таза тауарларды өткізу қызметі деп қарастырады.

Маркетингке мұндай көзқарас алға жылжу деп айтуға болады, себебі әлі де болса көп кәсіпорындар маркетинг қызметінің қажеттілігін жете түсіне алмай отыр, яғни ескі көзқараспен қалып отыр.

Мұндай көзқарас кәсіпорын қызметіне, өнім сапасына, бәсекелестік қабілетіне үлкен зиян тигізеді. Мұндай көзқарас өткен шақпен қалу қажет. Болашақта кәсіпорынның жетістікке жетуі үшін және өзінің бәсекелестік қабілеттігін қамтамасыз ету үшін олар келесілерді қолдануы қажетті:

- жоғары технологияға негізделген кәсіпорынның және оның өнімінің жоғары бәсекелік қабілеттігін қамтамасыз ететін маркетингті қолдану;

- кәсіпорындардың қызметін маркетингтік бағыттылығын арттыру арқылы бәсекелестеріне қарағанда бәсекелестік артықшылыққа ие болуын қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта жаңа техника мен тахнологияның даму кезеңінде кәсіпорындар маркетингтік концепцияларды тиімді пайдалану арқылы бәсекелестік артықшылыққа ие бола алады.

4. Тұтынушылардың мінез-құлқын анықтайтын негізгі принциптер келесілер:

- тұтынушы еркіндігі;

- зерттеу арқылы тұтынушының қажеттілігі мен оларды ынталандыру жолдары анықталады;
- тұтынушылардың іс-әрекетіне әсер етуге болады;
- тұтынушылардың мінез-құлқы әлеуметтік жағынан дұрыс.

Тұтынушының еркіндігі оның тауарларды сатып алуда еркін шешім қабылдауынан көрінеді. Егер де сатушы тұтынушының қажеттілігін толық қанағаттандыратын болса, онда ол кәсіпорын жетістікке жетеді. Бәсекелестік жағдайда тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыру арқылы кәсіпорындар жетістікке жетеді.

Тұтынушылардың іс-әрекетін зерттеу жоғарыда аталған процестер арқылы жүзеге асады. Тұтынушыларды мінез-құлқына, жасына, табысына, талғамына байланысты бөлуге болады.

5. Нарық сегменттеу - маркетингтің икемді құралы, өндірістік ресурстарын рационалды пайдалану арқылы тұтынушылар қажеттілігін өтеу мақсатында жүргізіледі.

Нарықты сегменттеу деген ол нарықты тұтынушылардың талғамына, ерекшелігіне байланысты нарықты бөлу деген сөз.

Тұтынушыларды талғамына, мінез-құлқына, түр сипатына байланысты топтарға бөлуді нарықты сегменттеу деп атаймыз

Нарық сегменттеу келесі жағдайларды болдырады.

1. Тұтынушылардың тауарға деген қажеттілігін өтеу
2. Өндіріс шығындарын тауарды өндіруге және өткізуге оптималдау
3. Нарықтың әрбір бөлігіне стратегиялық маркетингтік жоспар құру.
4. Нарықтағы толық емес сегментті тауып, оны сұранысқа байланысты толықтыру
5. Нарық бөлігіне байланысты шешім қабылдау деңгейін жоғарылату

6. Фирманың бәсекелестік жағдайын көтеру

Әр фирма сегменттің ішінде өзі толықтыра алатын бөлікті таңдап, бәсекелестердің алдында артықшылыққа ие болады.

Осы критерияларды пайдалана отырып өндіріс өзіне тауарды көп өткізуге болатын оптималды сегментті тандайды. Оптималды сегмент деп 20% тұтынушы 80% тауарды сатып алған кезде айтылады. (Парето заңы)

Нарықты сегменттеу әр түрлі факторларға байланысты болуы мүмкін. Тұтынушылар қажеттілігін өтеу нарық сегменттеу принциптері географиялық, демографиялық, мінез-құлықтық және әлеуметтік болып бөлінеді. Шығыс Қазақстан байланысты нарық сегменттеу келесі принциптерге негізделуі мүмкін.

Өндіріс тауарлар нарығын сегменттеу ерекшеліктері.

Өндіріс тауарлар нарығын сегменттеу тұтыну тауарлар нарығын сегменттеу принциптеріне ұқсас, бірақ ерекшеліктері бар:

1. Географиялық - нарықтық облыс, аудан, ауыл көлемінде сегменттерге бөлу. Бұл принципте әсіресе құрылыс, ауылшаруашылық және транспорт салаларында қолданылады.

2. Әдістемелік. Фирма үшін тұрақты тұтынушыны табу басты мақсаты. Сондықтан олар тұтынушының мінез-құлқына сәйкес тауар ұсынуы қажет. Ол үшін ол тұтынушыға пайданы бөлу қажет. Пайданы бөлу үшін фирма бағасы икемді, жеткізіп беру және транспорт жүйесі қолайлы және сатқаннан кейін фирма тұтынушыға жағдай жасап, көмек беруі қажет. Тұтынушы түріне байланысты, тауарға деген сұраныс әртүрлі болады. Сондықтан маркетинг қызметі ұйымдастырылуы қажет.

3. Сатып алу әдістері. Көптеген фирмалар шешім қабылдау процесін қатаң орталықтанған жүйеге келтіріп, тұтынушыларды ірі сатып алушылар және кіші деп бөледі ірі

сатып алушыларға арнайы маркетингтік жоспар арқылы қызмет жасайды.

4. Өндірістің сегментациясы. Ол фирманың қай салаға: машина жасау, ауылшаруашылық, мұнай өңдеу кіруіне байланысты, қандай технология, қаржылық ресурстар, өндіріс капиталы т.б. байланысты бөлінеді. Егер де өндіріс жоғары сапалы қымбат технология сататын болса, онда тұтынушыларды жоғары деңгейде технология қолданатындар мен төменгі деңгейдегі технология қолданатындар деп бөледі.

Нарық сегменттеу кезеңдері мен әдістері.

Сегменттеу процесі бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. тұтынушы қажеттілігін анықтау;
2. сегменттеу ерекшеліктерінің анықтау.
3. нарықты сегменттеу және профилін анықтау.
4. мақсатты сегментті таңдау.
5. тауарды нарықта тұрақтандыру.
6. маркетинг жоспарын құру.

Фирма өз бизнесін бастау үшін қандай тұтынушылар тобының қажеттілігіне байланысты тауар өндіру керек соны анықтайды. 2-ші кезеңде тұтынушылардың бірыңғай және әртүрлі қажеттілігін ескеріп сегментке бөледі. Ол үшін тұтынушыларды белгілі бір топтарға бөледі. 3-ші кезеңде сегменттердің түрлері анықталынады. Ол топтастыру әдісіне байланысты бөлінеді. Топтастыру әдісі дегеніміз нарықты бірыңғай ерекшеліктеріне байланысты жинақтау, топтау арқылы белгілі бір сегмент анықтанылады. Мысалы: нарық сегменттеу – ерлер – 10000 теңгеден жоғары – қала тұрғыны.

Мақсатты сегментті анықтау ең маңызды кезең.

Нарықтың мақсатты сегменті дегеніміз – маркетингтік қызметтің көп пайда алуға бағытталған бір немесе бірнеше сегменттер жиыны.

Келесі кезең ол жоспар құру, оған тауар, баға, бөлу және коммуникация кіреді.

Мақсатты сегментті таңдау.

Мақсатты сегментті таңдау үшін келесі түрдегі нарықты жаулап алу стратегиялары қолданынады. Жалпы массалық жинақталған және дифференциалданған маркетинг. Жалпы массалық маркетингті қолдану арқылы сегменттер арасындағы ерекшелікті, әртүрлілікті ескермейді. Бұл стратегияда сегменттеу анализі қолданылмайды. Нарық бір жүйе ретінде қарастырылмайды. Ол жалпы тұтынуға бағытталады. Сондықтан өндіріс көлемі үлкен, жарнама барлығына бірдей және сол арқылы товар артықшылығын тұтынушыларға көрсетпекші болады. Бұл стратегияның артықшылығы өнімді шығаруға аз шығын кетеді және жарнамаға, өткізуге өнімдер үнемді пайдаланылады.

Жалпы массалық маркетингтің басты мақсаты - бір түрдегі тауарды көп көлемде сату. Маркетинг қызметі жалпыұлттық нарыққа бағытталады.

Дифференциалданған маркетинг стратегиясы бір және бірнеше нарық сегментіне бағытталады.

Дифференциалданған маркетинг талдау жасауды қажет етеді. Өйткені фирма ресурстары мен капиталы бір және бірнеше товар өнімдерін өндіруге және өткізуге жеткілікті болуы қажетті. Бірнеше сегментте тауарларды сату арқылы тұтынушылардың қажеттілігін өтейді. Сол арқылы фирма тұтынушылардың қайта сатып алуына сенеді. Дифференциалданған маркетинг арқылы фирма әртүрлі топтардың қажеттілігіндегі тауарларды өткізеді. Бұл стратегияны қолданған фирманың пайдасы нарық сегменттерінің санына байланысты. Бірақ бұл стратегияға көп шығын қажет. Концентрациялық маркетинг стратегиясы бір нарық сегментіне, бір тұтынушы тобына бағытталған. Ол маманданған стратегия деп аталады. Оны шектеулі

ресурстары бар фирмалар қолданады. Бұл маркетингтік стратегияда тәуекелдік өте жоғары.

Бақылау сұрақтары:

1. Маркетинг және стратегиялық жоспарлау.
2. Маркетинг стратегиясын таңдау және өткізу.
3. Маркетингтің өндірісті ұйымдастыруға және кәсіпорынның негізгі функцияларына әсер етуі. Саланың бәсекелестікті талдауы.
4. Нарық жағдайында кәсіпорындағы жоспарлауды ұйымдастыру. Өнім өндіру бағдарламасын жасауға қажет шығындық мәліметтер.
5. Кәсіпорын жоспарының өндіріс және өнімді сату бөлімінің көрсеткіштері.

Тест тапсырмалары

1 Халықаралық тәжірибеде кәсіпорынның даму жоспары қалай көрсетіледі?

- a. жобалау ретінде
- b. болжау ретінде
- c. сұраныс ретінде
- d. ұсыныс ретінде
- e. бизнес-жоспар ретінде

2 Мемлекет өкілеттік сипатына қарай қалай бөлінеді:

- a. тұрақты және уақытша органдар
- b. республикалық және жергілікті органдар
- c. құқықтық шығармашылық
- d. заң шығарушы, атқарушы органдар
- e. жалпылама және арнаулы құзыретті органдар

3 Жалпы басқару деңгейлерінің түрлері:

- a. жоғары, кіші, аз

- b. орта, биік, төменгі
- c. кіші, орта, биік
- d. төменгі, биік, кіші
- e. жоғары, орта, төмен

4 Мемлекеттің жанама ықпал әдістеріне жататындар:

- a. баға белгілеу, амортизациялық мерзім, салықтар, жеңілдіктер, несиелер
- b. капиталдың көлемін анықтау, проценттік көлемдер, субсидиялар
- c. кедендік салықтар, баға белгілеу, жеңілдіктер, проценттік төлемдер
- d. несие, ақша айналымы, кедендік салық, несиелер, жеңілдіктер, проценттіктер
- e. салықтар, несиелер, жеңілдіктер, проценттік төлемдер, субсидиялар

5 Елдер арасындағы сауданы кеңейту мақсатымен халық аралық келісім бойынша берілетін сауда жеңілдігі?

- a. мораторий
- b. монополия
- c. проференция
- d. инжиниринг
- e. мониторинг

6 Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты мақсаты?

- a. валюта курсы төмендету
- b. ұлттық валютаны тұрақтандыру
- c. сыртқы экономикалық қатынастарды дамыту
- d. инвестицияларды тарту және жүзеге асыру
- e. экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты орнату

7 Нарықтық экономикадағы шаруашылық тепе теңдіктің негізгі реттеуші құралы?

- a. рынок
- b. болжам
- c. жоспар
- d. баға
- e. өнім

8 Экономиканы макроэкономикалық реттеу бұл:

- a. ұлттық деңгей реттеу
- b. регулятивті
- c. салалық деңгейде реттеу
- d. директивті
- e. стратегиялық бағдарлама

9 Экономикалық өсуіне жағдай жасауға бағытталған экономикалық ұйымдастырушылық әлеуметтік шаралар жүйесі:

- a. бақылау
- b. басқару
- c. реттеу
- d. жоспарлау
- e. болжау

10 Мемлекеттік реттеу басқарудың қайсы әдістеріне жатады:

- a. әлеуметтік әдістері
- b. психологиялық әдістері
- c. экономикалық әдістері
- d. аймақтық әдістері
- e. халықаралық әдістер

Тақырып 9. Табыс және өндіріс табыстылығы

1. Кәсіпорынның табысы, оның мәні мен мағынасы
2. Шегерімдер
3. Табыстылықтың өсуі

Өндіріспен айналысатын шаруашылық субъектінің басты мақсаты: нарық жағдайында пайда табу болып саналады. Бұл мақсатты қоғам қажеттілігін өзінің тұтыну қасиеті бойынша қамтамасыз ететін тауарды шығарған да ғана іске асыруға болады. Қаржылық нәтижені анықтау үшін тауарды сатқаннан түскен табысты өндіріске және сатуға кеткен шығындармен салыстыру қажет, егер табыс кеткен шығындардан көп болса, онда қаржылық нәтижесі пайда алынғанын көрсетеді. Егер табыспен шығындар тең болса, онда пайданың болмағаны, соның себебінен шаруашылық субъект өндірісті дамыту үшін қаражаты жоқ деген сөз. Егер шығындар табыстан асып түссе шаруашылықпен айналысатын субъект залал шеккенін білдіреді, осының әсерінен ол банкрот болуыда мүмкін. Бұл залалдар өндірісті ұйымдастыруда, басқаруда және өнімді өткізуде кеткен қателіктерді айқын көрсетеді.

Пайда қаржылық нәтиженің оң шамасын білдіреді. Пайданы алуға ұмтылу тауарөндірушілерді өндірістің көлемін көбейтуге, шығындарды азайтуға итермелейді. Бұл жеке шаруашылық жүргізуші субъектінің мақсатын іске асырып қана қоймай, қоғамның да қажеттілігін қамтамасыз етеді. Пайда қай жерде құнның өсуіне мол мүмкіндік бар екенін көрсетіп қана қоймай, бұл салаға инвестицияны жұмсауды ынталандырады.

Пайда өндірілген және міндетті түрде өткізілген қосымша затты білдіреді. Ол қайта жаңғырту циклының барлық сатысында өндіріледі, бірақта өзінің ерекше нысанын өнімді өткізу сатысында табады. Пайда таза табыстың негізгі түрі

болып табылады.

Пайда шамасына, оның өсу қарқынына шаруашылықпен айналысатын субъектінің қимылына байланысты және байланысы жоқ факторлар әсер етеді.

Ішкі ортадағы факторлар көбінесе белгілі болады және оларды зерттеуге мүмкіндік болады, сондықтан пайданы өсіру мақсатында ықпал жасауға болады. Ішкі факторларға шаруашылықты жүргізу деңгейі, менеджерлердің біліктілігі, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, еңбекақының деңгейі, өткізілген өнім бағасының деңгейі, өндірісті және еңбекті ұйымдастыруы жатады.

Іс жүзінде реттеуге келмейтін сыртқы ортаның факторлары: пайдалуға қажетті ресурстар бағасының деңгейі, бәсекелік орта, нарыққа ену кедергілері, салық жүйесі, мемлекеттік басқару органдары, саяси, әлеуметтік, мәдени, діни мәселері және т.б. жатады.

Пайда қаржылық іс-әрекет нәтижесі түрінде белгілі бір функцияларды орындайды. Пайда шаруашылық субъектінің іс-әрекеті арқасында алынған экономикалық нәтижені көрсетеді. Ол шаруашылық субъектінің экономикалық дамуы үшін басты негіз болып табылады. Пайданың өсуі өзін өзі қамтамасыз етудің, ұлғайлымалы өндірістің, еңбек ұжымының әлеуметтік және материалдық мәселелерін шешудің негізгі көзі болып табылады. Пайда арқылы кәсіпорынның бюджет алдындағы, банктер мен басқа ұйымдар алдындағы міндеттемесі орындалады. Пайда жалғыз қаржылық нәтиже түрінде ғана емес, сонымен қатар қаржылық ресурстардың негізгі бөлігі болып саналады. Осыдан барып, қайта жаңғырту, ынталандыру және бөлу функциялары туындайды. Ол іскерлік белсенділіктің дәрежесін және кәсіпорынның қаржылық сәттілігін сыйпаттайды. Пайданың көлеміне қарай активтерге жұмсалған қаражаттардың қайтарым деңгейі сыйпатталады.

Қазіргі жағдайда пайданы көбейтудің бірден бір көзі

болып инновациялық іс-әрекет жатады. Бұл көзді іске асыру үшін өнімнің, жұмыстың және қызметтің тұтыну қасиетін тұрақты дамыту отыру керек.

Жыл бойы негізгі және негізгі емес қызметтерден алынған табыс жылдық жиынтық табысты құрайды. Табыс сондай-ақ тауарлы-материалдық қорларды сатқаннан, қызмет көрсеткеннен, кәсіпорынға жататын активтерді пайдалануға беруден, пайыздардан, роялтиден және дивидендтерден алынуы мүмкін.

Көрсеткен қызметтен және орындалған жұмыстан алынған табыстар, мыңа жағдайларды қоспағанда, тауарды сатқаннан алынатын табыс ретінде танылады:

- есеп беру күніне мәміленің аяқталу кезеңі жоғары деңгейдегі дәлдікпен анықталса;

- мәмілені жүргізу кезінде жұмсалған шығындары да, мәмілені аяқтау үшін қажет шығындары да жоғары деңгейдегі дәлдікпен бағаланса.

Қызмет көрсетудің, яғни мәміленің нәтижесінде жоғары деңгейдегі дәлдікпен табысты анықтау мүмкін болмаған жағдайда, табыс жұмсалған шығын мөлшерінде танылады, яғни ол сол шығынның орнын жабады.

Жылдық жиынтық табысқа келесілер кіреді:

1. Тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету) сатудан түскен табыс;
2. Үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сатқандағы бағаның өсуінен түскен табыс;
3. Міндеттемелерді есептен шығарудан түскен табыс;
4. Күмәнді міндеттемелердің орындалмауына байланысты түскен табыс;
5. Мүлікті жалға беруден түскен табыс;
6. Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банктер мен банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түскен табыстар;

7. Қарызды талап етуді басқа біреуге тапсырудан түскен табыс;

8. Кәсіпкерлік іс-әрекетті шектеу немесе тоқтатуға келіскеннен түскен табыс;

9. Ішкі топтағы құндық теңдестігіндегі бағадан істен шыққан активтердің бағасының жоғары болуынан түскен табыс;

10. Кен орындарын игергенде пайда болған зардаптарды жою үшін кеткен нақты шығындар сомасынан оны жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыстар;

11. Ортақ меншікті бөлгендегі табыс;

12. Бұрын негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, борышкерге салынған немесе ол мойындаған айыппұлдар, өсімпұлдар және жазалау шаралардың (санкциялардың) басқа да түрлері, егер бұрын осы сомалар шегеріліп тасталмаған болса;

13. Бұрын жасалған шегерімдер бойынша өтелімнен түскен табыс;

14. Тегін алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер;

15. Дивидендтер;

16. Пайыздар түріндегі табыс;

17. Оң бағамдық айырмасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып түсуі;

18. Ұтыстар;

19. Роялти;

20. Табыстың әлеуметтік саладағы нысандарды пайдалануға кеткен шығындардан артып түсуі;

21. Басқа да табыстар.

Салық төлеушінің жылдық жиынтық табыс алуымен байланысты салық салынатын табыстың базасын анықтау

үшін түзетілген жылдық жиынтық табыстан болған шығындары алып тасталынады және оны шегерім деп атайды.

Егер шығындар бірнеше баптар бойынша көрсетілетін болса, онда ол салық салынатын пайданы есептеу кезінде тек бір рет қана шегеріледі.

Мемлекеттік бюджетке енгізілуге тиістілерін қоспағанда, жылдық жиынтық табыс табуға байланысты салынған немесе танылған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы шегеріп тасталады.

Шегерімге жататындар:

1. Қызмет бабындағы іс-сапарлар кезіндегі және өкілдік шығындар бойынша өтемдер сомаларын шегеру;

2. Сыйақы бойынша шегерімдер;

3. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдер;

4. Күмәнді талаптар бойынша шегерімдер;

5. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер;

6. Ғылыми-зерттеу, жобалау, іздену және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындар бойынша шегерімдер;

7. Сақтандыру сыйлықақылары бойынша шығындарды шегеру;

8. Әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығындарды шегеру;

9. Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығындар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шегерімдері;

10. Теріс бағамдық айырма бойынша шегерімдер;

11. Салықтар шегерімі

Шегерімге жатпайтын төлемдер. Мына аталған төлемдер шегерімге жатпайды:

1) жылдық жиынтық табыс алуға байланысты емес төлемдер;

2) құрылысқа және тіркелген активтерді иемденіп алуға жұмсалған төлемдер мен күрделі сипаттағы басқа да төлемдер;

3) мемлекеттік бюджетке енгізуге жататын (енгізілген) айыппұлдар мен өсімпұлдар;

4) шегерімдерге жатқызудың Салық кодексінде белгіленген мөлшерінен асып түсетін жылдық жиынтық табыс алуға байланысты төлемдер;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мөлшерден артық төленуге тиіс (төленген) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы;

6) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын нысандарды салу, пайдалану мен күтіп-ұстау жөніндегі қаражаттар;

7) салық төлеушінің өтеусіз негізде берген мүлкінің, орындаған жұмыстарының, көрсеткен қызметтерінің құны; 8) қызметін өнімді бөлу жөніндегі келісім-шарт бойында жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлеген төлем сомасы.

Кәсіпорын іс әрекетінің маңызды көрсеткішінің бірі табыстылық болып саналады. Табыстылық – бұл өндіріс кәсіпорын жұмысының сапасын сипаттайтын жалпы көрсеткіш. Себебі тапқан пайданың көлеміне қарамай, кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметінің толық салалық бағасын тек табыстылықтың деңгейі ғана көрсете алады. Ол пайданың өндіріс қорына немесе өнімнің өзіндік құнына қатынасын білдіреді. Табыстылықтың көрсеткіші өндіріске кеткен шығынмен табысты салыстыра отырып өндірістің тиімділігін бағалайды.

Кәсіпорындарда табыстылықтың деңгейінің жоғарлауына тікелей әсер ететін негізгі факторларға келесілер жатады:

- өндірілген өнім көлемінің өсуі;
- өнімнің өзіндік құнының төмендеуі;

- өндірістік негізгі қорлар мен айналым қаражаттарының айналым уақытының қысқаруы;

- пайда көлемінің өсуі;

- қорлардың дұрыс пайдалануы;

- құрал-жабдықтарға, ғимаратқа және құрылысқа деген бағаны дұрыс қалыптастыратын бағажүйесі;

- материалдық ресурстардың, аяқталмаған өндірістің және дайын өнімнің запас мөлшерлерін дұрыс анықтау және оны тиянақты ұстап тұру:

- жоспарлы және жүйелі түрде ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы жетістіктерін ендіру;

- еңбек ресурстары мен өндіріс қорларын тиімді пайдалану.

Санау әдісі бойынша халық шаруашылығында кәсіпорын табыстылығы $Tb_{он}$ және өнім табыстылығы $Tb_{өм}$ болып екіге бөлінеді. Бірінші көрсеткіш пайданың Π өндірістік негізгі қорлар HK мен айналым қаражаттарының AK орташа жылдық құнына қатынасын білдіреді:

$$Tb_{он} = \Pi \times 100 / (HK + AK), \%$$

Екінші көрсеткіш пайданың Π өнімнің өзіндік құнына ΘK қатынасын көрсетеді:

$$Tb_{өм} = \Pi \times 100 / \Theta K, \%$$

Табыстылықты анықтайтын әдістер көрсетіп отырғандай, табыстылықтың деңгейі және оның өзгеруі өндіріс өнімдерінің бағасына тікелей байланысты екенін көрсетіп отыр. Сондықтан бағаны қалыптастыратын жүйенің шынайы болғаны көп жағдайда табыстылықтың деңгейін дәлелді анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оның өзгеруі өнімнің бағасына байланысты болады. Сөйтіп, табыстылықты анықтау және жоспарлау әдістерінің дәлелділігі баға

қалыптастыру жүйесімен тығыз қарым-қатынаста болады. Пайда көлемі, сонымен қатар, табыстылық деңгейі де ең алдымен өнімнің бағасы мен өзіндік құнның өзгеруіне тәуелді.

Өндіріс табыстылығын жоғарылату үшін әртүрлі қаражаттар қолданылады. Өндіріс табыстылығының өсуінің бірден бір басты көзі ретінде кәсіпорын тапқан пайданың көлемі болып табылады. Өткізілген өнімнің әр түріне келетін пайданы сақтай отырып, алынған пайданың жалпы сомасын көбейту арқылы бұл өсу өндіріс шығынын азайтуы, өндірілген өнімнің құрылымының өзгеруі, осыған байланысты өндіріс ауқымы өзгеруі арқылы қол жеткізіледі.

Өнімнің өзіндік құнының төмендеуі пайданы өсіруге алып келетін негізгі фактор болып табылады. Бірақ та пайданың көлеміне әсер ететін басқа да бірнеше факторлар бар, олар: өнім бағасының өзгеруі, өткізілмеген өнімнің қалдығы, өткізу көлемі, өндіріс құрылымы және т.б.. Бірінші фактор алдыңғы уақытта жоғары дәлелдігі бар бағаның өзгеруі белгілі болған жағдайда ғана ескеріледі. Өндіріс табыстылығының жоғарылауы алдын ала жұмсалған әрбір теңгеден түсетін қайтарымның өскендігін білдіреді, сондықтан оларды онан да артық пайдаланудың тиімділігі өседі деген сөз.

Кәсіпорын деңгейінде қолданылатын табыстылықтың негізгі көрсеткіштері ретінде келесі топтарға біріктіруге болады:

- өнім табыстылығының көрсеткіштері;
- капитал (активтер) табыстылығының көрсеткіштері;
- қолма-қол ақшалар табысі бойынша саналатын көрсеткіштер.

Осы көрсеткіштер мәнінің дәл келмеуі табыстылықты жоғарылату үшін кәсіпорын қаржылық тетігі болатын ұзақ мерзімді несиелер мен басқа да несие қаражаттарын пайдаланғанын сипаттайды.

Табыстылықты жоғарылату жолдарын талдаған жағдайда сыртқы және ішкі факторлардың әсерін жеке анықтаған жөн. Мынадай көрсеткіштер: өнім мен ресурс бағасы, пайдаланған ресурстардың көлемі және өндірілген өнімнің көлемі, өткізілгеннен түскен пайда және сатудың табыстылығы өзара тығыз атқарымдық байланыста болады.

Табыстылықтың өсуі кәсіпорын жұмысының тиімділігінің жоғарылауы тек тапқан пайданың арқасында ғана емес, әрбір теңге түріндегі шығындарға келетін табыстардың көбейгенін көрсетеді.

Табыстылықты жоғарылату екі бағыт бойынша жүргізілуі мүмкін: пайданың өсуі және өндіріске кететін шығындардың азаюы. Басқаша айтқанда, оң нәтижеге өзіндік құнның төмендеуінен немесе өнімнің бағасының өсуі арқылы қол жеткізуге болады. Табыстылықтың өсуінің басты көзі өндіріске кететін шығындарды, өнімнің өзіндік құнын төмендету болып саналады. Өнімнің өзіндік құнын төмендету, көбінесе, негізгі қорлардың тиімділігін жоғарылату, материалдық ресурстарды үнемдеу, еңбек өнімділігін өсіру арқылы жетуге болады.

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорынның табысы, оның мәні мен мағынасы
2. Шегерімдер
3. Қаржылық нәтижені анықтау
4. Табыстылықтың өсуі
5. Өнімнің өзіндік құнын төмендету әдістері

Тест тапсырмалары

- 1 Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының түрі
 - a. дивизиондық ұйымдастырушылық
 - b. саяси
 - c. экономикалық
 - d. әлеуметтік

е. ресурстық

2 Есеп айырысу тәртібін орындамаған кәсіпорын сот арқылы нені жариялайды

- a. дербестігін
- b. тәуелсіздігін
- c. банкрот
- d. жанашылдығын
- e. белсенділігін

3 Шағын кәсіпорын заң бойынша қандай еңбек ақы төлеуді қамтамасыз етеді

- a. толық
- b. жартылай
- c. кепілдік
- d. несие
- e. қосымша

4 Экономикалық ресурстар қандай категорияға бөлінеді

- a. материалдық ресурстар
- b. материалдық емес ресурстар
- c. шаруашылық
- d. экологиялық
- e. әлеуметтік

5 Экономикалық ресурстар категориясы

- a. жеке ресурстар
- b. табиғи ресурстар
- c. экологиялық
- d. адамдар ресурсы
- e. шаруашылық

6 Кәсіпкерлік формасы бойынша қандай болып бөлінеді

- a. ұжымдық – экономикалық

b. ұжымдық әлеуметтік

c. ұйымдық

d. қоғамдық

e. кеңестік

7 Меншік түрі бойынша қалай бөлінеді

- a. экономикалық
- b. ортақ
- c. өндірістік
- d. қоғамдық
- e. муниципалдық

8 Атқаратын міндетіне қарай кәсіпкерлік қалай бөлінеді

- a. өнеркәсіптік
- b. экономкалық
- c. коммерциялық емес
- d. коммерциялық
- e. ұйымдық

9 Ерікті түрде біріккен қоғамдар

- a. өндірістік кооперативтер
- b. Ашық акционерлік қоғамдар
- c. шектелген жауапкершілікті қоғамдар
- d. шектелген жауапкершілікті қоғамдар
- e. құрылымдық қоғамдар

10 Кәсіпорын типтері

- a. АҚ, ЖШС
- b. шағын, орта, ірі кәсіпорындар
- c. серіктестіктер
- d. бірлестіктер
- e. мемлекеттік

Тақырып 10. Өнімді өндіру және өндіріс шығындары

1. Шығын түсінігі, құрамы және түрлері
2. Шекті және жалпы кәсіпорын шығындары.
3. Өнімнің өзіндік құнының құрамы және оның өнеркәсіптің түрлі салаларындағы ерекшелігі
4. Кәсіпорын шығынын құрайтын шығындарды саралау.
5. Өнімнің өзіндік құнын азайтудың мәні, көздері және факторлары.

Өнімнің өзіндік құны - бұл кәсіпорынның өнімді өндірумен және өткізумен байланысты барлық шығындарын ақшалай нысанда білдіретін, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен бірлестіктердің қызметінің маңызды экономикалық көрсеткіштерінің бірі. Өнімнің өзіндік құны кәсіпорынға олардың шығаратын өнімі қаншаға түсетінін көрсетеді. Өнімнің өзіндік құнына өнімге өткізілген еңбектің шығындары (негізгі қорлардың амортизациясы, шикізаттың, материалдық, отынның және басқа да материалдық ресурстардың құны) мен кәсіпорындардың жұмысшыларының еңбек ақысына шығындар енгізеді. Өнеркәсіптік өнімнің өзіндік құнының төрт түрін ажыратады. Цехтың өзіндік құн өнімді өндіру осы цехтың шығындарын қамтиды. Жалпы, зауыттық өнімді өндіруге кәсіпорынның барлық шығындарын көрсетеді. Толық өзіндік құн өнімді өндіруге ғана емес, сонымен қатар оны өткізуге де барлық шығындарды сипаттайды. Салық өзіндік құн жекеленген кәсіпорындардың жұмыс нәтижелеріне, сол сияқты бүкіл сала бойынша өндірісті ұйымдастыруға байланысты.

Өнеркәсіптік өнімді өндіруге шығындар алғашқы экономикалық элементтер және шығындар баптары бойынша жоспарланады және есепке алады.

Алғашқы экономикалық элементтер бойынша топтау кәсіпорынның материалдық ресурстарға жалпы қажеттіліктерді, негізгі қорлардың амортизацияға сомасын еңбек ақы

төлеуге шығындарын және кәсіпорынның басқа да ақшалай шығындарды анықтайтын, өндірістік шығындар сметасын жасауға мүмкіндіктер береді. Мұндай топтау өзіндік құн бойынша жоспардың техникалық-өндірістік және қаржылық жоспардың басқа бөлімдерімен келістірілуі үшін, айналым құралдарын жоспарлау үшін олардың пайдалануын бақылау үшін қолданылады. Өнеркәсіпте экономикалық элементтер бойынша шығындардың келесі топтамасы қабылданған:

- шикізаттар мен негізгі материалдар;
- көмекші материалдар;
- отын (шет жақтан);
- энергия (шет жақтан);
- негізгі қорлардың амортизациясы;
- еңбек ақы;
- элеуметтік сақтандыруға аударымдар;
- элементтер бойынша бөлінген, басқа да шығындар.

Экономикалық элементтер шығындарды топтау кәсіпорынның шығындарын жеке өнім түрлері мен басқа шаруашылық қажеттіліктерді бөлусіз материалдық және ақшалай шығындарды көрсетеді.

Өзіндік құнды нақты төмендетуді білдіретін үнемдеу факторлардың келесі құрамы бойынша есептеледі:

Өндірістің техникалық деңгейін арттыру. Бұл жаңа, прогрессивті технологияларды енгізу, өндірістік процестерді механизациялау және автоматизациялау; шикізаттар мен материалдардың жаңа түрлерін пайдалануды және қолдануды жақсарту; өнімдердің конструкциясы мен техникалық сипаттамаларын өзгерту; өндірістің техникалық деңгейін арттыратын басқа да факторлар.

Осы топ бойынша өнімнің өзіндік құнына ғылыми-техникалық жетістіктер мен алдыңғы қатарлы тәжірибенің ықпалы талданады. Әрбір іс-шара бойынша өндіріске кеткен шығындарды төмендету мен сипатталатын экономикалық тиімділік сипатталады. Іс-шараларды іс жүзіне асырудан

болатын тиімділік (үнемдеу) өнім бірлігіне шығын мөлшерлерін іс шараларды енгізуге дейін және одан кейін салыстыру және алынған айырмашылықты жоспарланатын жылдағы өндіріс көлеміне көбейту арқылы анықталады:

$$\mathcal{E} = (C_c - C_n) * A_n,$$

\mathcal{E} - тікелей ағымдық шығындардың үнемделуі,

C_c - іс-шараларды енгізуге дейінгі өнім бірлігіне тікелей ағымдық шығындар,

A_n - іс шараларды енгізуден бастап жоспарланатын жылдың соңына дейін өнімнің натуралды бірлігіндегі көлемі.

Өнімнің көлемін және құрылымын өзгерту арқылы жағдайлы-тұрақты шығындарды, амортизациялық төлемдерді азайтуға болады және өнім номенклатурасы мен ассортиментін өзгертуге, оның сапасын жоғарылатуға болады және ол өнімнің өзіндік құнын азайтады. Жағдайлы-тұрақты шығындар арқылы үнемдеу мөлшері келесі формула арқылы анықталады:

$$\mathcal{E}_Я = (T * ЯС) / 100$$

Мұндағы $\mathcal{E}_п$ - жағдайлы-тұрақты шығындардың үнемдеу мөлшері; $Пс$ - базис жылындағы жағдайлы тұрақты шығындар сомасы; T - базис жылымен салыстырғандағы тауар өнімдерінің өсу деңгейі.

Табиғи ресурстарды пайдалануда жақсарту. Мұнда келесі жағдайлар қарастырылды: шикізат сапасы мен құрамының өзгерісі, табиғи ресурстарды жер қойнауынан алу әдістері және оларды дайындау; басқа табиғи жағдайлардың айналымы шығындардың мөлшеріне әсерін көрсетеді. Олардың өзіндік құнды азайтуға әсерін талдау өңдеуші өндіріс салаларының әдістерін негізге ала отырып жүргізіледі.

Салалық және басқа да факторлар, олар:

- жаңа өндірісті, цехтарды, өндіріс бірлігін енгізу және жүзеге асыру;

- жұмыс істеуші өндірістен жаңа өндірісті дайындау және жүзеге асыру; басқа да факторлар.

Ескі цехтарды ликвидациялау және жаңа цехтарды енгізу, өндірістерді жоғары техникаландыру нәтижесінің ең жоғарғы көрсеткіштерін пайдалана отырып, өзіндік құнды азайту үшін резервтерге талдау жасалуы қажет.

Резервтерде сонымен қатар жаңа өнімдерді дайындау және өндіру, жаңа технологиялық процестерді қолдану, жаңа цехтарды енгізу уақытысына шығындарды азайту арқылы өзіндік құнды азайту қарастырылады.

Шығындарды өзгеру сомасын есептеу формуласы келесі түрде көрсетіледі:

$$\mathcal{E}_п = (C_x / D_1 - C_0 / D_0) * D_1$$

Мұндағы, $\mathcal{E}_п$ - өндірісті дайындау және іске қосу шығындарының өзгерісі;

C_0, C_x - базисті және есепті жылдағы шығындар сомасы; D_0, D_1 - базисті және есепті жылдағы тауар өнімінің көлемі. Өнімнің өзіндік құнын талдау объектісі болып келесі көрсеткіштер табылады:

1. тауар өнімінің бүкіл немесе шығындар элементтері бойынша толық өзіндік құны;
2. тауар өнімінің теңгесіне шығындар;
3. салыстармалы тауар өнімінің өзіндік құны;
4. жеке өнімнің өзіндік құны;
5. шығындардың баптары немесе жекелеген элементтері.

Экономикалық элементтер шығындарды топтау кәсіпорының шығындарын жеке өнім түрлері мен басқа шаруашылық қажеттіліктерді бөлусіз материалдық және ақшалай шығындарды көрсетеді.

Экономкалық элементтер бойынша өнім бірлігінің өзіндік құнын анықтау мүмкін емес. Сондықтан экономикалық элементтер бойынша шығындарды топтаумен қатар өндіріске шығындар шығындардың баптары (калькуляция баптары) бойынша жоспарланады және есепке алынады.

Шығындар калькуляциялық баптар бойынша топтау шығындарды оларды орны мен қолданысы (мақсаты) бойынша көру, кәсіпорынға жеке өнім түрлерін өндіру және өткізу қаншаға түсетінін білу мүмкіндігі. Калькуляция баптары бойынша өнімнің өзіндік құнын жоспарлау және есепке алу өзіндік құнның осы деңгейі қандай факторлардың ықпалымен қалыптасқан, оны төмендету үшін күресті қандай бағыттарда жүргізу қажет екендігін анықтауға мүмкіндіктен береді.

Өнеркәсіпте негізгі калькуляциялық баптардың келесі номенклатурасы қолданылады:

- 1) шикізаттар мен материалдар;
- 2) техникалық қажеттіліктерге отын мен энергия;
- 3) өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбек ақысы;
- 4) құралдарды ұстап тұруға және пайдалануға шығындар;
- 5) цехтік шығындар;
- 6) жалпы зауыттық шығындар;
- 7) ақаудан кемшіліктер (потери)
- 8) өндірістік емес шығындар.

Шығындардың алғашқы жеті бабы фабрикалық - зауыттық өзіндік құнды құрайды. Толық өзіндік құн фабрикалық - зауыттық өзіндік құннан және өндірістік емес шығындардан қалыптасады.

Өнімнің өзіндік құнына енгізілетін кәсіпорынның шығындары жанама және тікелей болып бөлінеді. Тікелей шығындарға өнімді шығарумен тікелей байланысты және оның жеке түрлері бойынша тікелей жолмен есепке алынатын шығындар жатады: негізгі материалдардың, техникалық

мақсаттарға, отынның, энергияның құны, негізгі өндірістік шығындардың еңбекақысы және т.б. жатады.

Жанама шығындарға өнімнің нақты түрлерінің өзіндік құнына тікелей жатқызу мүмкін емес немесе тиімсіз болып табылатын шығындар жатады: цехтік, жалпы зауыттық, құралдарды сақтау және пайдалану бойынша шығындар.

Өнімнің өзіндік құны (ӨӨҚ) тауарға баға тағайындаудың базасы және пайданың болашақ мөлшерін айқындайтын инструмент. ӨӨҚ өндіру сатыларына байланысты: цехтық, зауыттық немесе өндірістік және толық өзіндік құн болып бөлінеді.

Өнімнің цехтық өзіндік құн - бұған өндірілетін өнімге цехта, учаскелерде, бригадада шыққан шығын кіреді.

Өндірістік өзіндік құн - бұл цехтық шығындар + жалпы зауыттық, өндірістік шығындар.

$$\text{ӨӨҚ} = \text{ЦӨҚ}(1 + \text{Әжөш})$$

Жалпы өндірістік шығын (Әжөш) коэффициент арқылы беріледі. Мысалы, цехтың шығындарға шаққандағы жалпы өндірістік шығынның коэффициенті 0,5 болса, $\text{ӨӨҚ} = 1 + 0,5 = 1,5 \text{ ЦӨҚ}$

Өнімнің толық өзіндік құны. Өзіндік құн + өнімді өткізуге кететін шығындар.

$\text{ТӨҚ} = \text{ӨӨҚ} (1 + 0,03)$ мұндағы 0,03 коэффициенті өндіріспен байланысы жоқ шығындар мөлшері.

ӨӨҚ қолдану мақсатына қарай (жоспарлау, есептеу, талдау, т.б) бірнеше түрге бөлінеді: өнімнің жалпы, тауарлы немесе сатылған өнімнің өзіндік құны, салыстыратын өнімнің өзіндік құны, өнім бірлігінің өзіндік құны болып және т.б. болып бөлінеді. Сонымен бірге өнімнің өзіндік құны жоспарлы, болжамды, (есеп) нақтылы деп бөледі.


Жоспарлы өзіндік құн - бұл қажетті шығындар, ғылым мен техника жетістігіне ұйымдастыру жағдайына баланысты.

Болжамды есеп өзіндік құн - бұл техникалық - экономикалық есептер ескерілуі, қандай жаңалықтар енгізілгенін т.б ғылыми жетістіктерді ескереді.

Нақтылы өзіндік құн - барлық өнімге шаққандағы нақты шығындар және өнім бірлігіне шаққандағы өзіндік құн.

Өнеркәсіптік өнімнің өзіндік құнында көп үлес салмағын шикізаттар мен материалдарға шығындар алып жатыр. Осы бап бойынша шығындардың жалпы сомасы (2-сурет) өнімдерді өндіру көлеміне (УВП), оның құрылымына (УД,) және жеке өнімдерге үлес шығындарының өзгеруіне (УМЗi) байланысты.

Тікелей материалдық шығындардың факторлық жүйесінің блок схемасы.



Жекелеген өнімдерге үлесті материалдық шығындар өнім бірлігіне жұмсалған материалдар санына (массасына) (УР,) және материалдар бірлігінің орташа бағасына (Цi) байланысты.

Осы факторларлардың ықпалын есептеу тізбектің орналастыру әдісімен жүргізіледі.

Өнім бірлігіне шикізаттар мен материалдардың шығыны сапаға, материалдың бір түрін басқасына ауыстыруға, шикізат рецептурасының өзгеруіне, техника мен технологияға өндірісті ұйымастыруға, жұмысшылардың квалификациясына, шикізат қалдықтарына байланысты.

Ең алдымен қандай да болмасын факторлардың есебінен материалдық үлесті шығындарының өзгеруін біліп алып, содан кейін барып өнімнің түрінің жоспарлы бағалары өндірістің нақты көлеміне көбейту қажет.

$$\Delta MZX_i = \Delta UPX_i * Ц_{i1} * VBPI\phi$$

Материалдың бағасының орташа деңгейі шикізаттар нарығына, мердігерлердің жіберу бағасын, материалдық ресурстардың топ ішіндегі құрылымына, транспорттық және дайындау шығындарының деңгейіне, шикізаттардың сапасына және т.б. тәуелді. Осылардың әрқайсысына байланысты материалдық шығындардың жалпы сомасының өзгеруін білу үшін i - түріндегі тауардың орташа бағасының немесе материалдар тобының i - факторы есебінен өзгерісін сәйкес түрде қолданылатын материалдардың нақты санына көбейту қажет:

$$\Delta MZX_i = \Delta UPX_i * Ц_{in} * VBPI\phi$$

Көптеген кәсіпорындарда басқа да мақсаттарда іс жүзіне асыруға немесе қолдануға болатын жоспардан артық қайтарымды қалдықтар орын алуы мүмкін. Егер, олардың құнын мүмкіндігінше пайдалану бағасымен салыстыратын болсақ, онда өнімнің өзіндік құнына енгізілген материалдық шығындар қанша сомаға артқанын білуімізге болады.

Бұдан басқа, жоспардан ортақ қайтарымды қалдықтарға байланысты өнімдердің қаншалықты алынбай қалғанын есептеуімізге болады. Ол үшін бастапқы шикізат бағасы

бойынша жоспардан ортақ қайтарымды қалдықтардың құнын олардың шығын нормасына, өнім бірлігіне бөлуіміз қажет.

Жоспардан ортақ қайтарымсыз қалдықтардың болуы өнімнің тікелей қымбаттауына және оны шығаруды азайтуға (кемітуге) әкеп соғады. Материалдық шығындардың сомасы қаншалықты өскенін анықтау үшін жоспардан ортақ қайтарымсыз қалдықтардан санын бастапқы материалдың жоспарлы бағасына көбейту қажет. Содан кейін, осы фактор есебінен өнімді шығару қаншалықты төмендегенін және осыған байланысты өнім бірлігінің өзіндік құны қалай өзгергенін анықтауымыз керек.

Бір материалды басқасымен ауыстыру нәтижесінде тек өнім бірлігіне тұтынылған материалдардың саны ғана емес, сонымен қатар олардың құны да өзгереді. Осыған байланысты өнім бірлігіне материалдық шығындары қалай өзгергенін анықтау үшін ауыстырғыш материалдың үлесті шығыны ($УР0$) арасындағы айырманы ауыстырылатын материалдың бағасына ($Ц0$) көбейту керек, ал ауыстырғыш материал бағасы ($Ц$) мен ауыстырушы материал бағасы ($Ц0$) арасындағы айырманы ауыстырғыш материалдың үлестік шығынына ($УРХ$) көбейту және нәтижелерді қосу керек.

$$\Delta УМЗ = (УР, -УР0)*Ц0 <; \quad \Delta УМЗ = (Ц_2 - Ц0)*УР,$$

Егер кәсіпорында сатып алынатын комплектілеу бұйымдары мен жартылай фабрикаттар бар болса, онда кәсіпорын үшін кооперация қаншалықты тиімді екенін анықтауға болады. Ол үшін сатып алу бағасы мен кәсіпорында өнімді дайындаудың өзіндік салыстырады. Егер сатып алу бағасы дайындаудың өзіндік құнынан төмен болса, онда өнімді немесе жартылай фабрикатты сатып алу тиімдірек.

Еңбек ақы төлеуге шығындарды анықтау.

Өндірістік жұмысшыларың еңбек ақысына шығындар тікелей шығындар баптарында көрсетіледі. Көмекші жұмысшылардың еңбек ақысы негізінен құралдарды сақтау және пайдалану бойынша шығындар баптарында көрсетіледі, қызметкерлердің еңбек ақылары цехтің және жалпы зауыттық шығындар құрамына кіреді. Көмекші өндірістегі жұмысшылардың еңбек ақылары бу, су, электр қуатының өзіндік ұнына кіреді және таулы өнімдердің өзіндік құнына тікелей емес, ал жанама түрде будың, судың, электр қуатының шығындары жатқызылған кешенді баптар арқылы ықпал етеді.

Жанама шығындар. Өнімнің өзіндік құнының жанама шығындары келесі кешенді баптармен көсетілген: құралдарды сақтау және пайдалануға шығындар, жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындар, коммерциялық шығындар. Осы шығындарды талдау 5-10 жыл динамикасында, сонымен қатар есепті кезеңнің жоспарлы деңгейімен тауарлы өнімнің теңгесіне олардың нақты шамасын салыстыру жолымен жүзеге асырылады. Мұндай салыстыру тауарлы өнімнің құнында олардың үлесі динамикада және жоспармен салыстырғанда қалай өзгергенін және қандай тенденция - өсу немесе төмендеу байқалатынын көрсетеді. Кейінгі талдау барысында шығындардың абсолюттік және салыстырмалы өзгерісін тұрғызатын себептерді айқындайды. Өзінің құрамы бойынша осы кешенді баптар шығындардың бірнеше элементтерінен тұрады.

Машиналарды және құрал-жабдықтарды пайдалану бойынша шығындар машиналар мен технологиялық құралдардың амортизациясын, оларды ұстап тұру бойынша шығындарды пайдалану бойынша шығындарды, жүктердің зауыт ішіндегі қозғалысы бойынша шығындарды қамтиды. Шығындардың кейбір түрлері (мысалы, амортизация) өнімдерді өндіру көлеміне тәуелді емес және шартты-тұрақты болып табылады. Басқалары толығымен немесе бөлшектеп

болса да, оның өзгеруіне тәуелді және шартты өзгермелі болып табылады.

Өнімдердің нақты көлемін шығаруға жоспарлы шығындарды есептеу үшін келесі формула қолданылады.

$$Зск = Зn * (100 + \Delta ПП\% * Кз) / 100$$

$Зск$ - өнімдердің нақты көлемін шығаруға түзетілген шығындар;

$Зn$ - баптар бойынша шығындардың жоспарлы сомасы;

$\Delta ПП\%$ - тауарлы өнімді шығару жоспарды артық өндіру (кем өндіру);

$\Delta Кз$ - өнімдерді шығару көлеміне шығындардың тәуелділік коэффициенті %.

Амортизацияның жалпы сомасы машиналар мен құрал жабдықтар санына, олардың құрылымына, амортизация құны мен мөлшеріне тәуелді. Құралдардың құны аса қымбат машиналарды сатып алу және инфляцияға байланысты оларды қайта бағалау есебінен өзгеруі мүмкін. Амортизацияның орташа нормасы қорлар құрамындағы құрылымдық қозғалыстар есебінен өзгеруі мүмкін.

Өнеркәсіптік өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерінің негізгі көздері:

1) кәсіпорынның өндірістік қуаттылығын толық пайдалану есебінен оның өндіріс көлемін арттыру;

2) еңбек өнімділігін арттыру, шикізаттарды, материалдарды, электр қуатын, отынды, құрал жабдықтарды үнемді пайдалану, өндірістік емес шығындар мен өндірістік ақауларды қысқарту есебінен оны өндіруге шығындарды қысқарту. Өнімдерді өндіруді арттыру резервтері өндірістік бағдарламаларды орындауды талдау процесінде анықталады. Өнімдерді өндіру көлемін арттыру барысында тек өзгермелі шығындар ғана өседі, ал тұрақты шығындар сомасы, әдетте, өзгермейді, нәтижесінде өнімнің өзіндік құны төмендейді.

Шығындарды қысқарту резервтері шығындардың әрбір баптары бойынша нақты ұйымдастырушылық - техникалық іс - шаралар есебінен (жаңа, аса прогрессивті өндіріс техникасы мен технологияларын енгізу, еңбекті ұйымдастыруды жақсарту) белгіленеді. Олар еңбек ақы, шикізат, материалдар, энергияның үнемделуіне ықпал етеді.

Ұйымдастырушылық - техникалық іс - шараларды енгізудің нәтижесінде еңбек ақы бойынша шығындарды үнемдеуді $РЗП$ енгізуге дейін өнімдердің еңбекті қажетсінуі $УТЕ0$ мен сәйкес іс шараларды енгізгеннен кейінгі $УТЕХ$ айырманы орташа сағаттық еңбек ақының жоспарланатын деңгейіне және шығаруға жоспарланған өнімдер санына көбейту арқылы есептеуге болады:

$$РЗП = (УТЕ1 - УТЕ0) * ОТпп * VВППП$$

Жаңа технологиялар мен басқа да ұйымдастырушылық - технологиялық іс шаралар енгізу арқылы жоспарланған өнімді шығаруға, өндіруге материалдық шығындарды төмендету резервтері $РiМЗ$ келесі түрде анықтауға болады:

$$P \downarrow MЗ = (УРХ - УР0) * V ВППП * Цпп$$

Жаңа технологиялар мен басқа да ұйымдастырушылық - технологиялық іс шаралар енгізу арқылы жоспарланған өнімді шығаруға, өндіруге материалдық шығындарды төмендету резервтері $РiМБ$ келесі түрде анықтауға болады.

$$P \downarrow MЗ$$

$УР0УРХ$ - өнім бірлігіне сәйкесінше ұйымдастырушылық - техникалық іс шараларды енгізуге дейін және енгізгеннен кейінгі материалдар шығыны; $Цm$ - материалдарға жоспарлы бағалар.

Негізгі құралдарды ұстауда шығындардың керегі жоқ, артық, пайдаланылмайтын ғимараттарды, машиналарды, құралдары ($P \downarrow ОПФ$) ұзақ мерзімді арендаға беру, сату немесе істен шығару есебінен қысқарту резерві олардың бастапқы құнын амортизация нормасына (НА) көбейту арқылы анықталады:

$$P \downarrow A = \sum(P \downarrow ОПФ, *НА1)$$

Қосымша шығындарды үнемдеу резервтері шығындардың, әрбір баптары бойынша оларды талдау негізінде басқару аппаратын саналы түрде қысқарту, іс-шараларға, пошталық телеграфтық, канцеляриялық шығындарға құралдарды үнемді пайдалану, материалдар мен дайын өнімдердің бұзылуынан кемістіктерді қысқарту, тоқтап тұруларды қысқарту есебінен анықталады.

Өнім өндірісін ұлғайту резервтерін игеруге қосымша шығындар оның әрбір түрі бойынша жеке-жеке есептеледі. Бұл негізінен өнімді қосымша шығаруға, еңбек ақы, шикізаттың, материалдардың, энергияның және өнімді өндіру көлеміне пропорционалды өзгертін басқа да өзгермелі шығындар.

Өнімнің өзіндік құнын төмендету жолдары. Өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін комплекстік шығындардың, атап айтқанда жабдықты күтіп ұстауға және пайдалануға жұмсалатын шығындардың, цехтық шығындар мен жалпы зауыттық шығындардың бірталай маңызы зор.

Комплекстік шығындардың артық жұмсалудың (немесе үнемделуінің) шамасы мына формуламен анықталады:

$$Ик = Kф - KнП / 100 + Kс: \quad \text{мұндағы,}$$

Ик - артық жұмсалудың (немесе үнемделудің) шамасы;
Kф - есеп бойынша комплекстік шығындардың іс жүзіндегі сомасы;

$Kн$ - комплексті шығындардың шартты - өзгермелі бөлігі.

$Kс$ - комплексті шығындардың шартты - тұрақты бөлігі.

$П$ - өнім өндіру проценті.

Егер материалдық ресурстардың бағасына, еңбек ресурсының шығыны өзгермейтін болса, ол уақытта өнімді көбейту тек қана өнімнің өзіндік құнын азайту арқылы іске асады. Ал ұйымдастыру - техникалық шараларды іске асыру жоспарын жасақтау, ішкі өндірістік резервтерді пайдалану мүмкіндіктерін талдау қорытындысына сүйеніп жасауды талап етеді. Өзіндік құнды кемітудің ең басты көздері еңбек ресурстарды тиімді пайдалану. Ол еңбек өнімділігін арттырады, ал екінші қайнар көзі материалдық шығындарды азайту.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштерге ықпал жасайтын көп факторлардың ішінде мына іріленген топтарға тоқталайық.

- өндірістің техникалық деңгейін көтеру;
 - өндіріс пен еңбек ұйымдастыруды жақсарту;
 - өндірілген өнімнің көлемін және номенклатура құрылымын өзгерту;
 - кооперативті жабдықтаудың ара салмағын арттыру т.б.
- бұл факторлардың әрбіреуі өте көп себептерден тұрады, солардың біріне тоқтала кетсек.

Өндірістің техникалық деңгейін арттыру үшін:

- еңбек құралдарын жетілдіру керек (прогрессивтік техниканы енгізу, жетілдірілген жабдықтардың рөлін арттыру);
- еңбек заттарын жетілдіру (шикізаттың прогрессивтік түрін қолдану, сол сияқты материалдар мен қуаттарды пайдалану);
- шикізаттар мен материалдарды, жартылай фабрикаттарды тиімді пайдалану;
- өндірістік процестерін комплексті механикаландыру және автоматтандыру.

Бақылау сұрақтары:

1. Шығын түсінігі, құрамы және түрлері
2. Шекті және жалпы кәсіпорын шығындары.
3. Өнімнің өзіндік құнының құрамы және оның өнеркәсіптің түрлі салаларындағы ерекшелігі
4. Кәсіпорын шығынын құрайтын шығындарды саралау.
5. Өнімнің өзіндік құнын азайтудың мәні, көздері және факторлары.

Тест тапсырмалары

1 Мемлекет дегеніміз?

- a. мемлекеттермен қарым-қатынас
- b. қоғамның біріңғай саяси ұйымы
- c. сыртқы қауіптерден қорғану
- d. мемлекеттің құрылысы
- e. территориялық және шекараның бөлінуі

2 Мемлекеттің негізі:

- a. бұйрықтар шығару
- b. билік және қоға мүддесі үшін қызмет ету
- c. заң қабылдайтын органдардың құрылуы
- d. құқықтық мемлекет, азаматтар мен халық
- e. азаматтық қоғам

3 Мемлекеттік аппарат дегеніміз не?

- a. қоғамды басқару үшін құрылған органдардың жүйесі
- b. қоғамды басқару үшін арнаулы құрылған мемлекеттік органдарының біртұтас жүйесі
- c. азаматтардың мемлекеттік органдар мен аппараттар негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік міндеттер мен функцияларын іске асыруға бағытталған кәсіби қызмет
- d. адамзат қоғамның даму кезеңдеріне сәйкес саяси ұйым

- a. мемлекеттік органдардың мемлекетті басқару жүйесіндегі мемлекетті реттейтін ұйым

4 Мемлекеттің функциялары мерзіміне қарай қалай бөлінеді

- a. сыртқы және ішкі
- b. тұрақты және уақытша
- c. мерзімді және мерзімсіз
- d. уақытша және мерзімсіз
- e. ұзақ және орташа

5 Әлеуметтік басқарудың жетекші субъектісіне не жатады?

- a. халық
- b. мемлекет
- c. кәсіпорын
- d. сот органдары
- e. барлығы дұрыс

6 Инвестиция дегеніміз не?

- a. табыс алу мақсатындағы кез-келген қаржы салымы
- b. клиентке бонн берген кепілдік чек
- c. шетелдік валютамен берілетін кредит
- d. мемлекеттің сыртқы төлемдерін реттеп отыратын құрал
- e. сыртқы сауда келісімдеріне баға қойылатын валюта

7 Мемлекеттік заемдар дегеніміз?

- a. қаржының белгілі бір мерзімге мемлекеттік бюджетке жинаудың түрі, әдісі
- b. байқтың бағалы қағаздарын ұзақ мерзімге азаматтар мен кәсіпкерлерге сату
- c. ақша сауда ісін жүргізетін мекеме
- d. жарылқау, жақсылық ету, көмек көрсету
- e. жеке бастың пайдасын арттуға бағытталған іс

8 Лицензия дегеніміз не?

- a. заңды тұлғаларға сыртқы сауда операцияларын жүргізуге мүлікті мемлекет органдарынан берілетін рұқсат қағаз
- b. мемлекеттің қандайда бір техникалық жаңалық деп тапқан және оның иесі сол жаңалықты пайдалануда барлық құқықтарға ие болатын дәлелдейтін құжат
- c. мүлікті кепілге алып, белгілі процентті қарыз беретін арнаулы кредиттік мекеме
- d. жұмсалған шығынды ақтайалматын, тиімсіз, пайдасыз іс
- e. өндірістік қорларды сатуға және айдалануға берілетін құжат

9 Мемлекеттің қандай да бір техникалық жаңалық деп табылатын және оның иесі сол жаңалықты пайдалануда барлық құқықтарға ие болатын дәлелдейтін құжат

- a. патент
- b. лицензия
- c. авторлық құқық
- d. акция
- e. фирма құны

10 Заңды тұлғалар ассоциациясы бұл -

- a. кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мақсатында коммерциялық ұйымның жалпы мүліктік қызығушылығын қорғау үшін одақ құру арқылы заңды тұлғаның ассоциациясы құрылды
- b. акцияларды шығарушы заңды тұлғаның мақсаты шетелдермен бірлескен кәсіпорындар құрып жаңа технологияны ендіру мақсатымен экологиялық таза өнім шығару болып табылады
- c. жеке бастың пайдасын арттыруға бағытталған іс, кәсіпкерлік коммерция, сауда
- d. корпорациялар, кооперативтер
- e. діни бірлестіктер, саяси партиялар

Тақырып 11. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық саясаты

1. Кәсіпорынның инвестициялық қызметінің стратегиясы: пәні және дайындау принциптері.
2. Басшылық инвестициялық ұсыныстар көрсеткіштері.
3. Инвестицияларды қаржыландыру көздері. Кәсіпорынның инвестициялық жобаларын анықтау және тиімділігін бағалау. Қаржылай инвестициялар.
4. ҚР ғылыми-техникалық саясаты. Инновация: табиғаты және жайылуының циклдағы инновациялар мәнін экономикалық қалау, бірлесіп әрекет ету.

Инвестициялар – лизинг шартын жасаған кезден бастап лизинг заттарын, сондай – ақ оларға құқықтарды қоса алғанда заңды тұлғаның жарғылық капиталына инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркеген активтерді ұлғайту болып табылады.

Инвестициялық қызмет – жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы жөніндегі не кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құрау немесе ұлғайту жөніндегі қызметі.

Инвестициялау (инвестициялық процесс) – бұл қарапайым және өндіріс қаражаттарын қалпына келтірудің ұлғайту процесі. Кәсіпорынның негізгі қоры, машиналар мен құрал-жабдықтар ескіріп, табиғат және сапалық тозуға ұшырайды. Олар өндірістік процесс барысында ұдайы ауыстырылып отырады. Кәсіпорынның дамуы, оның тиімділігінің ұдайы артып отыруы өндіріске жаңа үлгідегі техника мен технологияны тартуға оның техникалық жағдайын қайта жарақтату және қайта құруды жүргізумен тікелей байланысты;

Инвестициялық процестің өзіне тән кешенді сатылары бар.

Олар:

- капитал салымын қаржыландыру;
- инвестициялау объектілерін анықтау;
- аталғандардың орындалуын бақылау.

Инвесторлар ҚР заңдарына сәйкес салықтарды бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша прайдалады, ҚР-ң аумағындағы банктерді де және валюталық заңдарына сәйкес ұлттық валюта және шетелдік валютамен банктік шоттар ашуға құқылы.

Инвестициялық жобалар мынандай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Жобалау класына қарай;

- мегожоба;
- мультижоба
- моножоба деп бөлінді.

Мегажоба, бұл үлкен көлемдегі жоба, бірнеше жобалардың өзара байланыстарын, ресурстарды бөлу және орындалу уақыттарын шектеуден тұратын мақсатты бағдарлама, бұл жоба мемлекеттік басқару деңгейінде қалыптасады және басқарылады.

Мысалы:

- халық шаруашалығының құрылымдық реформа жасау;
- нарыққа өту және нарық үлгілерін талдау;
- сондай-ақ экономиканың жекелеген секторлары мен түрлі өрістерін дамыту бағдарламалары.

Бағдарламалар:

- халықаралық;
- салалық;
- салааралық;
- аймақтық болуы мүмкін.

Мультижоба – ұйымдар мен кәсіпорындар шеңберінде жүзеге асырылатын жоба.

Моножоба бұл нақтылы міндеттерді жүзеге асыратын әр түрлі;

- техникалық;
- ұйымдық;
- экологиялық;
- әлеуметтік жобалар;

Жобалар ұзақтығына қарай;

- қысқа мерзімді;
- орта мерзімді;
- ұзақ мерзімді;

Көлеміне қарай;

- Жай;
- Күрделі;
- өте күрделі.

Жобалар түрлері бойынша;

- инвестициялық;
- инновацилық;
- ғылыми зерттеу;
- оқу білімдік;
- аралас болып бөлінеді.

Инвестициялық жобалар негізінен мына төмендегі төрт кезеңде жүзеге асырылады;

- тұжырымдама;
- жоспарлама;
- өтімділігі;
- бітімділігі;

Бұл кезеңдер жобаның «өмірлік циклы» деп аталады. Жобаның әр сатысының өзіндік мақсаты және одан туындайтын міндеттері болады.

Инвестициялық жобаларға соны әсіресе сапасы жағынан тиісті талдаулар жүргізуі қажет. Мұндағы басты мәселе инвестицияларға қосылған жоба құрылтайшыларының

қаржылық ахуалын және қызметтерінің тиімділігін бағалау. Жобаның нақтылығы мен өміршендік қабілетін бағалау үшін мына түрде сараптау жұмыстары атқаруы қажет;

- техника – технологиялық;
- коммерциялық;
- экологиялық;
- экономикалық.

Әр бір жобалық талдаудың өзіндік әдістемелері бар. Инвестициялық жобаларға әр бір қатысушының жағдайын, оның құрамын анықтайтын негізгі көрсеткіштер мыналар:

- жарғылық капиталдың көлемі және оның ахуалы;
- салықтар;
- айналым қаржысы;
- негізгі активтер (материалды емес және негізгі қаржылар);
- өндіріс шығындары;
- таза табыс.

Инвестициялық жобаны қабылдау циклі мынандай кезеңдерден өтеді;

- жобаларды таңдау және алдын ала бағалау;
- жобаның техника-экономикалық дәлелдеулерінің құрамдас бөліктеріне талдау жүргізу;
- мемлекеттік сараптау;
- қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау;
- жобаларды қабылдау жұмыстарын атқару және бағалау.

Инвестициялық саясат - бұл халық шаруашылығын дамыту мақсатында қабылданған бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ететін экономика өрістерінде капитал салымдарын пайдаланудың негізгі бағыттарын сипаттайтын ұстаным.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев халыққа жолдауында, инвестициялық саясаттың дамуының негізгі бағыттарын атап өтті, сонымен қатар үстіміздегі 10

жылдықта әлеуметтік-экономикалық салада жалпы ішкі өнімді 2 есе ұлғайтуды сөйтіп, негізінен алғанда, кедейшілік пен жұмыссыздық проблемасын шешуді міндетімізге алғанын еске сала отырып, осыған қарай экономика саласында экономикалық өрлеудің барынша жоғары қарқынына жету басты міндет ретінде алға қойылып отыр.

Мұның өзі инвестициялардың тез өсуіне және жалпы ішкі өнімдегі жинақтау нормасының артуына тікелей байланысты.

Кәсіпорын инвестициялық тәуелділіктің мына түрлерін есепке алып, олармен санасып отыруы қажет;

- экономикалық заңдардағы кемшіліктер мен тұрақсыздық, заңдардың толықтай іске аспауы;
- сыртқы экономикалық жағдайы;
- әлеуметтік өмірдегі өзгерістер;
- жаңа техника мен озық технологияның пайдаланудың нақты көрсеткіштері;
- нарық өзгерістері, баға, валюта курсы;
- өндіріске табиғи жағдайлардың әсері (климат, ауа райы, жердің байлығы және т.б.)

Инвестициялық жобаларды таратудың негізгі белгілері

Белгілер	Мазмұны
Бірінші	жобалардың прогрестілігі.
Екінші	ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігі
Үшінші	өнімдерді сатуда нарық сиымдылығы
Төртінші	өндірісті шикізат ресурстары және басқа факторлары мен қамтамасыз етудің сенімділігі
Бесінші	инвестициялық циклдің үздіксіздігі
Алтыншы	жобаның экономикалық және қаржы көрсеткіштері

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі

Инвестицияға сұраныс тәуелділігі, процент мөлшеріне кері пропорционалды.



Инвестицияға сұраныс қисығына басқа да факторлар ықпал етеді;

-инвестицияның табыс күтімін өсіруге әкелетін фактор қисықты оңға ауытқытады, яғни инвестицияға сұраныс өседі.

-инвестициялық табыс күтімін төмендетуге әкелетін фактор, ол қисықты солға қарай ауытқытады, инвестицияға сұраныс төмендеді.

Бұл факторға: жабдықты пайдалануға кеткен шығын, кәсіпкерге салық, инфляция т.б жатады. Сондықтан, ағымдық инвестицияны базистік жылдың инвестициясымен салыстырғанда «Нақты инвестициялар» пайдалынады.

Инвестициялар жалпы және таза инвестициялар болып бөлінеді.

Жалпы инвестициялар ескі жабдықтың орнын басқа кеткен шығындар және өндірісті ұлғайтуға кеткен инвестиция-негізгі капитал мен амортизация қосындысын шегергендегі есептелген жалпы инвестиция. Егер таза инвестиция мөлшері тұрақты болса, экономика өседі, дамиды. Егер таза инвестиция нольдік мөлшерде құраса (жалпы

шығынмен амортизация тең болса), онда экономика шамасында болады. Егер таза инвестиция теріс мөлшерде құраса (жалпы шығын амортизациядан төмен), онда іскерлік белсенділіктің төмендеуін көрсетеді. Өндірістік басқа (тәуелді), автономды (тәуелсіз) инвестиция болып бөлінеді. Табыс пен инвестицияның тәуелділігі мультипликатордан көрінеді. Мультипликатор – бұл инвестиция мен табыс мөлшері арасындағы өзгерісті көрсететін коэффициент. Инвестиция өскенде ЖҰӨ - де көп мөлшерге өседі. Бұл өсудің, көбейткіш әсері мөлшері – мультипликаторлық әсері деп аталады. Мультипликатор бұл сандық коэффициент инвестиция көлемі көбейгендегі ЖҰӨ мөлшері көбеюін көрсетеді. Мультипликаторды инвестицияға көбейткенде нақтылы ЖҰӨ өсімін көрсетеді. Бұл жетілдірілген ЖҰӨ аталады.

Халықтың тұтыну шығындары қаншалықты қосымша көп болса, онда мультипликатор шамасы да көп болады сәйкесінше, жетілдірілген.

Халықтың қосымша қор жинауы, көп болса, онда мультипликатор мөлшері аз, сәйкесінше, жетілдірілген инвестиция көлемі мен берілген. Табыс өсуінің инвестиция өсуіне әсерін белгілеуге акселератор ұғымы керек болады.

Акселератор – осы жылғы инфляцияның өсуінің, өткен жылғы ұлттық табыс өсуіне сандық қатынасын көрсететін коэффициент.

Инвестиция бағыттары:

- жаңа өндіріс ғимараттары құрылысын салуға;
 - жаңа техника мен технология, жаңа жабдықтар сатып алу;
 - шикізат пен материалдарды қосымша алуға;
 - әлеуметтік нысаны және пәтер құрылысына.
- Осы бағыттарға байланысты;
- негізгі капитал инвестициясы;
 - тауарлары материалдық қорлар инвестициясы;

-адам капиталы инвестициясы деп бөлінеді;

Инвестициялық шығынның өтелуі - бұл салынған қаржыны қайтару мерзімі. Қаржы салымдарының шығынды өтеу мерзімі мемлекеттік инвестициялық саясатына тікелей байланысты. Өндірістік факторларды пайдалану ең алдымен өндірістік шығындарды еспке алумен тікелей байланысты.

Кәсіпорын шығындары - өнім өндіру және оны сату мақсатында пайдаланылатын өндірістік факторлардың ақшалай көрінісі.

Нарықтық экономикадағы шығындар:

-айқын;

-жүктеме;

-қайтпайтын шығындар болып бөлінеді.

Жалақы төлеуге, өнімдерді сатуға және өндірісті әрі дамыту қажетіне жұмсалған шығындар кәсіпорынның айқын шығындары деп аталады, қаржылық есеп беру негізінде есептелінетін болғандықтан, оларды бухгалтерлік шығындар деп те атайды. Барлық айқын шығындардың жиынтығы өнімнің өзіндік құны мен тауарды сату бағаналарының арасындағы айырма пайда болып есептелінеді.

Қандай да бір өндіріс факторын пайдалануға, өлшемдерге, оларды баламалы пайдалануды жақсартуға жасалған шығындар жүктеу шығындар деп аталады.

Қайтпайтын шығындар орны қайта толтырылмайтын шығындар жатады.

Шығынды өтеу мерзімі – бұл капитал салымдарының нәтижелі болуына қажетті уақыт, яғни инвестициялық жобаларды табыс табу тұрғысында жүзеге асыру.

Ол мына формулалармен айқындалады:

Т ш.ө. □К

П

Т ш.ө. - шығынды өтеу мерзімі;

К – капитал салымы;

П – жылдық табыс.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорынның инвестициялық қызметінің стратегиясы: пәні және дайындау принциптері.
2. Басшылық инвестициялық ұсыныстар көрсеткіштері.
3. Инвестицияларды қаржыландыру көздері. Кәсіпорынның инвестициялық жобаларын анықтау және тиімділігін бағалау. Қаржылай инвестициялар.
4. ҚР ғылыми техникалық саясаты. Инновация: табиғаты және жайылуының циклдағы инновациялар мәнін экономикалық қалау, бірлесіп әрекет ету.

Тест тапсырмалары

1 Кәсіпорын бизнесін бағалаудың тәсілдерін көрсет ?

- a. бизнестік, табыстық
- b. қаржылық, шығындық
- c. шетелдік, бизнестік
- d. нарықтық, табыстық, шығындық
- e. салыстырмалы, қаржылық

2 Қандай тәсіл сатып алынатын бизнестен болашақта пайда табуды күту қағидатына негізделген ?

- a. бизнестік, табыстық
- b. қаржылық, шығындық
- c. матрицалық, бизнестік
- d. табыстық
- e. қаржылай, шетелдік салыстырмалы және т.б.

3 Бизнесті бағалаудың мақсаты ?

- a. сатып алынатын бизнестен болашақта пайда табуды күтпеу
- b. қаржылық, шығындық

- c. матрицалық, бизнестік
- d. кәсіпорынның нарықтық құнын есеп айырысумен негіздеу
- e. сатып алынатын бизнестен шығынның аз мөлшерде кетуін күтпеу

4 Кәсіпкерлік нысанында жерді иемденумен ссудаға капиталды ұстанатын пайыз түрінде алынатын табыс б.т ?

- a. хайринг
- b. чартинг
- c. стайлинг
- d. рента
- e. франчайзинг

5 Белгілі кәсіпорын объектілерінің эксплуатацияға енгізілетін кезіндегі есептік құжаттарда тіркелген баға ?

- a. аралық құн
- b. соңғы құн
- c. есептік құн
- d. бастапқы құн
- e. нарықтық құн

6 ҚР азаматтық кодексі және заңдарға сәйкес кәсіпорынның ұйымдық нысандары?

- a. Мемлекеттік кәсіпорын, серіктестік кәсіпорын, АҚ
- b. Ұлттық банк, мемлекеттік холдингтер
- c. Коммерциялық банктер, мемлекеттік кәсіпорындар
- d. Жеке меншік кәсіпорындар
- e. Сақтандыру компаниялары

7 Кәсіпкерлікке қолайлы жағдай үшін мемлекет қандай экономикалық саясаттар жүргізеді?

- a. мемлекеттік саясат. Баға саясаты
- b. фискалдық, ғылыми-техникалық, инвестициялық
- c. аймақтық амортизациялық саясат

- d. жергілікті саясат
- e. саясат

8 Мемлекет өзінің функциясын атқаруға және экономикасын реттеуде қандай әдістерді қолданады?

- a. жанама және вертикалды
- b. тікелей және горизонталды
- c. жанама және тікелей
- d. негізгі әдісі
- e. жалпылама әдісі

9 Саяси биліктің институты

- a. парламент
- b. мәжіліс
- c. сенат
- d. мемлекет
- e. маслихат

10 Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының бірі

- a. әлеуметтік
- b. өнеркәсіптік
- c. мемлекеттік
- d. экономикалық
- e. функционалдық ұйымдық

Тақырып 12. Кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ету

1. Өнімнің бәсекелестігі: түсінігі, көтеру қажеттілігі және нысандары
2. ҒТП-тің стратегиясы және оның өнімнің бәсекелестігіне әсері
3. Өнімнің сапасы және оның көрсеткіштері. Өнімнің сапасын басқару

Өнімнің бәсекеге жарамдылығы тұтыну кешенінің сапалық және сандық сипаттамасын анықтайды. Бәсекеге жарамды өнім рынокта тез және оңай сатылады.

Ғылыми-техникалық прогресс - ғылым мен техниканың жиынтық дамуын қамтамасыз ету, халық шаруашылығындағы ірі жаңалықтарды меңгеру және оларды тез әрі кең көлемде тарату, әлеуметтік-экономикалық даму үдетуіндегі ҒТП үлесінің жоғарылауының мақсаты шаралар жүйесі. Ғылыми-техникалық саясат – бұл технологиялық процестер өндірісті ұйымдастыру формалары мен оны басқару, еңбек құралдарын жетілдіру, қоғам мен табиғаттың даму заңдылықтарын терең біліп даму процесі.

Республиканың ғылыми техникалық саясаттың аса маңызды қағидалары:

- ғылыми және ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарын ұлттық мүддеге, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қажеттіліктеріне сәйкес ынталандыру және мемлекеттік қолдау;

- ресурстарды басым ғылыми бағыттарға шоғырландыру;

- ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік тапсырмаларды конкурстық негізде қалыптастыру және орналастыру;

- ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен іске асыру кезінде ғылым мен ғылыми техникалық қызмет

саласындағы мемлекеттік органдардың ғылыми жұртшылықпен өзара іс қимылын демократияландыру және қамтамасыз ету, ғылыми, ғылыми-техникалық шығармашылықтың еркіндігін қамтамасыз ету және ғылыми қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту;

- ғылымды, өндіріс пен білімді ықпалдастыру болуға тиіс.

Ғылыми-техникалық саясаттың негізгі мақсаты - өмірдің сапасын арттыруға бағытталған зерттеулерді дамыту, жоғары технологиялық өнімдерді экспорттауға бағдарланған ғылымды қажетсінетін ресурстарды үнемдейтін және экологиялық жағынан таза өндірістер әзірлеу, шикізатқа бағытталған экономиканы біртіндеп технологиялық, ал технологиялық-интеллектуалдық – ақпараттық экономикаға ауыстыру және осы мақсат үшін жоғары білікті мамандар даярлау болып табылады.

Оларды іске асыру үшін:

- ғылым мен ғылыми техникалық қызметті ұйымдастарудың жүйесін, нормативтік құқықтық және әдістемелік базаны, соның ішінде, ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру саласындағы базаны, оларды конкурстық іріктеуді және нәтижелерді практикалық игеруді, интеллектуалдық меншік құқығын еорғауды және басқаларын жетілдіруді;

- іргелі зерттеулерді оңтайландыру;

- экономиканың базалық салаларын қажеттілігін ғылыми техникалық қамтамасыз етуге арналған қолданбалы зерттеулердің біірінші кезектегі бағыттылығын ғылымды қажетсінетін жаңа өндірістерді ұйымдастыру, зерттеу-әзірлеу-өнеркәсіптік игеру біріңғай ғылыми-өндірістік циклға көшуге ықпал ететін инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауды;

- ғылымды қажетсінетін өнімдер шығару, өнімдегі импортты алмастыратын (экспортқа бағдарланған) жаңа

технология әзірледі, меншікті-тәжірибелі эксперименттік және өндірістік техникалық базаны одан әрі нығайтуды (қайта жаңарту техникалық жағынан қайта жаратқандыру) және дамытуды;

- қызмет бейінің сақтай отырып ғылыми техникалық саланың жекелеген объектілерін қайта құрылымдандыруды және жекешелендіруді;

- ғылыми қажетсінетін өндірісті ұйымдастыру мен дамыту үшін инвестицияны тартуды, ресурстар үнемдейтін және экологиялық жағынан таза технологиялар енгізуді;

- ғылыми-техникалық қызмет саласында шағын және орташа кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді, нарықтық инфрақұрылым элементтерін қалыптастыруды және дамытуды;

- зерттеу институттарын салалық ғылыми техникалық орталықтарды және жоғары оқу орындарын, оқу процесі мен ғылыми қызметті ықпалдастырудың тиімді тетігін әзірледі;

- басым бағыттар бойынша кадрлар, соның ішінде жоғары білікті кадрлар даярлауды осы негізде елдің интеллектуалдық қабілетін сақтауды және дамытуды;

- озық шетелдік технологияларды отандық жағдайда таңдау мен бейімдеуге және өнеркәсіпте игеруге елдің ғылыми күштерін тартуды қамтамасыз етеді.

Қазақстандық ғылымды әлемдік ғылыми техникалық кеңістікке ықпалдастыру процесін жеделдету міндеттерін шешу қажет.

Инновациялық қызмет – ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін жаңа немесе жетілдірілген өнімге аудару мен байланысты атқарылатын қызмет. Ол инновацияларға әкеліп соғатын ғылыми-технологиялық, ұйымдық қаржылық және коммерциялық іс шаралардың біртұтас кешенің қамтиды.

Инновациялық қызметтің негізгі түрлері:

А) өндірісті дайындау және ұйымдастыру, ол жаңа технологиялық процесті қалыптастыруға қажетті өндірістік

құрал-жабдықтары мен, инструменттер мен қамтамасыз етуді, олардағы өзгерістерді, сондай-ақ процедуралардағы, өндіріс әдістерімен стандарттарындағы және сапаны бақылаудағы өзгерістерді қамтиды;

Ә) өнім мен технологиялық процестің модификациясын қамтитын өндіріске дейінгі жұмыстар. Жаңа технологиялар мен құрал-жабдықтарды пайдалану үшін жұмыскерлерді қайта дайындау.

Б) жаңа өнімдер маркетингі. Ол жаңа өнімді нарыққа шығарумен, нарықты алдын-ала зерттеумен, өнімді әртүрлі нарықтарға бейімдеумен, жарнамалаумен, нарықта сату-тарату орындарын құрумен байланысты атқарылатын қызмет түрлерін қамтиды;

В) сырттан патенттер, лицензиялар, ноу-хау ашулар, сауда маркалары, конструкциялар, модельдер және технологиялық мазмұндағы қызметтер түрендегі технологияларды алу;

Г) өзінің технологиялық мазмұны жағынан, кәсіпорынға өнімдік немесе процестік инновацияларды ендірумен байланысты болатын машиналар мен құрал-жабдықтар алу;

Д) өндірістік жобалау.

Инновациялық қызметтің негізі – ғылым мен техниканың барлық салаларында ғылыми-техникалық білімді дамыту, тарату және пайдаланумен тығыз байланысты

3. Өнімнің сапасы оның құрамын анықтайтын сандық көрсеткіштер негізінде бағаланады, қазіргі ғылым мен іс-тәжірибе сапа көрсеткіштерін беретін өнім құрамын сандық бағалау жүйесін жасап шығарды, сәйкес сапа көрсеткіштерін беретін заттардың (тауарлардың) жіктелуінің келесі топтары кең таралған:

- Бағытталу көрсеткіші – шикізат, материалдарды, жанармайды және энергияны үнемді қолдану көрсеткіші;
- Техникалық көрсеткіші;
- Стандарттау және унификациялау көрсеткіші;

- Эргономикалық көрсеткіш;
- Эстетикалық көрсеткіш;
- Тасымалдауға шыдамдылық көрсеткіші;
- Патенттік-құқықтық көрсеткіштер;
- Экологиялық көрсеткіштер;
- Қауіпсіздік көрсеткіштер;
- Экономикалық көрсеткіштер.

Бағытталу көрсеткіші алдын ала белгіленген негізгі қызметтерді атқару үшін өнімнің құрамын анықтауды сипаттайды және оның пайдалану орнын негіздейді.

Шикізатты, материалды, жанармайды және энергияны үнемді қолдану көрсеткіші. Онымен пайдаланылатын шикізат, материал, жанармай, энергияның дәрежесінің немесе деңгейінің техникалық жетілдірілгендігін көрсететін бұйымның қасиетін сипаттайды.

Сенімділік көрсеткіші. Тауар сенімділігі – тауардың бұзылмаушылығына, жөндеуге жарамдылығына, сақталымдылығына, құрамына және шыдамдылығына тәуелді болатын сапаның күрделі құрамы. Бағаланып жатқан өнімнің ерекшеліктеріне қарай сенімділікті сипаттауда барлық төрт көрсеткіш те немесе осы көрсеткіштердің кейбіреулері қолданыла алады.

Бұзылмаушылық – бірнеше өнім өндіру барысында ешқандай үзіліссіз, сағатпен жұмыс істейтін кездегі жұмысқа қабілеттілігін сақтаудағы тауарлардың сенімділік қасиеті. Бұзылмаушылық көрсеткіштеріне тоқтаусыз жұмыс істеудің ықпалдылығы, алғашқы бұзылғаға дейінгі орташа жұмыс істеуші, бұзылғандағы жұмыс істеу, кепілдендірілген жұмыс істеу.

Жөндеуге жарамдылық – бұзылудың, зақым келудің болуының себебін ескертетін және техникалық қызмет көрсетулерімен жөндеулерді жүргізу жолы мен жөндеуге жарамдылық жағдайына орнату және ұстап тұруды меңгере-

тін объектінің қасиеті.

Объектінің жөндеуге жарамдылығы дайындық коэффициентімен бағаланады (техникалық пайдалану), ол мына формуламен анықталады:

$$K_T = \frac{T_0}{T_0 \square T_B}$$

Мұндағы: T_0 – арналған объектінің бұзылудағы орташа жұмыс істеуі, сағат.

T_B – объекті бұзылғаннан кейін оны орнатуға кеткен орташа уақыт (сағат).

Объект сапасының құрамының сақталымдылығы маңызды көрсеткіштерді, бағытталу, сенімділік, эргономикалық, экологиялық, эстетикалық (дизайны), патенттік қабілеттілік үлесін төмендетуді сипаттайды (тауарды қолдануды өлшегенде).

Шыдамдылық – техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін орнату барысында шекті жағдайдың келуіне дейінгі жұмыс істеу қабілеттілігі жағдайын сақтайтын объектінің қасиеті.

Технологиялық көрсеткіштер конструкторлық технологиялық шешімдердің тиімділігін сипаттайды. Бұл тиімділік өнімді дайындау және жөндеу барысында жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ету үшін қажет. Өнімді өндіру, дайындау және эксплуатациялау (іске қосу) барысында тек қана технологиялықтың көмегімен өнім шығарудың массалылығы, материал, еңбек құралдарының және уақыт шығындарын рационалды орналастыру қамтамасыз етілді.

Конструкцияның технологиялылығының негігі көрсеткіштеріне келесілер жатады:

- Конструкция компоненттерінің жоба аралық унификация коэффициенті;
- Технологиялық процестердің компоненттерінің унификация коэффициенті;

• Механикалық қайта өндеуде бөлшектердің артық салмағы;

• Технологиялық процестердің прогрессивтілік коэффициенті.

Бұл көрсеткіштер бұйым массасына, материалдарды қолдану коэффициенті, өндірістік технологиялық дайындаудың еңбек сыйымдылығына, жеке меншік өндіріске функциялануға дайындауға, техникалық қызмет көрсетуге және объектіні орналастыруға, өмірлік циклінің стадияларына шығындарға үздіксіз әсер етуді көрсетеді.

Конструкцияның блоктылық коэффициенті мына формуламен анықталады:

$$K_{бп} = \frac{C_{бл}}{C}$$

Мұндағы: $C_{бл}$ - өзіне тән бөлек қызмет атқаратын, өзіндік, оңай бөлінетін (алынатын) блоктардың немесе агрегаттардың құны;

C – объектің өзіндік құны.

Объектің конструкция компонентінің жобааралық унификация коэффициенті:

$$K_{м.уп} = \frac{N_{заим}}{N}$$

Мұндағы: $N_{заим}$ – басқа жобалармен өзара сәйкестендірілген бұйымдардың, бөлшектердің, объектінің құрамдық бөлшектерінің аталуының қосындысы.

N – сәйкес (займствованные) және оригиналды қоса алғандағы бөлшектердің және объектің басқа құрамдық бөліктерінің атауларының қосындысы.

Объектіні дайындаудың технологиялық процесіндегі унификация (сәйкестендіру) коэффициенті:

$$K_{у.т.п.} = \frac{N_{с.т.п.}}{N_{с.п.}}$$

Мұндағы: $N_{с.т.п.}$ – жаңа объектіні өндіру үшін сәйкестендірілген технологиялық процестердің атауларының қосындысы;

$N_{с.п.}$ – сәйкестендірілген және қайтадан өңделгенін қоса алғандағы жаңа объекті дайындаудағы техникалық процестердің атауларының жалпы саны.

Механикалық қайта өндеулермен объектінің бөлшектерінің артық салмағы:

$$D_{мех} = \frac{N_{мех}}{N}$$

Мұндағы: $N_{мех}$ – объекті дайындауда оның толық еңбек сыйымдылығынан 10% жоғары механикалық өндеудің еңбек сыйымдылық бөлшектерінің атауларының саны.

Объектіні дайындау процестерінің технологиялық прогрессивтілік коэффициенті:

$$K_{пр.т.п.} = \frac{N_{пр.т.п.}}{N_{т.п.}}$$

Мұндағы: $N_{пр.т.п.}$ – объектіні дайындау процестерінің прогрессивтік технологиялық атауларының қосындысы, олар еңбек затын шығару бағдарламасын, технологияның өсуіне және дайындау тәсіліне тәуелді.

Стандартизация және унификация көрсеткіштері – бұл өнімнің стандарттық, сонымен қатар унификация деңгейі.

Басқа бұйымдармен салыстырғанда, барлық бұйымдардың бөлшектері стандартталған, унификацияланған және оригинал болып бөлінеді, стандартталған және унификацияланған бөлшектердің пайызы жоғары болған

сайын өнімді өндіру үшін де, тұтынушылар үшін де сонша жақсы.

Стандарттау және унификациялау көрсеткіштеріне келесілер жатады:

- Объектінің стандартизация коэффициенті;
- Объектінің құрамдық бөліктерінің қайталану коэффициенті;

Экологиялық көрсеткіштер – бұл өнімдерді іске қосқанда және қолданғанда қоршаған орға тигізетін кері әсерінің деңгейін көрсетеді. (мысалы: өнімді сақтағанда, тасымалдағанда және іске қосқанда, қауіпті қоспалардың, газдардың, радиациялық сәулелердің болу мүмкіндігі). Тауардың экологиялық көрсеткіші - оның сапа деңгейін анықтайтын маңызды қасиеттерінің бірі.

Тауардың нақты экологиялық көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- Отқа бейім өнімдердегі, әр түрлі машиналардың, құрал-саймандардың, кешендердің двигательдеріндегі зиян қоспалар (элементтер, қышқылдар, металлдар);
- Химиялық, мұнай-химиялық, тау-кен, металлургиялық, энергетикалық, ағаш өңдеу, азық-түлік және басқа да өндірістердегі зиянды қалдықтардың (заттардың) ауаға, суға, жерге (жердің астын қоса алғанда) тасталуы;
- Атом энергиясын пайдаланумен және зерттеумен байланысты объектілер қызметінің радиоактивтілігі;
- әр түрлі мақсаттардағы көлік құралдарының және басқа да машиналар мен агрегаттардың шу, вибрация, энергетика деңгейінің әсері.

Барлық осы көрсеткіштер әр түрлі объектілерге қарай сәйкесінше нормативті актілермен құжаттарда регламенттеледі (заңдарда, стандарттарда, құрылыс нормалары мен ережелерінде).

Қауіпсіздік көрсеткіштері (өнімді жөндеу, сақтау, тасымалдау, шығару, қолдану кезіндегі қауіпсіздікті сақтау),

ол сатып алу үшін және қызмет көрсетуші персонал үшін монтаж, қызмет көрсету, жөндеу, сақтау, тасымалдау, пайдалану барысында өнімнің қауіпсіздік ерекшеліктерін сипаттайды.

Өнім сапасы көрсеткіштерінің сандық мәні келесі әдістермен анықталады:

- экспериментальді, ол техникалық құралдарды қолдануға базаланады (негізделеді) және өнім сапасын барынша объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;
- ағза мүшелерінің сезімталдығы, ол өнім сапасының сезім мүшелерінің көмегімен бес баллдық жүйе арқылы анықтауға мүмкіндік береді;
- әлеуметтік, ол өнімді тұтынушылардың талдауымен есебінің берілгендерін қолдануға негізделеді;
- экспертті бағалау, ол берілген өнім түріне арнайы мамандардың сандық баға беруіне негізделеді (базаланады).

Қарастырылған көрсеткіштер жүйесі өнім сапасының деңгейін анықтау үшін қолданылады, ол берілген өнім сапасының көрсеткіштерінің жиынтығына негізделген, оның базалық көрсеткіштерінің жиынтығына сәйкес келуін салыстыруға негізделген сипатты қамтиды. Сапа деңгейі инновациялық процестің барлық кезеңдерінде бағаланады.

Өнім сапасын қамтамасыз етудің интегралдық экономикалық факторы болып бақылауға кеткен шығындар соммасымен анықталатын сапаның бағасы және кәсіпорынның бұйымнан бас тартқан кезінде болатын шығындары болып табылады.

Оптималды экономикалық сапа дегенде сапа мен шығындардың, сапаның бір бірлігінің бағасының ара қатынасы түсіндіріледі, оны мына формуламен көрсетуге болады:

$$K_{opt} = \frac{Q}{C},$$

Мұндағы: Q – бұйым сапасы;

С- бұйымды іске қосқандағы және орнатқандағы шығындар.

Формуланың мәнін анықтау қиын емес, себебі ол бұйымның сатылу бағасын, іске қосу шығындарын, жөндеу және бұйымның утилизациясын қамтиды. Ал есептеуішті анықтау күрделірек, яғни ең әр қилы көрсеткіштерді қамтитын сапа.

Осы көрсеткіштердің жиынтығы өнімнің сапасын құрайды. Сапаны жобалау, сақтау және қолдану процестері сапаны басқару жүйесіне кіреді.

Өнім сапасын басқару – сапа талаптарын қанағаттандыру, оның ішінде жобалау конструкторлық және өзара шарттық талаптарға сәйкес келу үшін пайдаланылатын әдістер мен қызметтер жиынтығы.

Сапаны басқарудың нысанысына өнімнің сапасына әсер ететін процестер жатады. Олар өнімнің өмір сүру циклінің өндіріске дейінгі, өндіріс сатысында және өндірістен кейінгі сатыларында кездеседі.

Кәсіпорындардың негізгі мақсаты - өндірілген өнім мен ақарылған қызметтердің сапасының сапа талаптарына сай болуы. Әрбір мекемеде сапаны басқару жүйесі құрылу керек.

Қазақстан Республикасындағы өнім сапасын басқарудың мемлекеттік жүйесі келесілерді қамтиды:

1. өнімді өндіру, жасау, өткізу және эксплуатациялау (тұтыну) көлемінде тұтынушылар мен өндірушілердің міндеттері мен құқықтарын регламенттейтін заңдар мен нормативтік актілерді;

2. стандартизацияның мемлекеттік жүйесін;

3. өлшеуіш техника мен стандарттарды сақтауды қадағалайтын мемлекеттік жүйесі;

4. өнім сапасы бойынша кәсіпорынның мемлекетке статистикалық есеп беруі;

5. өнім сапасын басқарудың заттық (фирмаішілік) жүйесі.

Қазақстан Республикасында өнім сапасын басқаруды құқықтық қамтамасыз ету қазіргі уақытта құрылу процесінде және ол өткізілетін тауарлардың сапасының мәселелері жөнінде нарықтың шарттарында өнімді өндірушілер мен тұтынушылардың арасындағы ең жақсы өзара қарым қатынасты орнату үшін құрылған.

Бақылау сұрақтары:

1. Өнімнің бәсекелестігі: түсінігі, көтеру қажеттілігі және нысандары.
2. Ғылыми-техникалық прогрестің стратегиясы және оның өнімнің бәсекелестігіне әсері.
3. Ғылыми-техникалық потенциал: түсінігі, құрамындағы элементтері. Ғылыми-техникалық потенциалдың көрсеткіштері және оның тиімділігінің экономикалық бағасы.
4. Өнімнің бәсекелестігін өсірудегі баға ролі және өнім, жұмыс, қызмет көрсетудегі баға түрлері.
5. Өнімнің сапасы және оның көрсеткіштері
6. Өнімнің сапасын басқару

Тест тапсырмалары

1 Кәсіпорын дегеніміз

- a. бірнеше қатысушы мүлкімен жауап беруі
- b. өндіргіш күштер
- c. ұйымның негізгі буыны
- d. белгілі бір өнім өндіретін немесе халыққа қызмет көрсететін заңды тұлға
- e. акционерлердің жиналыс өткізуі

2 Мемлекет пен кәсіпорынның ұдайы өндіріс процесінде мақсатты бағыт беру әдісі

- a. ұлттық модель
- b. макроэкономикалық саясат
- c. нарықты реттеу тәсілі

- d. тұрақтандыру
- e. база саясаты

3 Кәсіпкер дегеніміз

- a. коммерциялық тәуекелшілдік пен жауапкершілік
- b. өндіріс факторларын комбинациялау
- c. ұйымдастырушы заңды тұлға
- d. жеке инициативалы тұлға
- e. иелігінде қажетті құралдары бар пайдалы жұмыстарды ұйымдастырушы адам;

4 Іскерлігі, коммерциялық тәуекелшілдік пен жауапкершілік, жаңашылдық белгісімен сипатталады

- a. кәсіпкерлік
- b. мұғалім
- c. студент
- d. менеджер
- e. маркетинг

5 Шағын кәсіпорын

- a. рухани моральдық нормалар
- b. меншіктің әр түрлі негізінде халық шаруашылық салаларында құрылады және шаруашылық қызметінің барлық түрін жүзеге асырады;
- c. діни көзқарастар
- d. байланыс және инфрақұрылым
- e. шикізат базалары

6 Экономикалық өсу

- a. кәсіпкерлерді қорғау заңы
- b. табыс және қорлар деңгейі
- c. сұраныс ерекшеліктері
- d. шикізат базалары

- e. экономиканың бір қалыпты алға қозғалысын және оның әлеуметтік- экономикалық прогресі;

7 Бәсеке

- a. ұйымық-құқықтық түрі
- b. кәсіпкердің жеке ынталылығын іске асыру шегін анықтаушы экономикалық аспап;
- c. пайда көзінің жеткіліксіздігі
- d. өндірісті ұйымдастыру
- e. функционалдық сипат

8 Акционерлік қоғам

- a. жұмыспен қамту
- b. тауар сату
- c. рұқсат ету жолымен құрылған заңды құқығы және өзіндік жарғысы бар акционер;
- d. енбекақы қоры
- e. нарыққа қызмет ұсыну

9 ЖШС

- a. адамдардың іскерлігі
- b. муниципалды меншік
- c. қоғамдық құрылымдар
- d. алдын ала белгіленген пайшылар үлестерінің негізінде бірлестік
- e. капитал көлемі

10 Аралас серіктестік


- a. бір немес бірнеше қатынастар несие берушілер алдына мүліктерімен жауап беруі;
- b. нотариус
- c. жарғылық қор
- d. акционерлер саны
- e. ұсыныс факторлары

Тақырып 13. Кәсіпорын қаржысы

1. Өнеркәсіп қаржысы түсінігі және міндеттері.
2. Кәсіпорындағы қаржы қатынастары көрінісінің нысандары.
3. Кәсіпорынның қаржы қызметінің негізгі принциптері мен ұйымдастыру бағдарламалары.
4. Қаржы механизмі: құрылымдық элементтер, тетіктер, құқықтық, нормативтік және ақпараттық қамтамасыз ету.
5. Кәсіпорын қаржылық ресурстары. Қаржылық жоспарлау. Несие, оларды берудегі негізгі принциптер.

Қаржылық нәтиже - ұлттық табыс немесе түрлі шаруашылық операциялардан келген зиян түріндегі шаруашылық қызметтің соңғы қорытындысы.

Қаржылық нәтижелердің қалыптасуы төмендегі сызба нұсқада келтірілген:




Қаржылық нәтижелердің қалыптасуы

Өнім өткізудің қаржылық нәтижесі өнім (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін пайда түрінде анықталады.

Басқа да өткізулердің қаржылық нәтижесі - негізгі құралдарды, бейматериалдық активтерді, материалдарды және т.б. өткізуден болады.

Өткізілуден тыс операциялардың қаржылық нәтижесі, осы операциялар бойынша шығындар сомасына азайған өткізілуден тыс операциялардан түсетін кіріс түрінде болады.

3-сызбанұсқада өткізілуден тыс операциялардан түсетін кіріс құрамы келтірілген.



Өткізілуден тыс шығындардан келетін шығындар мен зияндарға келесі жаратулар жатады:

- табиғат апаттарынан болатын орны толтырылмайтын шығындар;
- консервіленген өндірістік қуаттылықтар мен объектілерді

ұстау үшін шығындар;

- төленген айыппұлдар, өсімпұлдар;
- есептік кезеңінде ашылған өткен жылдардың операциялары

бойынша шығындар;

- соттық шығындар;
- жағымсыз курстық айырмашылықтар, т.б.;

Салық салынатын пайда келесі есеп айырысумен анықталады:

- тауар, жұмыс, қызметтерді жүзеге асырудан түсетін түсім, (қосымша құн салығы, акциздер және т.б. міндетті төлемдер алып тасталынғанда);

- тауар, өнім, қызметтерді жүзеге жүзеге асырудың өзіндік құны - коммерциялық шығындар;

- басқару шығындары + алуға бағытталған пайыздар;

- төленетін пайыздар + басқа ұйымдарға қатысудан түсетін табыстар + басқа да операциялық табыстар;

- басқа да операциялық табыстар + басқа да өткізілуден тыс табыстар;

- басқа да өткізілуден тыс шығындар + төтенше табыстар;

- төтенше шығыстар.

Табысқа салық төлейтіндер болып дербес заңды тұлғалар, сондай-ақ, жеке баланс пен есептік шоттары бар олардың филиалдары мен басқа бірыңғай бөлімшелер саналады. Табысқа салықты кәсіпорындар мен ұйымдар, соның ішінде бюджеттік мекемелер, сондай-ақ, еліміздің территориясында кәсіпкерлік ісін жүзеге асырған шетелдік ұйымдар да төлеулері керек.

Кәсіпорынның таза пайдасы, яғни оның қарамағында қалған пайда ұлттық немесе баланссыз пайда арасындағы түрлілік, пайда салық сомасы, ренталық төлемдер және т.б. жолдармен анықталады. Таза пайда өндірістік дамуға,

жұмысшыларды материалдық қамтамасыз етуге, резервтік қорды қалыптастыруға, экономикалық санкцияларды да төлеуге, қайырымдылық және басқа мақсаттарға бағытталады.

Кәсіпорынның ісіне тәуелді пайда өсімінің маңызды факторлары болып өндірілетін өнім көлемінің келісім шарттарына сәйкес өсімі, оның өзіндік құнының төмендеуі, сапасының жоғарылауы, ассортиментінің жақсаруы, негізгі капиталды пайдалану тиімділігінің жоғарлауы, еңбек өнімділігінің өсуі табылады.

Кәсіпорын ісіне тәуелсіз факторларға мемлекеттік салықтық, құрылымдық, инвестициялық және бағалық саясаттың өзгерісі, табиғи, географиялық және басқа шарттардың ықпалы жатады.

Ұлттық пайда құрылымында алдыңғы орынға тауар, өнім, (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін пайдаға ие. Пайданың салыстырмалы аз мөлшерін басқа да өткізулерден - негізгі қорлар мен басқа мүліктерден түсетін пайда, сондай-ақ, өткізілуден тыс кірістер мен шығыстар құрайды. Соңғы аталғандардың рөлі кәсіпкерлік істің даму жағдайында жоғарылайды.

Ұйым ісін құрылтайшылар, акционерлер, әкімшілік көмегімен активтендіру үшін, кәсіпорынның әрбір пайдасына талдау жүргізу қажет. Ұйым ісінің қаржылық нәтижелерінің талдауы төмендегілерді кірістіреді:

- ағымдағы талдау кезеңінің (көлденең талдау) әрбір көрсеткішінің өзгерісін зерттеу;

- сәйкес көрсеткіштер мен олардың өзгерістері (тік талдау) құрылымын зерттеу;

- есептік кезеңдер қатарларының (трендтік талдау) көрсеткіштерінің өзгеріс динамикасын талдау;

- пайдаға факторлардың әсер етуін (факторлық талдау) зерттеу.

Талдау барысында келесі көрсеткіштер есептеледі:

1. Абсолюттік талдау:

$$ДП = П1 - П0,$$

мұндағы П0 — базистік кезеңнің пайдасы;

П1 — есептік кезеңнің пайдасы;

ДП — пайданың өзгеруі.

2. Өсу темпі:

$$\frac{П_i}{П_0} \times 100$$

3. Әр көрсеткіш дәрежесінің өткізуден түсетін түсімге % түрінде

$$\frac{П_i}{B} \times 100$$

Мұндағы В — өткізуден түсетін түсім

Көрсеткіштер базистік және есептік кезеңде есептеледі.

4. Құрылымның өзгеруі

$$DU = УП1 - УП0,$$

Мұндағы УП1 - есептік кезеңнің дәрежесі;

УП0 - базистік кезеңнің дәрежесі;

5. Факторлық талдау жүргізіледі.

Есептік кезеңнің пайдасының сомасына оны анықтайтын көрсеткіштер факторлардың барлығы әсер етеді:

$$П^0 = B - C - KP - UP + \text{пол} \% \text{ уыл} + DpD + PrD - PrP - DBn - BnP + YD - YP = \sum_{i=1}^n X_i$$

Бұл аддитивті түрдің факторлы моделі.

Өнім өткізуден түсетін пайдаға факторлы түрде әсер ету есебінің тәсілдемесі келесі қадамдарды қамтиды:

1. «Өткізуден түсетін түсім» факторлардың әсер ету есебі.

Факторлық талдауды жүргізген кезде міндетті түрде инфляцияның әсерін ескеру керек.

Базистік кезеңге карағандағы есптік кезеңдегі өнімге деген баға орташа шамамен К %- ке өзгерді деп ұйғарайық.

$$\text{Онда баға индексі } J_y = \frac{100+K}{100},$$

Сондықтан есептік кезеңде өткізуден түсетін түсім салыстырмалы бағаларда мынаған тең болады:

$$B = \frac{B_1}{J_y}$$

мұндағы В1 — салыстырмалы бағалардағы өткізуден түсетін түсім;

В1 — есептік кезеңдегі өнім өткізуден түсетін түсім;

J_y — баға индексі

Өткізуден түсетін түсімді (баға өзгеруінің әсер етуін санамағанда) өзгерте отырып, өткізуден келетін пайда сомасына әсер етуін келесі түрде есептеуге болады:

$$\Delta П^{p(e)} = \frac{[(B_1 - B_0) - DB_y] \times R^{po}}{100}$$

мұндағы $\Delta П^{p(e)}$ - «Түсім» факторларының әсер етуімен өткізуден түсетін түсімнің өзгеруі

В1 және В0 баға — өзгеруімен сәйкес анықталған есептік және базистік кезеңдегі өткізуден түсетін түсім

R^{po} — базистік кезеңдегі сатылымның рентабельділігі

2. «Баға» факторының әсер ету есебі

Өткізуден келетін пайда сомасының өзгеруіне баға өзгерісі әсерінің дәрежесі анықтау үшін келесі есепті шығару қажет:

$$\Delta П^{p(u)} = \frac{\left(B_1 - \frac{B_1}{J_y} \right) \times R^{po}}{100}$$

3.«Өткізудің өз құны» факторлардың әсер ету есебі келесі түрде жүзеге асады

$$\Delta\Pi^{p(c)} = \frac{B_1(YU_1 - UC_0)}{100}$$

мұндағы UC_1 және UC_0 - есептік және базистік кезеңдегі өзіндік құнның сәйкес деңгейлері.

4. Одан әрі пайда өзгеруіне коммерциялық және басқарушылық шығынның, сонымен қатар өткізуден тыс, арнайы кірістер мен шығыстардың әсер етуін қарастырамыз.

Барлық көрсеткіштерді пайдаға қатысты тура және кері әсер ету факторларына бөлу керек. Көрсеткіш - «Тура әсердің» факторы қандай көлемде көбейсе (азайса), пайда да ондай көлемге көбейеді (азаяды). «Кері әсердің» факторлары (шығындар) пайда сомасына керісінше әсер етеді.

Осылайша, өткізуден түсетін пайдаға және сәйкесінше есептік кезеңдегі пайдаға ықпал ететін факторларының әсерін жинақтап қорытуға болады (кесте-1):

№	Көрсеткіштер — факторлар	Пайда сомасына әсер ету сипаты
1	Тауар, өнім, жұмыс, қызмет өткізуден түсетін түсім	тура әсер
2	Өткізілген өнімге бағалардың өзгеруі	тура әсер
3	Тауар, өнім, жұмыс, қызмет өткізудің өзіндік құны	кері әсер
4	Коммерциялық шығындар	кері әсер
5	Басқарушы шығындар	кері әсер
6	Алуға кеткен пайыздар	тура әсер
7	Төлеуге кеткен шығындар	кері әсер
8	Басқа ұйымдарға қатысудан түсетін кірістер	тура әсер
9	Басқа да операциялық кірістер	тура әсер

10	Басқа да операциялық шығыстар	кері әсер
11	Басқа да өткізуден тыс кірістер	тура әсер
12	Басқа да өткізуден тыс шығыстар	кері әсер
13	Төтенше кірістер	тура әсер
14	Төтенше шығыстар	кері әсер
Есептік жылдың пайдасына әсер ету		Стр. 1 + 2 - 3 - 4 - 5 + 6 - 7 + 8 + 9 - 10 + 11 - 2 + 13 - 14

Пайданың анықтаушы ролі оны дұрыс есептеуді талап етеді. Кәсіпорынның табысты қаржылық-шаруашылық ісі көп жағдайда жоспарлы пайда қаншалықты дәлелді анықталғанына тәуелді болады. Жоспарлы пайданың есебі экономикалық негізді болу керек, бұл инвестор мен инновацияның қаржыландырылуын, және құралдардың өсімін, ұйымдардың тиімді жүйелерін қалыптастыру мен еңбекті ынталандырады, бюджетке салықтың өз уақтысында төленуін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, кәсіпорында пайданы жоспарлау кәсіпкерлер үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл ұлттық экономика үшін де өте маңызды.

Нарықтық экономика кезеңінде кәсіпорындар біраз мәселелерді шешу қажет. Соның бірі ішкі және сыртқы нарықта білікті серіктестерді таңдау, өйткені болашақтағы тиімді байланыс соған тәуелі. Серіктестердің қаржылық жағдайының тұрақтылығы туралы негізгі ақпаратты бухгалтерлік есептен алуға болады. Жылдық бухгалтерлік есептің ресми формалары келесілер: бухгалтерлік баланс, қаржылық нәтиже туралы есеп, капитал қозғалысының есебі, ақша қозғалысының есебі, бухгалтерлік балансқа тіркелген қосымшалар.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын критерийлердің бірі, ол төлемқабілеттілігін бағалау болып

табылады, ол кәсіпорынның сыртқы міндеттемелері бойынша есептесу қабілеттілігін білдіреді. Кәсіпорын төлемқабілетті деп аталады, егер де оның айналымдағы активтерінің сомасы оның сыртқы қарызынан жоғары немесе тең болған жағдайда. Төлемқабілеттіліктің динамикасы барлық айналым қорлары мен қысқамерзімді міндеттемелерінің айырмасы ретінде қарастырылады.

Кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша төлем қабілеттілігін өтімділік деп атайды. Тәжірибеде өтімділіктің келесі көрсеткіштері қолданылады. Олар:

1) ағымдағы өтімділік коэффициенті келесі формуламен анықталады:

K_0 = айналымдағы активтер қорытындысы / айналымдағы қасқа мерзімді пассивтер қорытындысы - (болашақтағы табыс + тұтыну қоры + болашақтағы шығындар мен төлемдер резерві).

Бұл коэффициент 2-ден төмен болмауы қажетті.

2) Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру коэффициенті:

$$K_{кк} = (K_t + 6/T(K_c - K_6))/2$$

Мұндағы K_t – төлем қабілеттілік коэффициенті;

K_c - талдаудың соңғы уақытындағы ағымдық өтімділік коэффициенті;

K_6 - талдаудың бастапқы уақытындағы ағымдық өтімділік коэффициенті;

T - талдау уақытындағы айлар саны.

2 - ағымдық өтімділік коэффициентінің нормативті шамасы;

6 - төлем қабілеттілік қалпына келтірілуі қажет уақыт.

Егер де қалпына келтіру коэффициенті 1-ден жоғары болса, онда кәсіпорын 6 айда төлем қабілетті болады, ал 1-ден

төмен болса, онда кәсіпорын қалпына жақын арада төлем қабілеттілігін келтіре алмайды.

3) Жедел өтімділік коэффициенті:

$K_{жө}$ = ақша құралдары + бағалы қағаздар + дебиторлық қарыз / қысқамерзімді міндеттемелер.

4) Абсолютті өтімділік коэффициенті:

$K_{аө}$ = ақша қаражаттары + тез өтімді бағалы қағаздар / қысқамерзімді қарыздар;

Қысқы мерзімді қарыздар = қысқа мерзімді пассивтер қорытындысы – болашақтағы кезеңдегі табыстар-тұтыну қоры - болашақтағы шығындар мен төлемдер резерві.

Бұл коэффициент үшін қалыпты шама 0,2 болып табылады.

Кәсіпорынның қызметінің қаржысы екі көзден алынады, ол біріншісі өз қаражаттары және екіншісі қарызға алынған қаражаттар. Осы қаржылық көздерді анықтау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

1. тәуелсіздік коэффициенті: K_t = Өз қаражаттары / баланс валютасы; Бұл коэффициент инвесторлар үшін де несие берушілер үшін де қолданылады, себебі ол кәсіпорынның өз меншігіндегі заттар мен құндылықтардың жалпы құнын анықтайды. Егер де бұл коэффициент 50% дан жоғары немесе тең болса онда несиелік тәуекелділік деңгейі төмен деп есептеледі.

2. қаржылық тұрақтылық коэффициенті: $K_{қт}$ = өз қаражаттары + ұзақмерзімдік қарыздар / баланс валютасы * 100%; Егер де кәсіпорынның ұзақмерзімдік қарыздары болмаса. Онда бұл коэффициент тәуелсіз коэффициентке тең болады.

3. қаржыландыру коэффициенті: $K_қ$ = өз қаржылары / қарыз ақшалар; Бұл коэффициент кәсіпорын қаржыларының

қанша бөлігі өзінікі және қаншасы банктен алынғанын көрсетеді. Егер де бұл коэффициент жоғары болса, онда банк тәуекелділігі төмен болады.

4. Өз қаражаттарымен қамсыздандыру коэффициенті: $K_{\text{өз}} = \frac{\text{капитал және нәтиже бөлімінің қорыт. - айналымнан тыс активтер бөлімінің қорыт. / айналым активтерінің қорыт.}}{\text{Бұл коэффициент бойынша норматив мөлшері } 0,1.}$

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы айналымдағы активтердің қанша мерзімде ақшаға айналуымен тікелей байланысты. Айналымда қаражаттардың қолданылу ұзақтығы ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Сыртқы факторлар: кәсіпорынның қызмет түрі, салалық құрылымы, көлемі болып табылады. Ал ішкі факторлар келесілер: кәсіпорынның баға саясаты, активтер құрылымы, тауарлы материалды запастарға баға беру әдістері т.б.

Айналымдағы активтердің жылдамдығы келесі формуламен анықталады:

$K_{\text{аа}} = \frac{\text{өткізуден түскен табыс}}{\text{активтердің орта шамасы}}$;

Айналым активтерінің айналымдығы келесі формуламен анықталады:

$K_{\text{ааа}} = \frac{\text{өткізуден түскен табыс}}{\text{айналым активтерінің орта шамасы}}$;

Бір айналым ұзақтығы: $T = \frac{K(360 \text{ күн})}{K_{\text{аа}}}$;

Дебиторлық қарыз жағдайын анықтау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

1. дебиторлық қарыз айналымы = $\frac{\text{өткізуден түскен табыс}}{\text{орта дебиторлық қарыз}}$;

2. дебиторлық қарызды өтеу мерзімі = $\frac{K(360 \text{ күн})}{\text{дебиторлық қарыз айналымы}}$;

3. айналым активтеріндегі дебиторлық қарыз үлесі = $\frac{\text{дебиторлық қарыз}}{\text{айналым активтері}} * 100\%$;

4. күмәнді қарыздар үлесі = $\frac{\text{күмәнді қарыздар}}{\text{дебиторлық қарыз}} / 100\%$.

Бақылау сұрақтары:

1. Өнеркәсіп қаржысы түсінігі және міндеттері.
2. Кәсіпорындағы қаржы қатынастары көрінісінің нысандары. Кәсіпорындағы қаржы қатынастары көрінісінің нысандары.
3. Кәсіпорынның қаржы қызметінің негізгі принциптері мен ұйымдастыру бағдарламалары.
4. Қаржы механизмі: құрылымдық элементтер, тетіктер, құқықтық, нормативтік және ақпараттық қамтамасыз ету.
5. Кәсіпорын қаржылық ресурстары. Қаржылық жоспарлау. Несие, оларды берудегі негізгі принциптер.

Тест тапсырмалары

1 Кәсіпкерлік меншік түрі бойынша

- a. жеке, мемлекеттік
- b. минералды
- c. табиғи
- d. ресурстық
- e. кіріс, шығыс

2 Кәсіпкерлік формасына қарай

- a. бухгалтерлік
- b. құрал-жабдық
- c. жарнама, ақпарат
- d. байланыс, шикізаттық
- e. ұжымды-құқықтық, ұжымдық-экономикалық

3 Экономикалық еркіндік

- a. кәсіпкердің тұрмыс-жағдайы
- b. кәсіпкерге нарыққа кіруге, ресурстарды тең пайдалануға мүмкіндік береді;
- c. делдал болуы
- d. индустриялды даму

е. жұмыс күшіне әсер ету

4 Кәсіпкерлік қабілеттілік

- a. еңбек етуі
- b. екінші ақиқат
- c. адамдардың ерекше талантылығы
- d. шығын
- e. жауапкершілік

5 «еңбек» ұғымына түсінік

- a. талант
- b. ақыл-ой
- c. тәуекел
- d. адамдардың өндіру және қызмет көрсетудегі күш ақыл-ой қабілеттілігі
- e. ұмтылу

6 Әр түрлі деңгейдегі бюджетке, бюджеттен тыс қорларға төленетін міндетті жарналар

- a. еңбекақы
- b. акциз
- c. салық
- d. салым
- e. инвестиция

7 Мемлекеттің мақсаты

- a. бәсекені қорғау
- b. нарықты басу
- c. нарықты шектеу
- d. бәсекені жою
- e. нарыққа үстемдік ету

8 Қайтарылмайтын қарыздар қалай аталады

- a. несие

- b. грант
- c. қаржы
- d. материал
- e. инвестиция

9 Кәсіпорында дамытуда басшылыққа алынатын ең негізгі жоспар

- a. Тактикалық жоспар
- b. мемлекеттік жоспар
- c. Стратегиялық жоспар
- d. Қысқа мерзімді жоспар
- e. аралас жоспар

10 Жекешелендіруге жатпайтын объектілер

- a. ғимараттар
- b. кітапханалар
- c. банк мекемелері
- d. жер қойнауы
- e. қонақүйлер

Тақырып 14. Пайда және өндіріс рентабельділігі

1. Өндіріс тиімділігінің мәні мен көрсеткіштер жүйесі.
2. Өндірістің абсолюттік және салыстырмалы тиімділігі.
3. Салыстыру базасын таңдау. Салыстырылған нұсқалардың дербес жағдайлары.
4. Күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін анықтаудағы уақыт факторын есептеу әдістері

Нарықтық қатынастарға өту кезеңінде елде елеулі өзгерістер болды. Осы деңгейде тұтынушыларға қажет өнім өндірілді, қызмет көрсетілді. Нарықтық экономика кәсіпорынның яғни өндірістің тиімділігін барынша арттырушы және ойдағы еңбек өнімділігін ынталандырушы құрал ретінде танылды және дағдыдағыдай кәсіпорынның экономикалық тиімділігін, оның негізгі факторларын, сондай-ақ өндіріс процесін жоғарлататын бағыттарды анықтау негізгі кадамдардың бірі болып табылады.

Кәсіпорынның яғни өнеркәсіп саласындағы экономикалық тиімділікті анықтау үшін олардың көрсеткіштерін қалыптастыру маңызды. Өнеркәсіпте экономикалық тиімділік ретінде еңбек өнімділігі танылады. Еңбек өнімділігін төмендегі формула бойынша көрсетуге болады.

$\Theta_{\text{қоғ}} = \text{ҰТ} / \text{Ж}$ саны

мұндағы:

$\Theta_{\text{қоғ}}$ - қоғамдық еңбек өнімділігі;

ҰТ - ұлттық табыс;

Ж саны - орташа жұмысшылар саны;

Ұлттық табыс материалдық өндіріс саласында қайта құрылған құнды белгілейді. Басқа сөзбен айтсақ, ол шикізат өндірісі, отын, энергия және т.б. өндірістік қорлар процесі есебінен қалған яғни жалпы қоғамдық өндірістің бір бөлігі болып табылады. Ұлттық табыс барлық материалдық өндіріс саласындағы таза өнім сапасы ретінде есептеледі. Өз

кезегінде жеке салалардың таза өнімі жалпы өнім мен өндірістік материалдық шығындардың айырмасына тең болады.

Материалдық өндірістің кейбір саласында өнімділік жалпы өнім бойынша анықталады. Қоғамдық еңбек өнімділігінің өсу темптерін салыстыруда көрсеткіштердің сәйкестігін салыстыру қажет. Бұл жағдайда ұлттық табысты сәйкесінше бағада есептеу қажет. Қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділік көрсеткіштеріне төмендегілер жатады. Қоғамдық еңбек өнімділігінің деңгейі қоғамның өндіріс сатыларында жұмсалатын еңбектің экономикалық тиімділіктерінің негізгі критеріі болып саналады.

Еңбек сыйымдылығы - бұл еңбек өнімділігі көрсеткішіне қарама - қарсы өлшем болып табылады. Оны төмендегі формула бойынша есептейді.

$$t = T / Q$$

мұндағы:

T-материалдық өндіріс саласында жұмсалған еңбек саны;

Q- өндірілген жалпы өнім көлемі;

яғни өнімнің еңбек сыйымдылығы материалдық өндіріс саласында жұмсалған еңбек санының жалпы өндірілген өнім көлеміне қатынасымен анықталады. Материалдық сыйымдылық шикізат, материал, отын, энергия және т.б. еңбек шығындарының жалпы қоғамдық өнімге қатынасымен анықталады. Ол төмендегі формула бойынша есептеледі:

M

$$m = \frac{M}{Q};$$

Q

мұндағы; m- өнімнің материалдық сыйымдылық деңгейі;

M-материалдық шығындардың жалпы саны;

Q-өндірілген өнімнің жалпы көлемі;

Өнімнің материалдық сыйымдылығының төмендеуі елдің халықшаруашылығы үшін тиімді болып келеді.

Тек өнеркәсіп саласында ғана өндірістің материалдық

сыйымдылығының 1% төмендеуі салдарынан 1,58 млн үнемделді. Бұл жағдайда, табиғи ресурстардың шектеулі екенін ескеру қажет. Өнімнің қор сыйымдылығы капитал сыйымдылығы көрсеткіштері өзара бір-біріне үйлесімді. Капитал сыйымдылығы көрсеткіші капитал салым өлшемінің шығарылатын өнім көлемінің өсуіне қатынасымен анықталады.

$$K = \frac{K}{Q}$$

мұндағы:

K-өнімнің капитал сыйымдылығы;

K-капитал салымының жалпы көлемі;

Q-шығарылатын өнім көлемінің өсуі;

Капитал сыйымдылығын өндірілген ұлттық табыс өсуіне бөлу арқылы есептеуге болады. Өндірістің қор сыйымдылығы шаруашылығындағы орташа негізгі өндірістік қорлар құнының өндірілген өнім көлеміне қатынасы арқылы анықталады.

$$f = \frac{F}{Q}$$

мұндағы:

f-өнімнің қор сыйымдылығы;

F-халық шаруашылығының орташа негізгі өндірістік қорлар қорының орташа құны;

Q-өндірілген өнімнің жалпы көлемі;

Қор сыйымдылығы сондай-ақ капитал сыйымдылығын есептегендей, өндірілген өнімді ұлттық табысқа бөлу арқылы анықтауға болады.

Халық шаруашылығында оның жеке салаларында көбіне өнеркәсіпте қор қайтарымдылығы қор сыйымдылығына қарама-қарсы көрсеткіштер ретінде пайдалынылады. Қор

қайтарымдылығы - негізгі өндірістік қорлар құнының бір теңгесіне қанша өнімнің көлеміне келетінін көрсетеді.

$$\Phi = Q/\Phi$$

мұндағы:

Q-өндірістік өнім көлемі;

Φ-негізгі өндірістік қордың жылдық орташа құны;

Ал, қор сыйымдылығы қор қайтарымдылығына керісінше мөлшер. Ол шығарылған өнімнің бір теңгесіне сәйкес келетін қорлардың құнын сипаттайды:

$$\Phi \cdot \frac{1}{Q} = \frac{1}{\Phi}$$

Қандай да болмасын кәсіпорында еңбекті дұрыс ұйымдастыру үшін, әрбір жұмысқа қанша еңбек саны кететінін немесе әрбір жұмысшының еңбек өлшемін яғни еңбек нормасын белгілеп алу қажет. Еңбек өнімділігін анықтауда еңбек ресурстарының саны кәсіпорын тиімділігіне үлкен әсер тигізеді. Еңбек ресурстарын талдау барысында қорлардың қозғалысы, олардың айналысы, ағымдылығы, миграция себептері, т.б. сұрақтары зерттеледі.

Бұның алдыңғы бөлімде қарастырған көрсеткіштердің қолдануы шектеулі. Олар өндірістің экономикалық тиімділігін толық және жан-жақты көрсетпейді. Тек белгілі бір ресурстарын пайдалануды сипаттайды. Жалпы шығындарын толық көрсету үшін құндық және заттық көрсеткіштерді жан-жақты қарастыру қажет. Бұл мақсатта шығындардың жалпы және салыстырмалы тиімділігі қызмет етеді. Жоспарлау мен жобалауда жалпы экономикалық тиімділіктің капитал салымының қатынасы арқылы, ал салыстырмалы тиімділігі әртүрлі ағымдық шығындардың әртүрлі варианттары бойынша салынған капиталдарға қатынасы арқылы анықталады. Бұл жағдайда жалпы және салыстырмалы экономикалық тиімділігі шығындарды пайдалану бойынша есептеледі.

Халық шаруашылығындағы бүтіндей шығындардың жалпы экономикалық тиімділігі сәйкесінше бағада өндірілген ұлттық табыс өсуінің капитал салымына қатынасы арқылы анықталады. Шаруашылық немесе техникалық шешімдер варианттарын таңдауға кәсіпорынды және оның сапалы экономикалық тиімділігімен есептеледі.

Абсолютті тиімділік – шығындарды атқару арқылы пайда болған әсердің жалпы көлемін көрсетеді және оны инвестициялардың әрбәр объектілері бойынша есептеуге болады.

Салыстырмалы тиімділік – белгілі бір өндірістік және шаруашылық есептерді шешуде, екі немесе бірнеше шешім варианттарының ішінен біреуін таңдап алуда есептеледі. Ол бір варианттың басқа вариантпен салыстырғандағы экономикалық қолайлылығын көрсетеді.

Өндірістің тиімділігін арттырудың негізгі факторлары болып ғылыми-техникалық прогресс саналады.

ҒТП-нің негізгі бағыттары:

- жаңа прогрессивті-мембрандық, плазмалық, лазерлік, жоғарғы қысымды технологияларды кеңінен игеру;

- өндірісті автоматтандыру- робот техникасын, роторлық, автоматтандырылған жүйелерді қолдану;

- металл өнімдерінің, пластмассаның, керамиканың және де басқа прогрессивті конструкциялық материалдардың жаңа түрлерін шығарып қолдану;

Өндірістің тиімділігін арттырудың келесі бір факторы - үнемдеу режимі, яғни, материал, шикізат, отын, энергия ресурстарын үнемді қолдану.

Сонымен қатар қалдықсыз технологиялық процесстерді қолдану. Өндірістің тиімділігін арттырудың негізгі факторларына сонымен бірге төмендегі факторлар жатады:

- өндіріс процесінде негізгі қорларды қолдануды жақсарту;

- экономиканың құрылымын дамыту, оңтайлы инвестициялық саясат;

- ұйымдық-экономикалық факторлар;

- басқару;

- өндірістік-әлеуметтік инфрақұрылымды әрі қарай дамыту;

- өнімнің сапасын арттыру;

Бақылау сұрақтары:

1. Өндіріс тиімділігінің мәні мен көрсеткіштер жүйесі.
2. Өндірістің абсолюттік және салыстырмалы тиімділігі.
3. Салыстыру базасын таңдау. Салыстырылған нұсқалардың дербес жағдайлары.
4. Күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін анықтаудағы уақыт факторын есептеу әдістері

Тест тапсырмалары

1 Шикізатты өндеу тұтынуға дайын өнім өндіруге бағытталған іс-қимылдар

- a. өндірістік процесс
- b. негізгі процесс
- c. көмекші процесс
- d. басқару процесі
- e. күрделі процесс

2 Бизнес ағылшыннан аударғанда қай мағынаны білдіреді?

- a. іс
- b. қызмет
- c. коммерция
- d. барлығы дұрыс
- e. барлық жауап дұрыс емес

3 Ішкі пайдаланушыға, банктерге жергілікті әкімшілікке, бизнес-серіктеске (сатып алушылар, несие берушілер), акционерлерге, инвесторларға арналған бизнес-жоспарлар.

- a. соңғы тұтынушы бойынша
- b. жасау мақсаттары бойынша
- c. рәсімдеу бойынша
- d. көлемі бойынша
- e. пайдаланатын әдістемелер бойынша

4 Сыртқы қаржыландыруды алу; даму стратегиясын құру; компания іс-қызметін жоспарлау үшін арналған бизнес-жоспарлар.

- a. жасау мақсаты бойынша
- b. пайдаланатын әдістемелер бойынша
- c. көлемі бойынша
- d. жоспарлау көкжиектері бойынша
- e. қаржылық моделдеу бағдарламаларын пайдалану бойынша

5 Қосымшасы бар және қосымшасыз бизнес-жоспарлар қандай бизнес-жоспар түрі

- a. рәсімдеу бойынша
- b. көлемі бойынша
- c. жоспарлау объектісі бойынша
- d. пайдаланатын әдістемелер бойынша
- e. соңғы тұтынушылар бойынша

6 Қысқартылған және жайылыңқы бизнес-жоспарлар қандай бизнес-жоспар түрі

- a. көлемі бойынша
- b. қаржылық бойынша
- c. жасау мақсаты бойынша
- d. жоспарлау көкжиектері бойынша
- e. жоспарлау объектісі бойынша

7 Project Expert; АльтИнвест; Excel негізінде жасалған есептеулер; funmodel.ru сайтының бағдарламасын пайдалану арқылы жасалған бизнес-жоспарлар

- a. қаржылық моделдеу бойынша
- b. соңғы тұтынушылар бойынша
- c. жасау мақсаты бойынша
- d. көлемі бойынша
- e. рәсімдеу бойынша

8 Бизнес-жоспарда келесі субъектілердің қызметі жоспарлану мүмкін;

компаниялар; компания тобы; шағын кәсіпорын; жоба; бизнес-бірлік (бизнестің бағыты).

- a. жоспарлау объектісі бойынша
- b. жоспарлау көкжиектері бойынша
- c. пайдаланатын әдістемелер бойынша
- d. рәсімдеу бойынша
- e. жасау мақсаты бойынша

9 Кәсіпорындағы бизнесті ұйымдастыру, бұл-

a. Кәсіпорын құрылымын қалыптастыру, қалыпты жұмыс істеу үшін оны барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету

b. Шағын кәсіпорын жұмыстарының нәтижелерін сандық және сапалық бақылау мен есептеу функциясы

c. Қалыптасуы мен дамуы барысында бірыңғай тұтастықты қамтамасыз ететін өзара тұрақты қарым-қатынастарда болатын өзара байланысты элементтердің тәртіпке келтірілген жиынтығы

d. Сыртқы рынокта өткізу үшін тауарларды, технологияларды және қызметтерді шетелге сату және шығару

e. Жаңалық немесе идея экономикалық мазмұнға ие болатын процесс

- 10 Кәсіпорындағы бизнесті бақылау, бұл –
- а. кәсіпорын жұмыстарының нәтижелерін сандық және сапалық бақылау мен есептеу функциясы
 - б. қалыптасуы мен дамуы барысында бірыңғай тұтастықты қамтамасыз ететін өзара тұрақты қарым-қатынастарда болатын өзара байланысты элементтердің тәртіпке келтірілген жиынтығы
 - с. кәсіпорын құрылымын қалыптастыру, қалыпты жұмыс істеу үшін оны барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету
 - д. жаңалық немесе идея экономикалық мазмұнға ие болатын процесс
 - е. белгілі бір кезеңдегі экономиканың ағымдағы жағдайын сипаттайтын белгілер жиынтығы

Тақырып 15. Шаруашылық қызметін бағалау көрсеткіштері және оларды талдау

1. Кәсіпорын қызметінің негізгі көрсеткіштері
2. Кәсіпорынның қаржы жағдайын талдау

Кәсіпорын қызметін анықтайтын көрсеткіштер мына төмендегі талдау мақсаттарына байланысты болады:

- Стратегиялық мақсат. Осы кәсіпорын қызметі нәтижелігінің өзімен бәсекелестік басқа кәсіпорынның қызметімен салыстыру қажет. Осыған орай, қорытындылау көрсеткіштерін және қызметінің қандай бір элементтерінің көрсеткіштерін таңдаған жөн.

- Тактикалық қажет. Басшылық кәсіпорын қызметін бақылайды. Кейбір бөлімшелердің немесе қандай бір болмасын өнімнің жұмыс істеу тиімділігінің көрсеткіштері есептелінеді.

- Жоспарлау міндеті. Түрлі ресурстардың немесе осы ресурстардың түрліше ұштастырылуының пайдалылығын салыстыру қажет.

- Басшылықтың басқадай мақсаттары. Кәсіподақ пен ұжымдық шарт жасасу жөнінде келіссөздер жүргізу.

Кәсіпорынның өндірістік – шаруашылық және коммерциялық қызметі қасиетінің әр түрлілігі және түрлі белгідегі көрсеткіштердің көптеген түрлеріне ықпал етеді. Сонымен, оларды пайдалану проблемасы мынадан тұрады: оларды бірде–бір әмбебап көрсеткіштерін орындамайды, бір мағынада, бизнесте қол жеткен табыстар немесе сәтсіздік туралы пікір алысу мүмкіндігі туады.

Кәсіпорынның бірден–бір басты міндеті – оның қаржы жағдайының бағалылығы болып табылады және ол көрсеткіш жүйелерін немесе қаржы коэффициентін анықтайды.

Негізгі қаржылық коэффициенттерді төмендегі үш санатқа топтастыруға болады:

- өтімділік (төлем қабілеттілігі);
- пайдалылық (табыстылық);
- активтерді басқару тиімділігі.

Қаржы ресурстарының құралуы түрлі көздері бойынша жүзеге асырылады. Олар ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі көздер меншікті және оларға теңестірілген қаржылар есебінен құрылады және шаруашлықты жүргізудегі нәтижелілігімен байланысты, ал сыртқы – кәсіпорынға сырттан түсетін ресурстар.

Кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемесін төлеуге қабілеттілігін өтімділік немесе төлем қабілеттілігі деп атайды. Кәсіпорын өтімділік болып саналады, егер де айналмалы активтерін іске асыра отырып, ол өзінің қысқа мерзімді міндеттемесін орындауға жағдайы болса.

1. Тез өтімділіктің коэффициенті – қысқа мерзімді несиелі қарыздарының ең өтімділік активтердің үлесін көрсетеді. Ол өтімділік активтердің ағымдағы міндеттеменің қатынасын білдіреді.

2. Дебиторлық қарыздардың айналым коэффициенті – егер дебиторлық қарыздарды тауардың кейбір шартты өлшеінің құны деп есептесек, қалай сатылса, бірақ төлемақысы әлі де алынбаған болса, онда дебиторлық қарыздардың айналым коэффициенті бір жылда неше рет бұл тауардың ақылы шартты өлшеміп көрсетеді.

3. Несиелі қарыздарының айналым кезеңі – бұл коэффициент тауарларды сатып алуға және қызмет көрсетуге байланысты жеткізушілерге және несиелі компанияларға қажетті ақы төлеу үшін орта уақытын көрсетеді. Бұл коэффициент ақы төлеу жағдайына жеткізушілердің және несиелігерлердің келісіміне, сол сияқты кәсіпорынның қолда бар босалқы қорларды басқару іскерлігіне байланысты болады.

4. Несиелердің орнын толтыру коэффициенті (несиелі өтеу қабілеті) – ол компанияның қызмет табысының неше рет (дивидендтермен толық есеп ажырасқаннан кейін) проценттік төлемақы сомасының және ұзақ мерзімді қарыздардың төлемақысының негізгі сомасының асқанын көрсетеді.

5. Төлем қабілеттілігінің коэффициенті – ол қарыз капиталының меншіктілікке (жарғылық капитал, пайда және қаржы иелері) ара салмағын бейнелейді.

Бағалау мақсаты - кәсіпорынның нарықтық құнын есеп айырысумен негіздеу.

Кәсіпорындарды бағалау белгілі бір нақты міндеттің орындалуына бағынады. Бағалаушы, жасалып жатқан бағалаудың міндетін білгеннен кейін ғана керекті әдістемені дұрыс таңдай алады.

Кәсіпорынның құнын бағалау көбінесе келесі жағдайлардан туындайды:

1. кәсіпорынды сату,
2. кәсіпорын мүлігінің бөлігін сату (жер телімі, ғимараттар, құрылыстар);
3. ұйымды қайта құру немесе кәсіпорынды тарату (қосылу, бөліну, сіңісу), және кәсіпорынның банкротқа ұшырағандағы төрелік сот және меншік иелерінің шешімі бойынша жүргізіледі;
4. бағалы қағаздар нарықтарында кәсіпорын акцияларын сатып алу және сату (акционерлік меншіктегі кәсіпорындарды немесе оның бөлігін сатып алу);
5. жауапкершілігі шектеулі қоғамда немесе серіктестіктің жарғылық қорының үлесін сатып алу және сату (үлес ақша бірлігімен бағаланады);
6. кәсіпорынды жалға беру. Құнды бағалау жал төлемін белгілеу үшін маңызды;
7. кәсіпорынды жетілдіру мақсатында инвестициялық жобаның орындалуы мен оның негізделуі кезінде кәсіпорын құнын білу қажет;

8. несие алу үшін кәсіпорын мүлігін кепілге беру;

9. кәсіпорын мүлігін сақтандыру;

10. мүлікке салық салу үшін, оның салық базасын анықтау;

11. негізгі қорларды қайта бағалау.

Сонымен, мүліктік кешен құнын бағалану негізділі мен дәлелділігі көбінесе бағалауды қолдану аумағының дұрыс анықталуына тәуелді, яғни сатып алу және сату, несие алу, сақтандыру, салық салу, т.б..

Бағалау қызметі ғылымының негізінде, бағалау бойынша кез келген тапсырманы орындау үрдісін қадағалайтын, бірқатар қағидалары бар.

Кәсіпорынның мүліктік кешен құнын бағалау кезіндегі қажет негізгі экономикалық ортақ қағидаларын қарастырайық.

Олар мыналармен байланысты және 3 топ қағидалар жүйелеріне келтіруге болады:

- Иесінің мүлік туралы көзқарасымен
- Нарықтық ортамен
- Мүлікті эксплуатациялаумен.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорын қызметінің негізгі көрсеткіштері
2. Кәсіпорынның қаржы жағдайын талдау

Тест тапсырмалары:

1 Жоспарда көрінбеген және арнайы қажеттілікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын ақшалай ресурстардың қоры:

- a. қаржы резервтері
- b. қаржы ресурстары
- c. банк қарыздары
- d. алтын қор
- e. валюталық қор

2 Белгілі нәтижеге қол жеткізу үшін объектіге, мақсатты әсер етудің тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы:

- a. Басқару
- b. Бақылау
- c. Сақтандыру
- d. Жоспарлау
- e. Ревизия

3 Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының қалыптасуының негізгі көзі:

- a. Табыс
- b. банк несиелері
- c. бағалы қағаздарды сату
- d. Субвенция
- e. Дотация

4 Бағалы қағаздар қаржы нарығында сипаты бойынша бөлінеді:

- a. қарыздық және үлестік
- b. жай және артықшылығы бар бастапқы
- c. бастапқы және қайталама
- d. облигация, акция сертификаттар
- e. пайызды және пайызсыз

5 Тексеру объектісін қамтуы бойынша аудит бөлінеді

- a. толық және таңдаулы
- b. еркін және міндетті
- c. ішкі және сыртқы
- d. қолмен жүргізілетін және дербес техника қолдану арқылы
- e. ағымды және жоспарлы

6 Төменде аталғандардың қайсысы бағалы ұағазға жатады:

- a. акция, облигация
- b. лицензия, патент

- c. бонус, роялти
- d. барлық жауабы дұрыс
- e. марка, теңге

7 Субъектілердің шаруашылық жүргізу қызметіндегі қаржылар мен соымен байланысты сұрақтарды тексерудегі іс-қимыл мен операциялар жиынтығы бұл:

- a. қаржы бақылауы
- b. қаржы саясаты
- c. қаржы механизмі
- d. қаржы басқару
- e. қаржылық жүйе

8 Уақытша бос ақша қаражаттарының қалыптасуы мен қолданылуымен негізделген экономикалық қатынастар, бұл құндық категориялардың қай түрі:

- a. Несие
- b. Баға
- c. Еңбекақы
- d. Пайда
- e. Қаржы

9 Қаржылармен байланысты істерде материалдық бағалықтар қандай нысанда болады:

- a. Құндық
- b. ақшалай-тауарлы
- c. Қоғамдық
- d. Экономикалық
- e. Саяси

10 ҚР оның Конституциясына сәйкес жалпы қаржыларды басқару жүктеледі:

- a. парламент, өкімет
- b. қаржылық аппарат

- c. қаржы министрлігі
- d. сақтандыру органдары
- e. қаржы құрылымдары

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 2013ж. өзгертулермен және толықтырулармен
2. «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» ҚР Заңы 07.03.2014ж. өзгертулермен және толықтырулармен
3. Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау: Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті. 2007. – 160 б.
4. Шуленбаева Ф.А. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық қызметі: Оқу құралы. Астана, 2006.-130с.
5. Орлова Е.Р. Инвестиции: учеб. пособие / Елена Роальдовна Орлова.- 4-е изд., испр. и доп.- М.: Омега-Л, 2007.- 231
6. Игонина Л.Л. Инвестиции: учеб. пособие. Под ред. д. э. н. проф. В. А. Слепова. – Москва: Экономист, 2005г. – 478 б.
7. Халқымаұлы Х. Инвестициялық прогресс: Қазақстандағы проблемалар, дамыған елдердегі тенденциялар // Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. - 2001. - №2. – Б.107-112.
8. Назарбекова Д.Б., Талдахметов Б.Ш., Иманбердиев С.А. Қазақстан Республикасындағы инвестициялаудың бүгіні мен ертеңі //«Экономика мен саяси бағыттағы трансформациялық процестер – Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастыру негізі» Республикалық ғылыми - практикалық конференция материалдары. – Шымкент, 2002. – Б.57 .
9. Жармахан Г.Ә. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясаты және оның дүниежүзілік нарықтағы бәсекелестік қабілеттілігі//«Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеті: жағдайы, мәселелері және даму артықшылығы». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Астана, 2005. – Б.362.

10. «Стратегия индустриально-инновационного развития Казахстана до 2015 года»
11. Мейірбеков А.К., Әлімбетов К.Ә. «Кәсіпорын экономикасы», Алматы, 2003г.
12. Дүйсенбаев К.Ш. «Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау», Алматы, 2001ж.
13. Мухамедиев Б.М., Дуламбаева Р.Т., Рахматуллаева Д.Ж. Макроэкономика. Оқу құралы – Алматы. Қазақ университеті, 2008ж.
14. Догалов А. Макроэкономика. Учебное пособие. Алматы, 2012г.
15. Зенькова Л.П. Макроэкономика. Учебное пособие. Минск, 2009г.
16. Овчинникова Г.П., Яковлева Е.Б. Макроэкономика. Учебник. М., 2012г.
17. Сухарев О.С., Кожемяко Н.П. Основы микро-и макроэкономики. Учебное пособие для студентов вузов. М., 2012
18. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері: оқу құралы - Алматы: Экономика, 2011
19. Бланшар О. Макроэкономика. Учебник. М., 2010
20. Вечканов Г., Вечканова Г. Макроэкономика: учебник для вузов. СПб., 2012 г.
21. Киселева Е.А. Макроэкономика; курс лекц./ Е.А. Киселева, 2007
22. Сейдахметов А.С. Кәсіпкерлік: оқулық / А. С. Сейдахметов, Қ. С. Елшібекова, А. Қ. Измаханова - Алматы: Экономика баспасы, 2011
23. Предпринимательство: учебник/ Под ред. М.Г.Лапусты - М.: ИНФРА- М – 2011
24. Бусыгин А.В. Предпринимательство. Основной курс: учебник для ВУЗов - М.: ИНФРА-М, 2008
25. Организация предпринимательской деятельности: Учебное пособие / Под ред. А.С. Пелиха. - Ростов н/Д:

26. Бизнес-план. Методические материалы. – 3-е изд., М. Планирование деятельности фирмы: – М.: Финансы и статистика, 2007
27. Сейдахметова А.С., Елшибековой К.Ж. «Предпринимательство». – Алматы: Экономика, 2010
Қосымша әдебиеттер
28. Основы предпринимательства. Учебное пособие / Под ред. С.К. Курманбаева. – Семипалатинск, 2002
29. Лапуста М.Г., Старостин Ю.Л. Малое предпринимательство. Учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2002
30. Ниязбекова Р.Қ., Рахметова Б.А., Байнеева П.Т. Кәсіпорын экономикасы / Оқу құралы – Алматы: Экономика, 2010
31. Аманбаев Ү.А. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / Алматы: «Бастау» баспасы, 2012
32. Дуламбаева Р. Т. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2011
33. Куатова Д.Я. Экономика предприятия. Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2011
34. Чалдаева Л. А. Экономика предприятия: учебник / Л. А. Чалдаева. – Москва: Юрайт, 2011
35. Экономика предприятия (фирмы): учебник по экономическим специальностям / [О. И. Волков и др.]. – Москва: Инфра-М, 2009
36. Экономика предприятий (организаций): учебник / А. И. Нечитайло А.Е.Карлик. – Москва: Проспект: Кнорус, 2010.
37. Грибов В.Д., Грузинов В.П. Экономика предприятия: Учебник и практикум.- М.: Финансы и статистика, 2009
38. Волков О.И. Экономика предприятия. Учебник для вузов – М., 2000
39. Зайцев Н.Л. Экономика промышленного предприятия: Учебник. – 3-е изд., перераб. И доп. – М.: Инфра-М, 2000

40. Экономика предприятия: Учеб./ Под ред. В.М. Семенова. - Спб.: Питер, 2005.
41. Самуэльсон П. Экономика Т.1,2. - М.: НТО «АЛГОН» ВНИИСИД992.
42. Экономика предприятия/под ред. проф. О.И. Волкова и доц. О.В. Девяткина - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Инфра-М, 2006. -928с.
43. Экономика предприятия/ под ред. Беа Ф., Дихтла Э., Швайтцера М. - М.: ИНФРА-М, 2001.- 928с.
44. Экономика предприятия /под ред. Волкова О.И., Девяткина О.В. - М.: ИНФРА-М, 2002. - 600с.
45. Экономика предприятия/под ред. Кантора Е.Л. - СПб.: Питер, 2002. - 352с.
46. Экономика предприятия/под ред. Горфинкеля В.Я., Швандара В.А. - М.:ЮНИТИ, 2001.-719с.
47. Экономика предприятия/под ред. Сафронова Н.А. - М.: Юристь, 2002. - 606с.
48. Паламарчук А.С., Паштова Л.Г. Экономика предприятия. - М.: ИНФРА-М, 2001.-176 с.
49. Мокий М.С., Скамай Л.Г., Трубочкина М.И. Экономика предприятия. - М.: ИНФРА-М, 2002. - 264 с.
50. Скамай Л.Г., Трубочкина М.И. Экономический анализ деятельности фирмы. -М.: ИНФРА-М, 2004
51. Зайцев Н. Л. Экономика промышленного предприятия. Практикум. - М.: ИНФРА-М, 2001. — 190 с.
52. Бухалков М.И. Внутрифирменное планирование. - М.: ИНФРА-М, 2001. -400 с.
53. Царев В.В. Внутрифирменное планирование. - СПб.: Питер, 2002.-496 с.
54. Бердникова Т.Б. Анализ диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: учебное пособие. -М.: ИНФРА-М, 2001.

55. Қалдыбаев О., Темірбаев А. Кәсіпорын экономикасы. – Алматы, 1997.
56. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория: Оқу құралы. – Алматы: «Экономика», 2008.
57. Кошанов А.К. Национальные экономические интересы и отношения собственности. – Алматы, 2009. – 356с.
58. Кайкен Ж.Б., Сұлтанов Ө.С., Қалдыбаев М.М. Кәсіпорын экономикасы: Оқулық. – Семей: ПК «Семей-печать», 2010. – 302б.
59. Камали Қ.М. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік басқару. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2005. – 103 бет.
60. Қуатова Д.Я. Кәсіпорын экономикасы. Практикум. – Алматы: Экономика, 2006. - 106 бет.
61. Жаналинов Б.Н. Инфляция және Қазақстандағы инфляцияға қарсы саясат: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007. – 224 б.
62. Кайкен Ж.Б., Тойкин С.Қ., Қожагельдиев Б.Қ. Әлеуметтік-экономикалық бағдарлау. Оқулық. – Семей: ПК «Семей-печать», 2010. – 120б.
63. Қабылбеков М.Ғ. Тлеубаева М.К. Инновациялық жобаларды іске асыру кезіндегі техникалық-экономикалық есептердің сатылары мен түрлері. Вестник 2007 № 3. 88 бет.
64. Байболова А. ҚР-дағы еңбек нарығының жағдайы және даму болашағы // Экономика және статистика. Вестник. 2005 №2. 109-112 беттер.
65. Қалиасқаров А. Еңбектің экономикалық тиімділігінің мәні және оның көрсеткіштері. ҚАЗҰУ хабаршысы 2006 №2. 90-94 беттері.
66. Коржов А. Стратегические приоритеты инновационного развития Казахстана//Экономист, 2007, №12
67. Омурзаков Т. Особенности национальной инновационной системы Казахстана//Саясат, 2008, №1

68. Зейнолла С.Ж.,Тайжанова Ж. Определение предпосылок развития малого инновационного предпринимательства в Казахстане на основе изучения опыта США// Транзитная экономика, 2007, №2.
69. Төлегенова А.Д. Шағын және орта бизнестің экономикадағы маңыздылығы мен артықшылығы және кемшіліктері. // Саясат-Policy, 2010, №8, Б 72-73.
70. Шеденов Ө.Қ., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Комягин Б.И., Нысанбеков М.Ә. «Жалпы экономикалық теория». Алматы –Ақтөбе, 2002ж. 5-146.
71. Шеденов Ө.Қ., Сағындықова Е.Н., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Комягин Б.И. Жалпы экономикалық теория Ақтөбе, Полиграфия, 2004ж.
72. Жолдасбаев Г.Ө., Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы. Алматы 2002ж.
73. Оқаев Қ.О., Дюнова Е.М. Нарық жағдайындағы өнеркәсіптік кәсіпорын экономикасы. Алматы, 1994ж.
74. Мельников В.Д., Ли В.Д. Қаржылық жалпы курсы: Оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті. 2005ж. 220 бет.

**Еркебалаева В.З.,
Қожабеков Е.А.,
Бакиров Е.А.**

КӘСШОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Оқу құралы

Басуға 28.02.2017 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 13,25 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана. «Әлем» баспасы.
Тапсырыс №2802. Шымкент қаласы, Ғ.Ляев көшесі, №7

+7 702 331 44 37; +7 776 331 44 37;